

# Ерсін МҰСАБЕКОВ



**АК** сөйледім  
иқат алаңында

**Ерсін МҰСАБЕКОВ**

**АҚ СӨЙЛЕДІМ АҚИҚАТ  
АЛАҢЫНДА**

**Публицистік мәқалалар, сұхбаттар, портреттер**

**УДК 070  
ББК 76.01  
М 85**

**Мұсабеков Ерсін**

**М 85 Ақ сейлсдім ақырат алғанында / Ерсін Мұсабеков. - Караганды:  
«TENGRI LTD» 2014. - 258 бет.**

**ISBN 978-601-7449-36-0**

Белгілі журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ерсін Мұсабековтің бұл жинағына сонғы жылдары жазылған және аймақ баспасөзинің айтықты беттеріне айналған публицистикалық ой-толғамлары, сұхбаттары мен портреттері топтастырылып отыр.

Коғамдық мәселені еткір көтеруімен дараланып жүрген автор бұл жинақтағы макалаларына да азamatтық үстаним, парасатты пайым, орамды ой, онтайлы пікірлерін өзек етеді. Тілі – жатық, ойы – орамды, стилі – жорға.

Кітап көпшілік оқырман қауымға ариналған және жоғары оку орындарындағы журналистика мамандығы студенттері үшін таптырмас көмекші курал.

**УДК 070  
ББК 76.01**

**ISBN 978-601-7449-36-0**

**© Мұсабеков Е., 2014**

І бөлім

Парасат патшалығында





## СҮНГЫЛА СҮХБАТ

Елбасының бір гоми қазак тілді басылымдарға  
берген сұхбатынан түйгөн ой

29 мамыр күні КР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Акорлада бір топ қазақ тілді бұқараалық аппарат құралдары басшыларымен кездесіш, үлттық жаңырыу және халқымыздың бәсекеге қабилегін төңірегіндең манызды мәселелер бойынша ауқымды тұргыда сұхбат берді. Үлттың ұзы мұраттарын сараптай отырып, әр қоңылға конымды боларлыктай салмакты ой, сабырлы пікір оробіген Елбасының бұл жолғы сұхбаты кәсіби журналист ретінде мен срекшш қанағат сезіміне беледі.

Ага басылымдар басшылары ел көкейінде жүрген тоғлакты мәселелерді дәп басып сауда тастаса, Елбасы әр саудаға жан-жақты жауап беріп, кемея келешекке пегіз болар ой-максаттарын ортаға салды. Үлттық құндылықтарымыздың үрпаққа қызмет етуни қамтамасыз ету, тәуелсіздігімізді баянды сту, сліміздің шікі-сыртқы саясаттағы мүмкіндіктерін жетілдіру, ел экономикасындағы слісін сткізер өрлеу үрдісін таныту секілді манызды мәселелер тамырынан таңданып, әрбір қазақстандықтың көнілі кекжиегіне серпінді сенімді тарапты етті. Сондыктай да, Елбасының бұл сұхбаты мен «Сүнгыла сұхбат» деп атадым.

Ел көніндегі алан жок емес, бар болатын. Әлемдің алекке салған АҚШ-тагы ипотека дағдарысы біздің слідін де экономикасына салқынын тигізбей отпейгін ақиқат. Осы орайда біз ұстанған ұстанымдар мен тәуекелдер біздің тығырықтан айналып откізе ала ма? Еліміздө шикізат тәуелділігі басым боп тұрғанда бәсекеге каншаңыкты деңгейде қабиlettesі бола аламыз? Сөт сайын тарих таразысына тартылып жүрген тіл тәғдіры проблемасын қалай шешпекпіз? Осы сиякты мың сауда сапамызды сансыратыш жүргенін әстгә жасыра алмассыз.

Журналистердің осындай мазмұндағы өзекті мәселелерді өткір көтерген саудаңдары Елбасы тараптын үтқыр ой жетелетен үтимді жауаптармен қауыттып жатты.

Ел тәғдіры ортак әнгімс взегінс айнала қалған жағдайда «Осы қалай?» деген ойға бастайтын олқы тұстарымыздың орнын толтыра туksen Елбасы сұхбатының ең бойы «Осылай болса екен» деген ел шілегінен екі еш алшакқа кетпеді. Еліміздің мұнайға масыл болып

## *Ak сойледім ақынан алаңында*



калмай, кемел ойлап, кең пішетін сындарлы сэттөн сүрінбей ату жолдарына кеңінен тоқталған Елбасы:

– Жаратқан Иеміз қазақтың ғасырлар бойы азаттық жолына дағы акқан каны мен тұршилік үшін төккөн терінің өтеуін қайтарудай-ак қайтарғанына қазір көзіміз жетіп отыр. Құдай қазақтың көңіліндій етіп кең-мөл жер берген, онын асты-үстін толтырып кеш берген, сол жер мен кенге ие болатын кениндей ел берген.

Қазак жерінің асты да, үсті де тұнған қазына. Мұнай да, газ да, хром да, уран да, темір де, комір де, мыс та, алғын да, бәрі діс барышылық. Әсіресе, мұнай молшылығы болекцис. Сонымен қатар, мен мұнайга масыл болып қалмау керектігін үнемі қадап айттып жүремін. Жағызы жер байлығына сеніп қалуга болмайды. Біз де қазба байлықта қарап қалмауымыз керек. Ысырапқорлықка бармау керек. «Коя же сен кой қалады, тарта жесек тай қалады!» – деген атамыз қазақ. Оның үстіне қазақ жерінің байлығы қазақстандықтардың бүгінгі үрпағының ғана меншігі емес скендітін ұмытуын жөні жок. Жер байлығының қызығын болашақ үрпақтарымыз әлі ғасырлар бойы көруге тиіс. – деді.

Остандық өнеркәсіпті өркендетудің тиімді жолдарына нақтышай тоқталған Нұрсұлтан Әбішұлы кейінгі жылдары мемлекет бюджетінің мұнай мен газдан гүскен табыстарды қоспай жасалыш келс жатқандығын тілге тиек етті. Ал, мұнай мен газдан түсken табыс үлттық қорға жинақталып жатыр. Үлттық қор қаражатын қоса есептегендеге еліміздің бүгінгі тандагы резерві 40 миллиард АҚШ долларын құрайды екен. Мұның өзі злем халқын алғандатып отырган қаржы дағдарысын біздің елдің экономикасы еркін еңсереп алады деген сөз.

Елімізде экономиканы әртаратандыру мақсатында ірі-ірі жобалар қолға алынып, даму институттары құрыла бастады. Біздің земдік бәсекеге кабілетті 50 елдің қатарына енү мақсатымыздың түпкі түйініне кепіл боларлық бастамалар тауелсіз Қазақстан үшін аса жарқын болашаққа жол ашып отыр. 30 корпоративтік көшбасшы кәсіпорындар ашу, экономиканы инновациялауға негіз боларлықтай ғылымды дамыту мәселелерін оңтайтын шешу арқыты жаһанлық экономикада көш бастау мүмкіндігіне қол жеткізуге тынспіз.

Қазақстанның даму үрдісіне қатысты айтылып жүрген көріагар пікірлесірді жокка шығарған Елбасының бұл сұхбаты елдің кемел көлешегін дәйекте дәнсаудерге негіздей отырып, біздің әлсұмосттік саясатта ешкандаі құлдырауға жол бермейтпіндімізге сенімімізді ұлғайты.

Қазірдің өзінде бірқатар дамыған елдермен иық тірсін, тіпті олардың кейбірінін алдына түскенімізді 105 миilliардтан асқан жалпы ішкі өнім көлемі дәлелдессе көрсек.

Сондай-ақ, Елбасы сұхбатында Мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты өте қызы әскерлер айтылды. Санамызға үйдей үрей үйріген «Тілдердің үштүгіртсылығы» бағдарламасына қатысты айтылғаш байсалды шікір осы мәселеге қатысты байдалам салып жүргендеге байыз таптыратып шыгар.

Қазак тілінің мемлекеттік мәртебесі конституциялық баппен «тайға таңба басқандай» бекітіле тұра. еліміздегі 9 миллион казақтың 40 найызы казақша еркін сөйлемейтіндігі қоғамдағы тіл «мұқиисттігін» асқындырып отыр. Эйтпесе, мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты мемлекет өз тараپынан жасалуға 1993 нарсениң бөрш жасап отыр. Мәселен, мемлекеттік тілді дамытуға 2005 жылы 133 млн. теңге болғанса, 2006 жылы 560 млн. теңге, ал, 2007 жылы бұл максатқа 3 млрд.-тан астам қаржы болынған. Ал, бұның 2008 жылға мемлекеттік тілдің косегесін көрертуге бағытталған қаржы көлемі 5 млрд. теңгегі құрайды. Бұл аз қаржы емес.

— Басқа шығындарды шектесек те, тиіге белгінетін қаржыны қыскартпаймыз, — деп сөз сабактаған Елбасы: — Ен алдымен, қазақ азаматтарының намысына салмақ салмай болмайды. Екі тілді, реті келіп жатса үш тілді қатар менгерген азаматтарға қызмет бабында артықшылық беру керек. Лауазымды жогарылату мәселелері каралғанда осы жағын ескерген яң.

Ана тілін билмей қазақ азаматы үшін ұят сапалтуға гипс. Мемлекеттік тиіге, өзінің ана тіліне құрметпен қарамауы опын қызмет бабында өсүнен де әсер етеппі болуы керек, — деп ой түйіндеді.

«Үштүгірлі тілден» үрояненетін түк те жок скенін накты мысалдарға жүргіне отырып дәлелдей шықты. Сұхбат барысында:

— Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып калмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Оған көніл де,



каржы да солай болинеді. Қазак тілі – өзіміздің ана тіліміз.- дей келе. Президенттің бұл мәсслесеге қатысты: – Тіл мәселесі – аса қурдслі, аса жауапты мәселе. Асыратын, аптығатын, ретш тауып саяси ұпай жинаш қалатын жер бұл смес. Науқаныштықкка орын болмауга тиіс. Басқалардан қалып коймайык деп қазірде қолдан келмейтін, тек қоғамды ырын-жырынға түсіргеннен басқа ештепе бермейтін жоспарларды, баяныз бағдарламаларды қою керек.

Біз кай іске де си алдымен тәусілсіздіктің, слідкітің, мемлекеттіліктің мұддесінен қарайтын боламыз. Өзі ешиэрсесге жауап бермейтін адамның батырсынуы, батылсынуы, взгсні сымнауы опонаі. Бәрінен бұрын елдегі тағулықты сақтау шарт.- деп тұжырым жасауында үлкен сұңғылалық жатыр.

Елбасы сұхбатында камтылған демографиялық ахуал, ұлттық мұдде, «Мәдени мұра» бағдарламасы, ономастика, ақпарат көнсігінің қауіпсіздігі мәселелері ел концепцидегі күмән мен күдік пәрдесін түріп тастан, ныңған сенім мен үміт жегегіне шестірістің іргелі шікір, тың ойлармен оқшауланды. Сондай-ак, мемлекет астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру жөніндегі тарихи шешімнің бүгінгі жемісі мен жетістігі де әнгіме взегіне айналды. Есеп жағалауында бой көтерген еңсөлі елордамыз – Астана қаласының 10 жылдығын мерекелесу төнірсендіде де ғұщымды ойларын ортага салды.

Казакстанның алемдік саяси аренадаты абыройын айғақтайтын жетістігіміз – 2010 жылы еліміздің Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымына төрағалық ету құқына ие болуы. Көп-ұлтты Казакстан халқының жасампаз жеңісі болып табылатын бұл қадамды си алдымен осы мемлекетті үйістырып отырған қазақ ұлтының ұлы жетістігі деп бағалар едім. Бұкіл мұсылман әлсімшін тұнғыш рет, бұкіл түркі тілдес әлемнен тұнғыш рет, бұкіл ТМД елдерінен тұнғыш рет осы біркке біз қол жеткіздік. Әлемнің 56 елі Қазакстанның осы аса беделді халықаралық ұйымға төрағалық етуіне бірауыздан дауыс берді. Осы арқылы біздің мемлекетіміздің ішкі саясаттағы орнықтылығы, сырғы саясаттағы сарабдалдығы экономикалық куаты, демократиялық, қызықтық қоғам орнатудағы қадамдары аса жогары бағаланып отыр.

Сұңғыла сұхбатты «Бәріміз ұлттың ұлы мұраты жолына ұйысайық» деп түйіндеген Елбасымыз Н.Назарбаев халыққа арнаған



Жолдауында қамтылған манызды мақсаттарды осылайша бір пысықтады.

Тәуелсіз ел ретінде калыптасу кезеңінен өтіп, әлемдік бәсекеге өзіндік арынымен косылған жас Қазакстан мемлекетінің даму бағыттарын айқындал, ұлттық жаңғыру мәселелерінің түйінін таркатқан Елбасы сұхбаты Тәуелсіздік шежірестінің нараситты парагына айналды. Аз уақытта әлемдік оқытальдардың қалтарысында калып коймайтын, экономикалық тұрғыдан әлсуетті, саяси тұрғыдан саилак елге айналдық. Мандайына осынау бақыт бұйырган үрпак өкіл ретінде біздің ел болашағының жаркын екенине еш күмән келтірмеймін.

«Қазанылы оқір» газеті, 2008 жыл.

### ЕҢСЕЛІ ЕЛОРДА – ЕЛДІКТІҢ ТІРЕГІ

Был тұнгыш рет мерекеленгелі отырган Президент күні Рух, Бірлік, Жасамназдық, Елорда, Елбасы деген ұлы ұғымдар тұтастығының символында айналуы тиіс. Тәуелсіздіктің 21 жылдарының жүргі женіл болған жок. Әсіресс, сл тағдыры деген жауапкершілікте жан-тәнімен сезішес биисін Көшбасшымыз – Нұрсұтан Назарбаев үши. Тәуелсіздіктің эр жылы – ғасырга, эр күні жылға татыды. Әлтінде ғана тілге тиіск еткен бес ұлы ұғымның берекелі қадамы елімізді биік белеске бастады. Бұл бес ұғымды бір көлдін бес саусагы десп алсаныз, біз ел тағдыры таразыға тартылған сындарлы сәтте осы бес саусактың жұдырықтай жұмылуының аркасында тығырыктан шыға білдік Масслен...

Бағызыдан Рухы мыкты сл едік. Көшбасшымыздың көрегендігі ұлы дағыны мекепдегеп жүзден астам ұлттар мен ұлыс өкілдерін Бірлікке үйштты. Рұхтың айбары мен бірлікші бекемдігі жас мемлекетті Жасамназдыққа бастады. Жаркын жасамназдықтың шынайы үлгісі ретінде срикс Есілдің бойынан еңселеі Елордамыз бой көтеріп, Елбасының еңбегі жанып, абырайы асқақталы. Соңыктан да, бүгінгі мереке осы ұғымдардың балталасаң бұзылmas тұтастығын паш ететін және елдік рух құдреттің всекелен үрпак бойына сіცре белетін мазмұнға шак болуы шарт. Соңда ғана біз санамызды сарсытып келген



«мереке – ас ішип, аяқ босату» деген ұғымнап арыламыз.

...Енді әңгімс ауанын Отанымыздың жүргігі, сліміздің тірегі, Елбасының ғлөгі, төл icerсініп – Елорда жайына ойыстырысак..

Осыдан он төрт жыл бұрын мемлекет астанасын Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы және іле-шала Ақмоланы Астана атауымен алмастыру туралы тарихи шешім қабылдашғанда, еліміздің тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл бастамасы бір таралтан колдауга ис болса, енді бір тарағтардан қарсылыққа тал болғаны бүтінгідей есімізде болар. Сол керінгәр пікірлер көрүснін көрі ысырыш, замана көшіне тай-тай басып ілескен жас мемлекет тарихында тағламы зор болған бұл шешімнің каншалықты құндылығы уақыт елегінде екшелеп, жасампаз бастама болғаны дәлелденді.

Алғашында Қазақстан сыңды жас мемлекетке астана ауыстырудан басқа да манызды жұмыстар жетеді деген пікірлер де айтылды. Астана ауыстыру «қөпірде ат ауыстырганмыс» паралар деген көлгірсуді көлденес тартқандар да табылып жатты. Шынымен де, Қазақстанда елорданы ауыстыру бастамасы көтеріліп, көшіміз Алматыдан Ақмолаға көрүен тартқан 1997-1998 жылдар еліміз тарихындағы мамыражай кезең емес еді. Еліміз күрделі дағларыспен күресу үстінде болатын. Ксіс ғана «кемелденгі социализмнің» кемесі кайранда. Ксісес Одағы ыдырады. Жоспарлы экономика жолдан шығып, нарықтық қоғамға жатырқай қарал тұрған кезіміз. Жаңа қоғамның беймәлім қырлары, жаңару кезеңінің бастапқы баспалдақтары, әндіріс токырап, зейнетакы мен жалакы төленбей жатқан күрделі кезең... Кейбір қалалар мени калашыктар қызырап, бос қалып жатты. Ауыл тоз-тоз болып, «Ильич шамынан» ажырап, май шамға сыйқиды. Ауылдан ажар кеткен сон, ауылдықтар «қара шаңырағыны» құлатып, «қара қазан, сары бала қамы» үшін базар жағалап кеткен кез... Айттып-айтпай не керек, ел сондай бір күрдегі кезеңде күн кешіп жатыр еді. Алайда, Қазақстан осынша қызындықты кайыспай көтере біяды. Елбасы елге сеніді, ел Елбасыға сеніді. Каждыры халық қайратына мініп, көремет жігер танығты. Осылайша Есіт бойындағы еңселі шәһардың құрылышына құлышына тауекел еткен Елбасының жана елорда жөннелегі ой-арманы жүзеге асты. Еуразия жүргінде әлем елдерінің еріксіз таңдағын қактырған тамаша үлгідегі жана астана бой көтерді.

Астана күн сайын, сәт сайын ажарлана түсті, ерекше көлбетке не болды. Жұмыр жерде сәні мен салтанаты жарасқан небір асем қалалар бар болса, біздің Астана кайташынбас үлгіде аскактай түспі. Сәулет жағынан бір-біріне егіз қозыдай ұксайтын қалашықтар көп болғанымен, бір-бірін қайташынбас астаналар кемде-кем. Жок деуте де болады. Әсіресе, әлем елдері елордаларының шілдіде Астана көші басындағы елдердің көшірмессіне айналмай, айрықша айшыкпен дамыды.

Сайын Сарыарканың сары белінде сан килем сәулет үлгілері сал түзеп, ажары – әйбат, салтанаты – сандық шыраймын шаһардың құрылышы карқын алған сайын, барша қазақстандықтардың көудесінде мөктаныш сезімі маздай түсті. Бір кездері егіс алқабы болып, «неміс автономиясына» айнала жаздаған Арқа төсіндегі ажарлы мекен бүгінгі таңда Қазақстан саяси әлітасының алтын тұғырына айналды.

Іә, Астана – ете жас қала. Қаланың осыдан он төрт жыл бұрын елорда мартебесін иелектенін бергі жылнамасы адамзат тарихы үшін қас-қагым соттеп пара-пар екендігі даусыз. Алайда, бұл қаланың шежіресі тарих төренинде гамыр тартады.

КР Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Еуразия жүргесінде» атты кітабында Қазақстанның қалыңғы астанасы орналасқан жерде бабаларымыз багзыдан мекеп етіп, коныс тенкендігін атап отеді. Астананың авторы әрі бас сәүлетшісі Нұрсұлтан Назарбаевтың бұл тұжырымын куаттайтын ғылыми пегіз де бар. Археологтар қазіргі Астананың онгустік-шығыс беткейінен орта ғасырларғы Бұзок қаласының орынын тапты. Ғылыми зерттеу нәтижесінен сүйенсек, осыдан он уш ғасыр бұрын іргесі қаланған сжелті қалашық ғасырлар бойы салқар Сарыарканың саясін және рухани орталығы қызметін аткарған.

Олай болса, ежелгі өркешшеттің ошагы болған Есілдің бойында тәуелсіз Қазақстанның еңсөл еюорласының бой көтеру тарихи зандағылых емес де?! Кошпенлі слайд көш тоқтатып, керуен шөгергесін жершіде ұлы мұратты көздеген ұрпақтары Астана салса, айбыбы қане?!

Шежіресі ғасырлар койнауынан сыр шертертін бүгінгі Астананың сәт-сәулеті барша халықтың көз алдында дамып, миллиондаган халықтың көзайымына айналды. Аскаттаған Астана гуралы сез



қозғаганда, Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың ой-қиялынаң туындарынан, бүкіл әлемге әйгіленген Байтерек сыңды символы, әйгілі сәулетші Норман Фостер салғап Бейбітшилдек пеш келісім сарайы және көлешек ксруешіндегі бой тұзеген басқа да әкімшілк гимараттары ауызға алдымен ілгеді.

Әз басым Астанаға әр барған сайын туысқандарым мен дос жарандарымның үйін емес, әлгіндей әлем назарын аудартқан әйгілі Гимараттарды аралауды дагдыға айналдырығанмыны. Астанаға жасаған әр сапарым маган әртүрлі әсер сыйлап, ерекше рухка болейді. Қазақстан сскілді азағ елдін Астанасын асқак рухтың бесігі лесе де болғандай. «Мениң Қазақстанның!» деген мақтаныш сезім үялаған кеудемді асқақ рух көрнеп, «Асқатай бер, Астана!» деп жар салғым келеді.

Әлемдік сәулестінде баламасы жоқ көркем туындылардың көрмессіндегі болған көрікті кала аз уақыт шінде қарыштай да-мып, Тәуелсіз Қазақстан дамуының көрсеткішінс айналды. Сағым ойнаған сары белде елінің бағын ойлаган мемлекет басысын өз колтаңбасын қалдырыды. Кілыш-кілыш тарихи кезеңдерді басынан өткөріп, «мын өліп, мын тірілден» казак елі Елбасы өнбекімен еңсесле бой көтерген слордасы барда тағдырына мын мәрте шұкаршылік стеді.

Келесігі – кемел, сртени – нұрлы Қазақстан мемлекеттің әлемдік аренадағы абыройы да, ары, беделі де, бағы – Астана. Астана – Еуразия жүрегі. Қорі құрлықтың тамырына қан жүгірткен жүрегі мәңгілік соғуын тоқтатпаса екен! Ұлттымыздың ұясы, Қазақстан секілді қыран елдін гүгіры болған Астана мәртебесі жоғарылаған сайын Тәуелсіздігіміз мәңті жасайтыны һақ.

Қарыштай бер, Қазақстан!

Асқатай бер, Астана!

«Орталық Қазақстан» газеті, 2012 жыл.

## АТА ЗАҢЫМ – АЗАТ ЕЛДІҢ АЙБАРЫ

Осы бір қастерлі ұғымды әрбір казакстандықтың жүргіпе жөргектеп, көңілне ұялату – қоғамдық міндеттердің маныздысы.

Конституция – мемлекеттің ғелікшегі, Тәуелсіздігіміздің ен бас-ты тірсігі де, кепілі. Қай дәуірде, қай қоғамда болмасын, кез келген елдін, кез келтеп мемлекеттің пайды болуы, қатыптасуы, дәуірлеп-өрлеуі белгілі бір қағидаға сүйеніп жүзеге асатыны көне тарихтан белгілі. Ішкі іріткі мен сыртқы жаудан келгеп қауіл-катерге сес болатын айбарлы Ата Заны болмаган елдің тәуелсіздігі баянды, болашаты жарқын болуы мүмкін емес.

Алтайдан – Атыраудан – Сібірге дейінгі атырашты алыш жатқан ұлан байтақ даланы шокпармен ғана корғаған жаужурек бабаларымыз ұрлағына сарқылмас қазына калдырыды. Кай кезде де дүшпан көзінің сұғына айналып келген алтынымыз бер күмісімізді, мысымыз бер мұрышымызды, мұнайымыз бер уранымызды баға жетпес қазына емес дсп кім айта алады? «Қасым ханың қасқа жолымен», «Есім ханының ескі жолымен» жүріп, Әз Тәуекесін «Жеті жарғысина» арқа сүйеген қазак елі тарихтың небір тауқыметті жылдары мен сындарды сэттерін басынаң өткерді. Үзенгіден аяғын, корамсақтан қолын алмай жүріп, салқар даланы жаудан корыған бабаның сондагы арматы не еді?

Ақсақ рухты бабаның асыл арманы Тәуелсіздік болған. Ишшалла, ғасырлар бойы баба арманы болып келген азаттық ғанын біз көрдік. Сол үшін де біз – бақытты ұрпақпаз.

Ал, біздін бабаларымызға бұйырмай, бізге нәсіп болған сол қастерлі бақыттымыз қалай қорғалады? Әрине, Ата Зап аясында.

Казақстан Республикасының колданыстағы Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда бүкілқалықтық референдумда кабылданды. Айбарлы Ата Занымыздың кабылдануы – тарихи сәт. Конституция кабылданар сэтте Елбасымыз Нұрсұлтан Эбішұлы Назарбаевтың:

– Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байыргы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, взімізді еркіндік, теңдік және татулық мұрагтарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашак ұрпақ алдындагы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, взіміздің

## *Ак сөйледін ақырат алаңында*



Егемендік күккішымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз. - деген тарихи сөзі бар.

Міне, біздін Ата Занымыз аркалаған жүк қалдай ауыр!

Іа, біздін азаматтық күккішымыз да, қойнауымыз толған күтіміз да, жалпы Тәнір сыйына балап жүрген Тауелсіздігіміз де Ата Заң талаптары негізіндес корғалалы. Демократияның барлық принциптеріне негізделіп жасалған біздін Ата Занымыз өзін демократиялық, зайырлы, құқыктық және әлеуметтік мемлекет дең жариялаған Қазақстан Республикасының әлемдік арепадағы әлеуетіне кемелді тұрғыдан кепіл болып келеді.

Конституция талаптары бойынша мемлекеттің басты құндылығы – адам, адам өмірі және азаматтардың күккішілері мен бостандығы болып табылады. Сондай-ақ, елдегі қоғамдық-саиси жүйениң қаупсіздігі, ішкі-сирткы саясаттағы ел тынысы, атқарулық және екілетті билік функциялары түбебейлі тұрғыдан Конституцияның басты баптарына енгізіліп, мемлекеттік тұтастықтың тұтырын бінік етіп тұр.

Ал, тұғас қоғамға корған болын, өзинші оміршілдігін дәлеядеген айбынды Ата Занымызды біз қашшалықтың деңгейде дәріптеп, қашшалықтың деңгейде насиҳаттап, қашшалықтың деңгейде кастерлеп жүрміз? Маселе – осында.

Өткішке орай, біз сладегі қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтын, бүкіл халықтың ігілігіне қызмет ететін экономикалық өрлеу мен казақстандық патриотизмниң басты-басты принциптерін ең бойына жүк еткен Ата Занымыздың құндылығының дәріштеді өз деңгейіне көтере алмай келеміз. Неге дессеніз, Ата Занымыздың гендергіндегі тек 30 тамыз, яғни, Конституция күні қарсанындаған әнгіме өрбітіп, қаяған уақытта «жұмған аузызымызды ашпайтын» немікурайдылығымызды қайда жасырамыз? Тек мемлекеттік мүддені көздейтів, сөзі де, ісі де мемлекеттік рухта өрбуге тиісті мемлекеттік қызметкерлеріміздің өзі Конституцияны лауазымдық сатылау кезіндегі тест сынақтарындаған қолға алатыны да құпия емес «Мемлекеттік мереке» деген статусы бола тұра, Конституция күні мектептерде де дүрыс дәріптелмей келеді. Өйткеп, Ата Занымыздың айтулы мерекесі мектеп оқушылары үшін жазғы демалыстарының сонғы қундерінін еншісіндес кестеді. Сейтеміз де, «казіргі жастарда оташшылдық сезім жок» деген көлігресіп шыға келеміз.



Әрбір қазақстандықтың көкірегіне Аға Заның құндылығын сіңіріп, оны насихагтаудағы осы сияқты голып жатқан сијарлышымызды жоймайынша. қоғамның пъксып жатқан қоламтасы шуакытта алауга айналмайды.

Сондай-ақ, мемлекеттің Конституциясы – белгілі бір іс-шараның немесе мерекелік концерттің сценарийі емес. Ол – мемлекеттік құндылық. Солай бола тұра, кейбір оппозициялық бағыттагы үйымдар демократияны жесу етіп, Конституцияны сыйнауга әзір тұратының таным бар. «Тисс – терекке, тимесе – бұтқақ» деген олар таріканың садағы қарашайым халықка қалай әсер ететінін түсінуге тиесіз. Мәселе, Конституцияны оқымақ, дәріштемес түгілі, колына да ұстап көрмеген азаматқа билікті нысанага алған оппозициялық көзқарастағы пікірдин майдай жағатыны – басы ашық ақыят. Конституция жеке тұлғапын емес, тұлас мемлекеттің мұддесін қорғайтын қастерлі құжаг скенни ескермей, жән-жосықсыз сый айтуы дағдыға айналдырылған әлгіндегі топтардың ілігі ел шындығы бүлкік бастау болмасына кім кепіл?! Біздің Конституция Парламент палаталарының бірлескен отырысында немесе Үкімет жиынында жабық түрде кабылданған жоқ. Ашық қоғамда ұзак талданып, талқыдан, оғандық және шегелдік саяси саралыштардың сұзғасынен өтіп барып, жалпыхалықтық референдумда кабылданғаны сілімдегі шығар. Олай болса, ез талғамымыз бен оз тандауымыздың тамырына балта шабуға неге құштармыз?

Бәлкім, оппозициялық топ өкілдерінің Ата Занымызды еткөр сыйнауына өзіміз жағдай жасап отырған шығармыз?... Былай қарасаңыз, басқа зандар мен нормативтік-қызықтық актілер талабы түгін, бізде Конституцияның талаптары орындалмай жатқан олқылық бар емес де?!

Мысалы, Ата Занымыздың 7 бабында: **Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі**, - деп «тайға басқан таңбадай» болып тұрган зор талап орындалып отыр ма? Жоқ, эрине. Кез-келген зандар мен заннамалардың орындалуын қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың өзіндес барлық мәселе ресми тілде реттеліп жатқанын көзіміз коріп отыр. Сондай-ақ, 14 бапта: **Зан мем сот алдында жүртттың бәрі тен**, - дедінген. Ал, шын мәнінде солай ма? Сыбайлас жемкорлықтан арылып, қоғамда әділеттілік салтанат құрғанша, бұл баптың да алдында ұтттымыз. Өзі қорған болып отырған қоғамына талабын орындағат алмай келе жатқан Конституциямыздың

## *Ақ сойлеғін ақынам атаңында*



«тауы шағылып» жүрген тагы бір бабы – 20 бап. Бұл башта: Сөз бел шығармашылық еркіндігіне кепілдік беріледі. Цензурага тиым салынады, - деген «тәудай талап» бар. Ал, құзырлы орындармен бітс қайнаскан астыртын цензураның тамыры теренге кеткелі кашан.

Тізбелей берсек, Ата Зан талаптарын орындау барысында осындай мазмұндағы олқышықтарымыз жетіп жатыр.

Калай болғанда да, Тәуелсіздігіміз нығайып, әлем елдері алдында әжспәүүр абырай-беделі бар елміз. Тұғырлы слідін бәсекеге кабылетті 50 слідін ортасынан ойып орын алатынына көзіміз осы бастаң-ак жетіп отыр. Сершінді сеніммен ішері басқан іргелі еңдін са-бырты саясаты мен әлеуетті экономикасы талайларды таң қалдырып, тандай қактырып отырганы көніллімізге мактапыш сезімін ұяладады. 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымактастық үйімінә гөриғалық сту құқығына ие болуымызға айбарлы Ата Занымыздың демократиялық принциптері зор септігін тигізгенін де дәлелдеп жату артық шығар.

Олай болса, Ата Занының абырайын асырып, барынша кен түрғыда насихатталуын камтамасыз ету, опы барынша қастерлеу – барша казакстандықтың ен жауапты парызы дер едім.

Тәуелсіз Казақстан – Ата Занымың айбарлы!

**«Қазыналы өнір» газеті, 2008 жыл.**



## ҰЛЫ РУХ ЖЕНІСІ

1945 жылдың 9 мамыры.

Фашизм талқандалды.

Жау женилді.

Қанқұйлы максатқа жұмылған басқыншыл саясаттың бағы баяныз болып, іргесі согилді. Шанырағы ортасына түсті.

Рух женді.

Бұл Ұлы Жекіс – ұлы рухтың женісі.

Ал, біздік жетпіс жыл бойы бұрмаланып келген кәрі тарих бұл Женісте рухтың емес, «бұратанадан» артықшылығы басым белгілі бір ұлттың женісі дең бағалап келгеппін жасыра аламыз ба?! Тағы да сол тарих ақсакалыңыздың айтуынша, бұл Женіс боздақтардың канымен, ерлердің өшпес ерлігімен емес, бір гана «ұлы қолбасшының» ерін тактикасымен келген бақытқа ұксайды.

Миллиондардың канын төгіп, қыршын өмірлерін жалмаган сүм соғыстық ені саяси тұргыдан осылайша әділестіз бағаланып жатқанда, бала-шагамызды патриоттық рухта тәрбиеlemekke ұмтылғанызыдан ұтарымыз бар ма еді?

Жок, әрине.

Тарихты жанаша көзкараспен таразылау мүмкіндігі бізге Тәуелсіздік таңы атқан күнинен бастап туды. Елбасымыз Н.Назарбаев үстанған сарабдағы саясатың сауырында ұлтаралық татулық, бірлік, достық, көліктім деген кастерлі ұғымдардың басын біріктірген ұлы рух салтанат құрды. Бұл рух бізде бағзыдан бар болатын. Жатсынуды, жатырқауды бімейтін әрхандаңық пен дүшпанымыздың мысын басып келген асқақ рух қашанда жасампаздық танытып келген еді. Тек кешегі Кенес дәүлінде табанға басылмаса да, тәлайлы тағдырга ұшырап, жетпіс жыл бойы бұйырып келген бұл рух Тәуелсіз елдин жана күнімен бірге қайта жанырып сала берді.

Кешегі Ұлы Отан соғысында жау ордастының маңайшасына Женіс түні жеңіреткен де сол рух емес пе еді?!

Ок-дәрішин молдагымен, есқердің көптігімен, қолбасшының көшбасшылығымен емес, дәл осы асқақрухтың арқасында аспанастында бейбітшілік салтанат құрды. Майдан даласын жаңғырықтырган бұл жасампаз рух та біршік, достық, ададық, сенім секінде ұлы күштердің біріктіре билді. Адамзаттың қас дүшпаны – фашизмге қарсы атылған

әрбір оқ осы рухпен салмакты болды. Эр жауынгер мұштықтан бүршін осы рухпен каруланды.

Майдан даласы. Карша бораган оқ. Жау шенгелін талқандай тықсырган әскер. Құрамында – орыс, казак, өзбек, қыргыз, яныш, украин, белорус, грузин, молдаван, эзіrbайжан, тәжік, түркімен, эстон, армиян, литвапдар, тіпті, пемістер... Бәрі де ез үлттарының муддесі үшін емес, барша адамзатка ортак құлдызылық – бейбітшилік үшін қару асынды. Озар жаудам қаймықкан жоқ. Бойларын кернеп, барлығын бір муддаеге жұмылдырган ұлы күш – адамзат рухының жеңіскеңе бек сенімді болды.

Тыңдағы тыныссыз тірліктің де сүржайы көрінісі осы рухка арқа сүйеді. Орамалы «Женіс үшін!» деп желбіреген аналар мен ашқұрсақ балалардың егіс даласынан жинаған әр масагы жауга ажат болып атылған корғасын оқтан бір мыскада көмілдікке жеткен жоқ.

Бұған дейнін талай сұрапыл соғыс, жаңкешті жауласуладын күәсі болған Жер-Ана осы ұлы рухтын байрагы желбіреген күні көн тыныс альп, жаралы құшагын жаһандагы бейбітшилік үрпакка сімірене ашты.

Жер-Ана тосинде ұлы рухтың салтанат құрғанына – 67 жыл.

«Жау женіліді екен» деп жауырын қасумен, тоқмейілсузмен шектелген рух жоқ.

Ол бізге мәнгі керек.

Ол рух – бабалар аманаты.

Сондыктан да, ол мәнгі жаңғыра бермек.

Бейбіт күнин берекесін алар кейбір келептіздікті де осы ұлы рухпен ауыздықтап, Тәуелсіздігімізді де осы рухпен тұтырлы да, ғұмырлы етпекліз.

«Отан», «Тәуелсіздік», «Бейбітшилік» атты ұлы ұғымдардың өміршендігі де сол қастерлі рухтан бастау алған.

Жас үрпак санаасына патриоттық сезім ұялатудың да сара жолы осы асқақ рухты мәңгілік дәріліттеде жатыр.

Осыдан 67 жыл бүршін рейхстагтың маңдайында желбіреген ұлы рухтың байрагы әлемдегі миллиардтаған адамзат баласының сінін Ұлы Жеңістің онайылған көлмегесін салып тұр.

Милиондардың қаюы.

Аналардың зары.

Жесірлер мен жетімдердің кез жасы.

Жер-Ананың қанға беккен жаралы құшагы.



Жылдар жылжып, айлар аунаганмен, ұмытышынан касиret, жазылмас жарага айналды.

Осынша касиretтің көзі тірі қуәгерлері дс күн откен сайын азайып барады. Тек Рух қана – мәнгілік.

Арам пигылға қарсы адам қолымен жасалған ұлы ерліктерді ұрпак санастыңда мәнгі жаңғырту үшін сол Женіске қолымызды жеткізген асқақ руқымыз аласармауы керек.

Соғыс салған жарадан арылған жокпаз. Арыла алмасныз да. Өйткени, мезгілсіз қулаған шанырақтардың, есепсіз төгілгесін қан мен көз жасының орнын толтырар, бомбалармен ойрандашып, боздактарлың қанымен суарылған Жер-Ананың жарасын жазар күш жок шығар. Тек, женімпаз рухты қастерлеп, аға буын ерлігін лайықты дәрілтеу арқылы соғысқұмар пигылдың мысын басып, бейбітшіл ұрпактың гүрлігін берескелі, бірлігін бекем еттеріміз ақынғат.

Ұрпактар сабактастығын ұран еткен ігі істер оз жемісін беріп жатса, ұл-қызымыздың бойынан ұшқын аткан отансуйғашек рух егсмен еліміздің еңсесін биктете түсері даусыз. Тек, еңдегі ұрпактың ұшқын аткан ер рухы сұрапыя майдан шебіндс, соғыс өртінде емес, оркениет бәсекесінде шындалсын!

«Орталық Қазақстан» газеті, 2012 жыл.

## БІЗДІКІ ДАРХАНДЫҚ ПА, ДАРАҚЫЛЫҚ ПА?

Дүйім дүниеде қазақтай дархан, қазақтай қонақтай халық бар ма ехен, сірә?

Әзге ұлт әкілдеріне өгейлік көрсетпек тұтғыл, құшак жая қарсы алып, терімзіге оздыргалы қашан. Ұятына, наслине қарамай, баршасын бауырымызға бастық. Жатсынған жокпаз. Жатсынбаймыз да.

«Кең болсаң, кем болмайсың» деген бағзы бабалардың ұлагатын ұран етш, кімгс болса да, жантайса жастық болуга жарап келсіміз. Ешкімді өзікке теуш көргсініміз жок. «Жақсыда жаттық жок» десекші, жаратылышымызбен біге қайнасқан жарқын қасиетіміздің бірі де, бірегей – осы дархандығымыз. Қазақтың даласы қандай кең болса, пейіл де – сондай жазира. Дархандық бізге даладан дарыған.



Жатсыпбай, жайсандық танытудан жамандық көрген жеріміз де жок. Тәуелсіз Қазақстан ұлы достыктың бессігіне айналады. Қазақстандық көгамдағы ұлтаралық татулық саяси тұрактылыққа иегіз болып, Тәуелсіздігіміздің нығаюына зор сенітігін тигізуде.

Әрінс, халықтар достығы жарасым тапқан жерде жамандық атаулыға жоқ екені де ақиқат. «Достық» деген ұлы ұғымның аясында біз Қазақстанның мекен еткен әр үлт диваспорасының өз мәдениетін, әдет-түрлін, салт-дастурн, тілін, дінін өркендештіне, даріптеуіне жағдай да жасап отырымыз. Қазақстан халқы Ассамблеясын да құрып, «Біз – достықцен қуаттымыз!» дес ұран салыш жүрген бірден-бір мемлекет – Қазақстан. Кім ішсе де, канша шілсе де ортайып жатқан Қазақстанның казаны жок. Алла берерін таусыласын! Достығымыз мызғыасын!

Ынтымакты ымыра стксн осындай иғт түлекті созімे кіріспе етіп, сінді айтартымды айтайын.

Үміт пен күдік, сенім мен күмән. Бір-оіріне ықылымнан дес бермей келе жатқан осы бір керіағар ұтымдар біздін бүтінгі қогамда шиеленіскең жағдайда бетпе-бет келіп түрган сиякты. Қайсысы жеңер екен деп қарал отыруға тагы болмайды. Сондыктан да, колға қалам алып, баршага ой салу максатымен оқырман қауымға оймактай ойтұртқі арнығанды жең көрдім.

Менін ұмттім де, сенімім де – саясаты сабырдан саяқ кетпеген, сара жолдасты Қазақстан мемлекетінің жарқын болашагы. Каркынды дамып, карынты кадамдар жасап келеміз.

Ал, күдігім мен күмәнім ше? Күдігім де, күмәнім де – күпіп. Өйткені, ұттық болмыс қалыптастырамыз деген ұлы мұрагымызыға кедергілсер мен қастандықтар көбейіп келе жақкан сиякты.

Мәселен, біздін қогамға ендей бойлап келе жатқан әртүрлі пигылдағы діни ағымдар мен секталар күліттіміз бен күмәнімізді ұлгайтпай коя ма? Өз тілнен жерініп жүрген жастарымыз аздай, енді өз діннен жеринушшелер жауыннан кейінгі санырауқұлактай қаптай түсude.

Ашы-ызынды кемерінс келіптер осындай келепсіздікпен күрсесіміз каншалыкты деңгейде мардымды? Өте мардымсыз. Болашағымызыға түнере төніп түрган қаратұнекспен қүресте танылышп жатқан дәрменсіздігімізді дәлелдеуге мысал жетіп жатыр.

Арбауга түсіп, адасып жүрген баласына үйдегі ата-ана «әй» дейтін ажа болуга, когам (оның ішіндегі билік, құқық қорғау органдары, містеп, оку орындары т.б бар) «қой» дейтін кожа болуга жарамай отырғандының қалай жасыруға тиисіл? Жасыра алмаймыз, әрине

Ал, әртүрлі діни ағымдар мен сектандардың түпкі мақсаты жүзеге асып жатса, оның салшары бірлі-екіші отбасыларға ғана емес, тұлас мемлекет үшін зор қатер екснін неге қалерімізге ілмейміз? Осында жұмысқы әрекеттің артында кім тұрганын, не тұрганын билеміз бс? Оларға қарсы қандай амал, қандай әрекет жасап жатырмыз? Шарасыздық танытқаннан басқа амал жоқ. Қарсы амалыңыз не? Біз керісінше сол теріс пигылды топтың мақсатқа жетуіне жол ашып, өзіміз жағдай жасап отырмыз. Біздең тәуелсіз когамды қожыратуга үмтүлған «дінсіздердің» коламтасын үрлеп, қолтығына су бүркіп жүргеніміз өкінішті-ак.

Осы тұста тағы бір шегініс жасап, қазақ болмысындағы жалғанда жоқ жайбырақттық пісі конакжайлықтан шығатын осалдығымызды айта кетейін.

Келтег қонаққа «Төрге шық» деп төрге оздырып, сыбага-мәзірін жасап, ас-суымызбен бірге ағымыздан жарылып сырымызды жайып салатын халықтың гой. Ал, алғы мейманнаның келтег шаусын бар сый-жүрметті корсетіп, атына қондырып, қолына шылбырып ұстасып тұрып сұрайтын әдеттіміз тағы бар. Асынды ішіп, сырына каныккан қонак сениң осал тұсынды тұспалдарап тұрып бүйімтайын айтканда меселин қайтаратын меммендік көрсете алмаймыз.

Көрі-жасымызды шоқындыруға айналған әлгі сектанттардың зреңдегі тұра осындаид. Олар келді. Біз құшақ жая қарсы алдық Төрімізді ұсындық. Мақсат-мұддесін түпкілікті зерттең жатпай-ак. реңни тіркеуден өткіздік. Енде олар тайрандал жүр. Тайрандамай қайтсін? Тайрандатып қойған өзіміз. Тайрандағанын тамсана тамашалап, вз бетімізбен отырсақ жақсы гой. Қосыла тасыраңдал жүргенімізді қайтсесіз...

Басқасы – басқа, кеше ғана өткен әлдебір діндегі халықтың «Әулие Валентин күni» деген мерекесін мейманамыз тасып тойлаганымызға не жорық?

Егемен елміздің ең ұлы мерекесі – Тәуелсіздік күнінде реңни жиһи өткізумен, жыл басы – Наурызда кінә үй жағалап, наурыз көже ішумен шектелетпін едік. Әягі «әулие Валентин» мерекесінде



гүрлі ойын-сауық, думанды кештер ұйымдастыратын болып аңык. Бірімізді-біріміз құрак үша құттықтау, сүйіктімізге сыйлық жасау үйренешкі дәғдүға айналып шыды. Тіпті, бұл мерсекені атап етуге мектептер ерекше көнш боліп, Қызы Жібек пен Толегеннең, Қозы Қорпеш-Баян Сұлтан садаға кеткір әулиессымак Валентиннің рухына айрышка тағым стиін жүргепдері жаңылды күйзелтеді. Мектептерде осы мерекеге орай ұйымластырылған ойын-сауықтар мен би кештерін былай қойғапла, мереке карсанында мектеп дәліздерішін арнағы жәшиктер қойылады екен. Сабакты санаудан ысырып тастал, өзіміздің тікелей ықпалымызбен махабbat машакатына түскен бозбаса мен бойжеткен осы жашпқ қызметтің пайдаланып бір-біріне сүйіспеншілік сезімдерін, шыныңы тілектерін білдіретін көрітеді. Не дегеп масқара?! Мектеп әкімшілігі осындай маскарага қалай жол беріп отыр?

Бұрын жастардың әбес қылғыны көргендес «Осы жастар қайда барады?» деуппи едік, ал, бишін ордаларындағы мына жәглайды көріп, «Жастарды қайда апара жатырмыз?» деген саяз санамызға еркіншілік шырмалады екен.

Әулие Валентин күнінен, ягни, өзіміз ұйымдастырып берген «ерекше мерекеден» ұмытылмас жер алған жастар өз ұттының тілінен, дінінен, болмысынан жерінбей қайтсін!?

Осының бәрінен көңіл жыққас көңілшектігіміз кінәлі сиякты көрінеді де тұрады маған. Епікімді өкпелеттеуге тырысып тұрамыз гой. Біреудің қансығын таңсық көретін ангалдығымыз қай күні орга жығар екен?! Өзгениң діппі де, тіліп де жатырқамай қабылданап жатырмыз. Енді мерекелерін де тойлауға көштік.

Мұннымыз дархандық Пә, алде даражылық Пә?

«Кен боламыз» деп жүріп, таза кемтәр болып калмасақ жарап еді. Кайда бара жатырмыз?

«Қазыналы өнір» газеті, 2008 жыл.

## ЖАСТАР НЕГЕ ЖАТЫРҚАП ЖУР?

Иә, қай заман, қай қогамда да жалынды жастар сол қогамның жарқын болашағы санаған. Тұғас қоғам жастарға сенимниң серліпдесін, үміттің үқілісін арткан. Бүгін де гура солай Ал, сол сеним мен үміт қашалықтың дengсіде ақталып отыр? Мәселе – осында.

Әлкінса.. Әңгімені әріден бастайык.

- Бүгінші жастар не больш барады?
- Жастар бұзылып кетті.
- Жастар – қатыгез.

Жастардың атына осында мазмұнда айтылып жаткан еттор сынды қай ортада болмасын, естіп журміз. Тұрмыста да, қогамда да. Тілі, ксіде жастар бойындағы жат қызықтарды тиғе тиск еле отырып. «Ақырзаманнның» жақын қалғаны туралы сұық хабар да таратып жіберегініміз бар. Эйтегір, жастар жайында жәқ әша қалсақ, оте кінәмшілміз.

Сонда жастарды кінәлауға келгенде тым «асыра салтесушілікке» жол беріп отырганымызды гүспісміз бс?

Ұрпақ тәрбиесінің алтын қазынасы санаған бағзыдағы бабамын ұльшығы мен даналығын кәдеге асыра алмай отырған қогамымыз жайында шынайы пікір айтудан қашқақап жүрген де өзіміз.

«Ақырзаман жастары ғой» деген пікірден әрі аса алмай отырган ага буын өкілдері немесе қоғам жастардың рухын ауыздықтаң. са-насын сансыратып отырган оздерінің осы біржактың пікірі скенін түсінсесс екен деймін. Сонда ғана біз кінәні жастардан емес, өзі-мізден іздер едік.

Мениң бұл пікірім карсылыкка ұшырайтынын да білемін. Сол ушин осы пікір белдеуіне ат байлауымың себебі мен салдарын түсіндіре көтейін.

Біріншіден, қазақ сынды ұлы халықтың ұландарында ұлттық рух жетіспейді. Ұрпақ тәрбиесін тек орга білм беретін мектеп деңгейінде шектеп отырмыз. Жастар үшін қоғам мектебінің есігі тарс жабық. Бабалар ұлағаты мен даналығы сана мұражайының жәдігеріне айналған. Жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруды ойлап отырганымыз шамалы. Жастар саясатын жарқын қстерге негіздей отырып жүргігіннін орынына жарнама күйінде қалдырып отырганымыз тагы бар.

Екішідес, Еябасымыздың жастар саясагы төңрегінде биік мінбелерден көтергін иғі бастаналары жергілікті деңгейде нақты шешім таба алмай отыр. Қоғамдагы жұмыссыздар үлесинің басым баллігін 18-30 жас арашығындағы жастар құрайды Жауапты қызмет тізгінін зейнет жасындағы «қазақалдарымыз» берісі жок.

Үшіншідеп, «жастардың дем - пашақор» деген жаманат жалпы-ды жастардың жігерін күм қылып келе жатқаны білгілі. Алайда, қоғамдық дертке айналып, сімізді алған есірткі бизнесінің басты тегігі кімнің қолында екенине ой жүргірпі көрдік пе? Оның сезіз жасар жасөспірім есірткі саудасын сапырып, шекарадан ерсіп-карсы есірткі алып откізе ала ма? Жок, эрине. Мұнда да мемлекеттік жауапты қызметтегі шенди шепеуінктердің қолтанбасы бар. Есірткі бизнесінің «крышаларына» құрық салынбай, жастардың нашақорлықтан арашалаймыз деген бос әүрсешілік.

Төртінші себеп - ете каршайым. Салауатты өмір салын жастар арасында насихаттау саналы түрде жүргізімей келеді. Мәселе, спорттың кай түрін аласын да, бұкараптық сипатты - кемпін. Спорттық жарыстарды тек мерекелерде ғана амалдың жоқтығынан үйімдастырамыз. Спорт мерекелік сипаттан бұкараптық сипатка күйспайышта. жастар арасындағы қылмыс, нашақорлық тыйылуы скіталай.

Бесіншіден, отбасындағы тәрбие олқылықтары жастар омірін орны толмас өкіпштерге ұрындыруда. Карьера қуган ата-ананың жұмысбастылығы жастардың теріс жолға түсүнне бірден-бір себеп болып отырғанын жасырын қалу мүмкін емес.

Індеш зерттеп, жіпкіс тізгендей стіп жаза берсек, жастардың «арыстандай айбатын, жолбарыстай қайратын» тұмшалан гүрган себеп те, салдар да жетші артылады. Ал, осы себептер мен салдарлар қоғам иығындағы ауыр жүк, зор жауапкершілікті танытса керек. Осылдан барып кішкін кімнен іздеуге болады? Жастардан ба, алде жастарға жағдай туғызбай отырған қоғамнан ба?

Осы сауалдың жауабын талғам тараразысына салып, саналы түрғыдан саралайтын кез жетті.

Эрине, жастар бойындағы жат қылыштардың етек алуына біржакты шікір айттып, бір ғана қоғамды қінәлаудан аулақтың «Ертегі ел тұтқалары» туралы жағымсыз шікірге жастарымыз да ез тарапынан қозғау салуда.

Жалпы, бұғынгі жастар «жаһандану» жұтқыншагына жұтылуға дайын тұр. Оның да сликкіш, елкітегіш жастардың тоқулы психологиясына қоғамдық түрғыдан дұрыс бағыт беру, толыққанды колдау көрсугү – мемлекеттің си бір қастерлі міндеттерінің бірі.

Жастары жарамсақ қоғам үшін касіреттің қақпаны алыс емес екенін екінің-бірі түсінеді де, мойындайды.

Әртүрлі діни ағым азында арандап жатқан жастарға қоғам мен мемлекет тараپынан сауықтыру жұмыстарын жеделдістепейтінш, «жарқын болашақ – жастар қолында» деп ұрандаған ғұлғымыз ешнәрсеге тірек болмайтыны бесенеден болжалғы. Сонда жастардың өз діни мен өз тілінен жерініп, жарамсақтанып жүргеніне көзжұмбайлық таңытып отыра бермекпіз бе?

Рес, бұғынгі жастар психологиясында өзгеше күштің ықпалы басым. Бұғынгі таңда жастарымыздың санасын жаһандық теория жаулап алған.

Бұрынғы мен бұғынгін жастары жайында салыс гырмалы түрғыдаң сөз қозғайтын болсак, әрине ұлттық рухтын үшкінын аңғару, өмірлік дәстүрдің тым болмаса, сарқыншатын әндау кылышың -кының-зу.

Бабаларымыз ұлына «он үште – отау иесі» деп өмір мектебінің какласын ерте ашқызыганды өз өзүстісін дәүлестін гана ойлаган жок, еддік мұхралты қоздеді. Үрпағының отауы мен қотанын сайлап, басына үй тігіш, алдына мал салып борғен еке баласын мың мәрте сынектан өткізіп, оны өмір сыннына әбден даярлған еди. Аузы дуалы аксақалдардың әнгімесін тыңдатып, соларға қаршадай ұлын атқосшы қылғанда, бабаларымыз ұтылып па еди?! Керісінше, далалық пәлсаладан яэр алын, ғамыр тартқан саналылық мектебі жас өркенде шынайы азамат етіп тәрбислеп шығарды емес ис?!

Ал, бұғынгі үрпак тәрбиесінде ше? Бұғашт ата-ана мансап жолында шаршал жүр. Карьера жолына бар аятын уақытын сарп еткен еке мен шеше ұядагы ұл-қыз тәрбиесине бас катырмайды. Ұялы телефоны бар, ақшасы бар. Басқасының бір жөні болар. Ал, мұндай жауапсыздықтың ақыры бір шаңыракты гана смес, тұтас ұлттың илемесе тұтас мемлекетті опық жегізетінің кайсымыз ойлап бас катырыл жатырмыз?

Мұндай мысал толып жатыр. Мәселен, ат жалын тартып мінген бүріншінің бозбаласы асау үйретіп, аргымак мініп жүрген болса, бұғынгының «түбіт мұрттары» компьютерге байланған. Сондай-ақ, сайын далада тазы жүргіртіп, саяткерлік құрган бабаның орнын бүтін ит-



мысығын мойынына асқан, тіпті оны аймалап, иіскейтін бозекслер басты.

Айналып келгендегі, осы келесіздіктердің барлығында қоғамның ықпалы басым. Жастар саясатын өз мәнінде жүргізе алмай отырган «жарымжан» идеологиямыздың кемістігін жасырып қала алмайтын шығармыз. «Жастар бұзылды», «жастарда ұйымшылдық жок», «қоғамға идея айтатын жастар жоқ» деген кінәмшіл пікір жастарды жалыннатпайды. Қерсінше, бықсын жаңған шалаға айналдыраты. Мұндай ғасырлайтын ұлтты орны тоғын қасретке ұрындыраш «ұлы көтөліктөр» катарына жататынын дәлелдей жату керсек емес шығар.

Осы орайда еврейлердің үрпақ тәрбиеленеу тәсілін тілге тиек еткім келеді. Еврей деген халық үрпагының санасына күшкентайынан «Сен – мықтысың! Сен – кемесідерсін! Дүниеде бізден асқан ұлы, бізден асқан данышпан ұлт жоқ. Сен – дарындығалымсын!» деген ұғымды құйыш есірелі екен. Адамзат тарихындағы тенденсі жоқ жетістіктер мен ашылған жаңа ылдамдықтардың басым көпшілігі осы еврейлердің еншісінде екенин мойындаған соң, үрпақ тәрбиесіндегі әлгі тәсілін тиімсіз деп қалай айтута болады. Бұл – «еврейлік рухтын» женисі.

Бізде де үрпақ тәрбиесін жүйсеге келтірмей болмайды. Кеше ғана «Жас Отан» жастар канатының съезіндегі сөйлеген созінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаев жастарға мемлекет тарапынан көрсетілтер қамкорлық ассылын көнегіту көректігіне ерекше тоқталдды. Жастар үшін тың мүмкіндіктер мен тиімділіктерге қол жеткізетін мемлекет басшысының сол байсалдағы бастамалары жергілікті жерлерде баянды түрде шешім тауып жатса нұр устине нұр болар еді. Құні бойы саралап, көлемді мақалага жүк кылған қыруар мәселе жергілікті атқарушы биліктің құзырындағы небары үш белімнің ғана функционалдық міндеті деп айттар едім. Олар – ішкі саясат, мәдениет, спорт және дене тәрбиесі белімдері. Осы белімдер жастар саясатын жүйелі жүргізбейнше, қоғам ілгері баспайды.

Әкіншікө орай, жастар саясатына жергілікті бюджеттесін белгінген каржы – бақылаусыз. Ал, жоспарланған іс-шара қағаз жүзіндегі ғана еткізіліп, әлгі белімдердің ресми есеп берсер уакытында ғана қадеге асып жатыр.

Жас үрпакты бабадан қалған асыл мұрамен сусынданта білсек, маскүнем үлдер мен жезекше қыздар қатары сирейтін еді.



Айтып-айтпай, не керек... Жастарга жағдай жасамасақ, біз кімге сенеміз? Қойнауы толған Қазақстан байшының мұрагері кім?

«Казыналы өнір» газеті, 2008 жыл.

## БІЗ – ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДАҒЫ ТӘУЕЛДІ БАСПАСӨЗДІҢ ЖАУЫНГЕРІМІЗ

Маусымның соңғы жексенбісі – бұқарағылқи акпарат құраідары қызыметкерлерінің кәсіби мерекесі. Қай мереке болмасын, келдей дастарқан жайып, көлгірсіп тілек айғудан аса алмай келс жатқанымыз шындық. Кез келген кәсіп иесінің жылына бір айналып келсін кәсіби мерекесі бар. Марапатка да, маңақтауга да осы мереке қарсанында карық болыш қаламыз. Мерекеде мықтап құрметтегі тастаган соң, сол кәсіп иесінің мұнына да, мұктажына, сырны да, пазына құлак аса коймайтын «тоң мойындығымыз» тәғы бар.

Менің бұл жолты өкшаша пікіріме бүтінгі баспасездің батпандай проблемасы, БАҚтың қоғамдағы беделі мен бағыты жүк болмак.

Тәуелсіз Қазақстанда қалыптаса басғаған демократиялық қоғамдағы баспасездің алған бағыты, бағындырган биіт турасында сез көзғар болсам, жалпы, баспасезді «кешегі», «бүгінгі» деп үстанған бағытына, сол дәуірдегі қоғам тынысына үн косу дәрежесіне карай белуге болады. Ал, қай қоғам, қай заманда да баспасездің көтергендің жүргі ауқымды болған. Қоғам баспасөз назарынан тыс қалмаган.

Кез келген дәуірдегі қоғамдық-саяси құбылыска колдана көрсетсе де, карсылық билдірсе де, алғашқы болып шілді айту бакыты баспасөзге бұйырған. Жеке релакцияның көзкарас-пікірін былай қойғанда, жекелеген мұдделі топтар, қоғамдық қозғалыстар мен үйымдар да өз айттарларын баспасөз арқылы айтканын, айтып жүргенін, айта беретіннін ұмытуға тиіс емеспіз. Сондыктан да, баспасөз қашанда қоғам айнасы болыш келгей. Енді осыған Алаш кесемі Элихан Бекейхановтың ХХ ғасырдың басында айткан «Газета – халықтың көзі, құлагы, һәм тілі» деп айткан алықтамасын косыңыз.



Казакстан мемлекеті өз тәуелсіздігін жариялағаннан берігі уақытта небір тарихи кезеңдерді басынаң өткесрі. Еліміздің ламу көзсін экономикалық дағдарыспен басталды. Ел басына күн тұмасада, «балапан – басына, тұрымтай – ғызына» деген вұыр жылдарды бастаған откердік. Елбасымыз Н.Назарбаевтың сыйдарлы саясаты арқасында біздің тәуелсіз қоғам тығырыктан тез шыкты. Тарих сахнасында «Казакстан» деген алеуеті зор мемлекет калыптасты.

Экономикалық-қаржылық ауылкушылық, саяси реформа, халықтың әлеуметтік тұрмысы, бәрі-бәрі алғашқы көздеңдей емес, өз ариасын тағтты. Осындай мазмұнда калыптасқаң қазақстандық қоғам мазасыз күйден арылыш, мамыражай күнгө жеткенін де көріп отырмыз. Дәл сондай сыйдарлы сәтте Казакстан баспасөзі Тәуелсіздікке прек бола отырып, Елбасының сабырлы саясатына салиқалағы ұғрыла қолдау көрсете білді деп айтуга әбден болады.

Мәселен, парық жүйесінің талаптарын қарапайым халықта түсінірү, жана тұрпаттағы қоғамды насиҳаттау, ишті бастамаларга қолдау корсету барысында баспасөз маңызды да, кастерлі міндеттерді абыраймен атқарды. Ел көңілінде жарқын болашаққа деген серініңді сенім, үкілі үміттің түбегеіші ұлауына баспасөз шекіз ықдал етті.

Ал, енді «медальдің екінші жағы» бар емес де??!

— Өте орынды сұрап. Біз ұшақ мәселе жөніндес когам басшылығын құлағдар стікен болатынбыз. Шалтай ауылдарға озімізде жасалған ұшакпен хат-хабар тасу туралы ұсыныс облыс экімі Серік Ахметов мырзаның таралынан да болған. Бұл мәселе қазір шешілу үстінде. Каржылай мүмкіндігіміз бар. Болашакта Карагандыда жасалған шағын ұшактар шалтай ауылдарға хат-хабер, газет-журнал таснтын шыгар... Ол күнге де жестерміз.

— «Казпошта» монополис не?

— Жасыратыны жок, пошта қызметі жағынан монополиспіз.

— Әлгінде ғерт жылдан бері ғариф көтермегендеріңіздің айтын қалдышыныз. Ал, пошта қызметі жағынан монополис бола тұрыш, ғариф тұрактылығын сақтауда не інерсеге әркі қарындағынан өтініп отырсыздар?

— Тариф – қаралайым халықтың қалтасы. Монополис екенбіз деп, баға көтерудін аргы жағында тұрган халық тағдырын ойдан шығаруға болмайды гой. Бұл жерде біздің қызметіміздің әлеуметтік мазмұны тариф тұрактылығына кепіл болып тұр.

— Өте жақсы! Біраз жайдын басын кайырган секілдіміз. Енді, соңында тұтынушыларыңызға, болмаса, билікке айтар құлакқагыс, ұсыныс-ғлектеріңіз бар ма?

— Билікке наз айтатын уақыт артта калды гой. Тұтынушыларымыз-



Төрт құбылам тең менің – әке-шешем, ата-енем



Отбасым



Батыр Тоқтар бала Тоқтардың гүсауын кесті



Каламгер ағалар ортасында – Ибраһим Бекмаханов,  
мен, Магауия Сембаев, Ораібек Жұнісұлы



Қазақтың тұнғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров  
және үстазым Магауия Сембаевпен бірге



Қазақ әнінің бүлбүлі Бибігүл Төлегеновамен



Қазақстанның Халық әртісі  
Мақшал Жұнісова кызы Мереймен



Мемлекет және қоғам  
кайраткері Қасымбек Медиев



Ұлағатты үстаз Шабал Бейсенбекова



Қайрагкер тұлға  
Мұхамбет Көпеев



Қазақ спортының майтаіманды  
Ғазым Жарылғапов



Ғалым Сара Сүлейменова



Талантты галым,  
экономист Жантай Бекинов



Тарихшы галым  
Ермек Адамбеков



Ұлағатты ұстаз  
Ошакбай Суханберлин



Ауыл шаруашылығының  
майталманы Кенжегара Куанышев



Устаз Қайрат Құттыбаев



Данқты құрылышы,  
КСРО Министрлер Кенесі  
сыйлығыны лауреаты  
Амангелді Зәмекбаев



Қарағанды облыстық сотының  
торағасы Ермек Серікбасов



Академик, КР Мемлекеттік  
сыйлығының  
лауреаты Арыстан Фазалиев



Ауыя шаруашылығының  
білгір маманы Эбүйірхан Толсұов



Ақын, журналистикадағы  
ұстазым Базарбай Әлеуханұлы



Құрылыштық қазақ қызы Қыздархан Дүйсенбаева



Талантты актер Кенес Нұрланов



Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Falym Әшімов



Қарағанды облыстық сот кеңессінің  
жетекшісі Дүйсен Құсбеков



Карқаралының қайсаң қызы Рауплан Жылтыбаев



«Казпошта» АҚ Қарағанды филиалынын директоры  
Жанбота Бекенов



Жомарт жүректі кәсіпкер, «ҚР Білім меценаты» Бекзат Алтынб



Айтыхысер ақын, ғалым Қойлыбай Асан



Арқа ән мектебінің мұрагері, ғалантты әтпші Сержан Мұсайын



га, жалпы халыққа айттар ғлєгіміз ғана бар. Фасырлар бойы бабалары-  
мыздын арманы болған Тәуелсіздігіміздің 20 жылдық мерсекесі құтты  
болсын! Рұхымыз биңк болып, көл-косір қуанышка кенеле бірек!

Еліміз тұғырлы, халқымыз ғұмырлы болсын!

— Рахмет!

«Орталық Қазакстан» газеті, 2011 жыл.

### ТҮРКІ ӘЛЕМІ ҚАСЫМТАНУҒА ТУРЕҢ САЛДЫ

Дауылпаз Қасым Аманжоловтың 100 жылдық мерей-  
тойы бір ғана қазақ халқының ғана емес, тұғас түркі әлемінін  
мейманасын тасыткан рух мерекесі болғаны белгілі. Оған  
ұлы ақынның тұған жерінде откен үйбірлі мерекеге арнағы  
қатысқан қылқаралық «Түріксоғы» ұйымының Бас хатшы-  
сы, жерлесіміз Дүйсен Қасемғиев мырзаның Қасым мұрасын  
түркі тілдес халықтардың ортақ қазынасына айналдыру  
мақсатындағы бастама-жоспарлары сершін бергенін ерекше атан  
өтүіміз керек. Сондай-ақ, Қарқаралыдан бастау алған Қасым  
тойы Дүйсен мырзаның үйіткы болуымен Қара теңіздің аргы  
жағалдаудың бауырлас Турік елінде жарасымды жалғасын  
тапты. Түркияның Ялов қаласында салтанат құрған ақын той-  
ына қазақ елшіен, оның ішінде Қарағанды, Қарқаралыдан ар-  
нағы делегация катысын қайтты. Бауырлас елте Қасым-рухың  
байрағын желбіретіп барған толтың кұрамында белгілі ақын,  
«Қазақ энциклопедиясының» Бас редакторы Бауыржан Жакып,  
Қазақстаниң еңбік сінірген қайраткері, тавымал әнші Мейірхан  
Адамбеков және Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді да-  
мыту бөлімшін бастығы Раушан Жылғыбаева болды. Қазактың  
Қасымын тұғас түркі әлемінің горіне оздырыған сапардың маңызы  
жайында Раушан Рашилқызына жолығып, сұхбаттасқан едік.

– Раушан Рашидқызы, әнгімелізді Түркия сапарының мәнмәзүні жайында бастасаң...

– Алаштың аяулы Қасымың түркі әлемі ұлы ақын деген танитының бүрүн білмеппіз. Жасыратыны жок, әр Қасымды өзіміз енді ғана танып, төбемізге көтеріп жаткан жоқпыз ба?! Рас, біз Қасымды пір тұтып, көкке күтсруге асықпаган ексібіз. Ұлы Қасымды бүкіл түркі әлеміне танытып, оның бай мұрасын туысқандарға насихаттауда жерлесіміз, ұлтжанды азамат Дүйсен Қасейнов басқарып отырган «Түріксој» халықаралық үйімі кыруар іс тындарған екеп. Таңдай қағып, таңданып қайттық. Бауырластардың дауылпаз Қасымға деген шексіз құрмет мен ыстық ықыласын көргендес бойымызды кернеген мақтаныш сезімін сөзбен айттып жеткізу мүмкін емес. Тұбі бір – Кек Түріктің ұрпағымызға той, рухымыздың ортақтығы жатыркамай жақындасуымызға сеп болды. Ои алты елдің әкілдері жиналып, ұлы Қасымды ұлықтадық, дәршітедік. Керемет мазмұнды, гажан манызды сапар болды. Алған әсерімді тұмен айттып, жеткізе алар емесспін...

– Сонда, бұл жиынның ресми атауы қалай?

– Бастаманы көтеруші – Дүйсен Қасейнов мырза. Ал, ресми атауы – қазак халқының ұлы ақыны Қасым Аманжоловтың туганына 100 жыл толуына ариалған II-халықаралық симпозиум. Мартебелі жиынға құрамында ақындары мен аудармашылары бар, құрлықтың он алты елнің әкілдері катысты.

– Бәрекелді! Енді шара бағдарламасының ерекшеліктеріне текталып отсаныз...

– Ен бастысы, мен ақынның туган жері Каркараалыны көрнеген Қасым-рухпен Түркия төрінде де қауыптым. Бізді Стамбул әуежайынан құшак жая карсы алған түрік ағайындар Қыргызстан, Туркіменстан елдерінен келген меймандармен бірге Мәрмәр генізин теплоход арқылы өткізіп, Ялов қаласына алып келді. Қала какласын ашкан бестте «тәқаппар дүниесе» аскак рухпен көз көдеган Қасымның бейнесін көрдік. Толқын кеттік. Куанышымызды шек жок. Ұлы ақынның рухты бейнесі сомдалған осындағы билбордтар қаланың барлық көшелеріне ілінген екен. Бауырлас елдің казақ дауылпазына деген шынайы құрметін осылай таныдық.

Салтанатты шара Раиф Динчкок атындағы мәдениет орталығында етті. Қазак халқының дауылпаз ақынның 100 жылдығына ариалған мерекеіл шараның ашылу салтанатында «Түріксој» халықаралық



ұйымының бас хатшысы Дүйсен Қасейнов, Ялов қаласы губернаторының орынбасары Саим Эсқиоглу, қала мэрі Якуп Бильгин Кочал, Еуразия Жазушылар одагының төрагасы Якуп Димероглы, Ялов университетінің ректоры Ниязи Эруслу және Каркаралы ауданы әкімдігінің әкіп ретінде мен сөйлемдім.

Бірінші болып сез алған Дүйсен Қасейнов Қасым Аманжоловтың қазақ поэзиясында алғатын орны жайында, қазақ жырына Қасым экелген рух төнгрегінде кеңінен сез көзғап, ақын мерейтойының туган еліндегі дүбірі жайлы әңгімеледі. Сондай-ақ, сезінің соңында симпозиумның мәртебелі мәймандарына, Қасым жырларын өз тұлдериңе тәржималаган аудармашыларға «Қасым Аманжолов – 100 жыл» мерекелік төсбелгісі мен ақынның рухты көлбеті бейнеленген ескерткіш сыйлықтар тапсырыды. Біз де Каркаралы өнірінен арнаіы апарған сыйлықтарымызды қала мэрі Якуп Кочалға табыс етті, мығына қазакы дәстүрмен шапан жалтық.

Бір сөзben айтқанда, түрік бауырлардың қазақ халқына деген ыстық ықыласы мен Қасым шығармашылығына көрсеткен шынайы күрметтері қөнімізді аспандатып жіберді. Мен сөзімнің арасында Қасым Аманжолов елеңдерінен үзінді оқытан сәттегі бауырластардың кошеметін көрсөнз... Симпозиумың ресми белімінен кеңін әр елдің ақындары Қасым өлеңдерінің өз гілдеріндегі тәржімасын оқыды. Қасым мұрасының осынша тілге аударылып, бүкіл түркі әлемінс рух болып тараганына көзіміз жетті. Жерлесіміз Мейірхан Адамбековтің орындауындағы Қасым әндері барша меймандарды ерекше әсерге беледі. Біздің «конак кадеміз» мұнымен шектелген жок. Делегацияны бастап барған қазактың көрнекті ақыны Бауыржан Жақып та Қасым өлеңдерін ерекше мәнермен оқып, жиналғандарды тәнітті етті.

Сонымен катар, іс-шара барысында Қасым Аманжолов шығармашылығына арналған ғылыми баяндамалар жасалып, ақын өмірі жайында түсірілген деректі фильм көрсетілді. Сонынан Түркия мәдениет министрлігінс карасты Түрк музыкасы ансамблі мен белгілі әншісі Эсата Кабакұның концертті тамашалады.

— Шынымен де, бұл шара түбі бір түркі әлемінің рухани дүниесіне серпіліс экелген мереке болған екен. Ал, Сіз үшін бұл сапардың басты олжасы не болды?

— Ең бастысы, бұл сапартуысан елдер арасындағы ынтымактастық, достық қарым-қатынастың алтын көпіріне айналды. Түркі тілдес ел-

дер арасындағы рухани байланыстын жаңдануына манызды қадам жасауды. Жалпы, бұл салардың олжасы көп болды. Сонын үшіндегі маныздысы – Ялов қаласындағы халық көп жиппалатын орталыктардың біріне Қасым ескерткішін орнату және қаланын бір көшесіне Қасым Аманжолов есімін беру жөніндең қала мэрінің мәлімдемесі. Сондай-ақ, Қасым тұган Каркаралы үшін ең гиподжоба – казактың Каркараалысы мен түркігін Ялов қаласы арасында бауырлас кала келісімі жасалатын болды. Бұл туралы кала мэрі Якуп Коңал ресми мәлімдеп, Каркараалы ауданының әкімі Халел Макұтовқа Ялов қаласының сувенир макетін сыйға тартты. Алыстагы бауырластар аманатын аудан әкіміне жеткілік табыстаған едік, ол шынайы ризашылығын билдіріп, макетті аудандық мұражайға тапсырды.

Шара корытындысындағы Еуразия Жазушылар одагының төрағасы Якуп Димероглы мырзаның:

– Қазактың Қасымына бір Сіздерлің маңдаштарыңыз тарлық етеді. «Ей, тәқапнар дүние!» деп, ұзын казак жырының рухын алемге танытқан ақынның мол мұрасына біз әлемдік руханияттың көшелі көзкарасын калыптастырып, оны тұтас түркі әлемінің ортақ ақынның айналдыруымыз керек, – деген пікірі бәрімізге ой салды және бұл пікір шараға қатысуыш түркі тілдес елдердің ақындары гаралынан қызу қолдау тапты.

– Әнгімешзге көп раҳмет!

«Орталық Қазақстан» газеті, 2011 жыл.

Белгілі театр және кино актері, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Кенес Әймханұлы НҰРЛАНОВ:

**«МЕНДЕ – ЕЛ СИЯҚТЫ АСАНӨЛІ АҒАНЫ  
ЖЕК ҚӨРГЕҢ ҚӨРЕРМЕҢМІН»**

Біз білеміз бс? Қазақ киносы мен театрында небір толағай рөлдерді сомдаған талантты актер Кенес Нұрлановтың өнерлі өлке – Актогайдың тумасы сценін... Білмесек, біле жүрейік. Иә, Кенес Әймханұлы 1962



жылы 1 наурызда Ақтогай селосында дүниеге келген. Карапайым ғана ауыл мектебі мұғалімінің баласы. Биыл шыгармашылық жолының отзызыншы белесін багындырып отыр.

Киносүйер кауымға «Айдай сұлу Айсұлу» картинасындағы арудың ағасы – қобызшы Жаксыгелдинің, актандар жылдар ақиқатын баяндайтын «Жансебіл» фильміндегі Мұқатайдың касіретті гагдырын, «Батыр Баяндағы» Ноянның бейнесін шебер сомдау арқылы танылған жерлесіміздің енер-баяны мен тәгдыш-баянын сыр суыртпактаң, сұхбат күрган едік. Сэтті түсे кеткен сұхбаттың сырға толы сұлбасын назарларынызға ұсынып отырмыз.

### Бала қиял

немесе Сарытерек сақнасынан басталған анер жолы

– Кенес аға, шыгармашылық жолыныздың ордалы тойы құтты болсың! Бұтнғы сыр-сұхбатымызды толқынында касмет бар Токырауын жағасында қалған балдауруен шағыныздан бастасақ...

– Рахмет! Иә, мекін ғұмыр-баяным да, енер-баяным да Токырауын жағасында, Шатыршаның етегінде басталған. Бес жасыма дейін аудан орталыны – Ақтогай селосында тұрдық. Мен 5 жасқа толған жылы экей марқұм Сарытерек аулындағы орта мектепке директор болып ауысыпты да, біз балғын шағымын алтын бесігі болған сол ауылға қоныс аударылпсыз. Орта мектепті Сарытеректе бітірдім. Жалпы, мен тұған топырак ән әлемінің актүйғыны Әсеттің, ғасыр бұлбұлы Құләштің, Арқа әнінің маңмангері Манарабектің жөргегі той. Қасиетті онер осы киелі топырақтан дарыған болар...

Әкем Әзімхан бар саналы ғұмырын ұстаздықка арнаган қарағайым мұғалім еді. Ал, шешем Гүлбаршын ауыл мектебіндегі кітапханаңы болып кызмет етті.

Әке кіндігінен бес ағайындымыз. Мен – ортанышсымын. Қатты ерке, тым тентек болған жоқлын. Мүмкін ортаныш бала болғандықтан шыгар... Негізі, мұғалімінің баласы басқаға үлгі болу керек деген қағида болды той ол кезде. Онын үстіне, әкеміз – қатардағы мұғалім емес, мектеп директоры. Соңдықтан болар мактандылым емес, тәртібі



де, сабагы да үлгілі оқушының бірі болып бой түзедік.

— Экенізді әке ретінде немесе мектеп директоры ретінде қатты ренжіткен кезініз болды ма?

— Сонша қатты қоңылған калдырган сөтім болған жок. Эрине, бала болған соң, кейде ағаттық жасап қалып, әкенін аузынан «игтін күшігі» деген кейіс сөзді естімдік деп айта алмаймын. Олдай ұсақ-гүйек тентектіктер болып түрлі ғой. Ал, казір ойлаймын, әкей марқұмды қатты ренжіткен кезім ең алғаш ата-анама өнер адамы болғым келетін бала киялымды жария еткен күнім болды деп. Бірақ, әкем марқұм сондай сабырлы кісі болатын. Мениң өнер жолын тандауыма деген карсылығын үндемей ғана сездірді. Ол кезде барлық ата-ана үгымында өнер адамдары туралы жансак пікір болғаны белгілі ғой. Мүмкін, әкем мениң сабак үлгеріміне қарал, оз жолын қуады, муталым болады деп ойлаған да шығар... Әйттеуір, мениң болашак жоспарымды үндемей қа-былдағаны есімде.

— Ардакты жанды томсырайтын тастаған «өнер жолын қусам» деген бала қылышында қашап өянып еді?

— Эрине, жоғары салынтарда оқып жүрген кезімде. Мениң өнерге жасаған алғашкы қадамым Сарытеректегі мектеп сахнасынан басталған. Әдестегідей, көркемөнерпаздар үйрмесінде. Сонымен катар, мениң өнерге деген ықыласымды ояткан — «Токырауын толқыны» ансамблі мен «Қыз Жібек» фильмі. «Токырауын толқыны» Сарытерекке жиі келеді. Бірде концертпен келсе, келесі жолы аудыл сахнасына шағын спектакльдер ұсынады. Қызығамыз. Сол «Токырауын толқындарының» құрамындағы өнерпаз аға-апаларымың бізге Алматының немесе Мәскеудін жүлдyzдарынан бір мыскада да кем көрінбейтін. Сонымен катар, Карагандындағы өнердін карашаңырагы Сәкен театры жиі келіп, ғамаша қойылымдарымен тамсандырып жететін Сарытерек жүртшылығын. Сондай-ақ, жалғыз мен емес, біздің буынды ерекше еліктірғен «Қыз Жібек» фильмі келді аудылға. Сол фильмді көргеннен кейін бала киялымды Төлеғен жаулап алды да, мен біржола өнер адамы боламын деген ұстанымға бекідім.

Бұл ойымды ашық жария еткеннен кейін томсырайып, ренжіңкірсп җүрген әкем бір жолы Карагандыдан домбырасатып әкелді. Өке – балага



сынышы емес пе, менің бойындағы бірбеткейлік пем табандылықты сезген болар. Шерту білмеймін. Сонда да керемет куандым. Сол кезде ауылымызда селолық кенестін хатшысы болып істейтін Серік Қасенбеков есімді коршіліміз болған. Сыртай мен домбырада шебер ойнайғын. Сол кісіден домбыра шертулің әліппесін «Кіндігімнің жас каны...» деп басталатын «Ауылым» энінің әуесін шерту арқылы үйрендім де, мектеп көркеменерпаздары үйрмесінің «жұлдызы» болып шаға келдім. Ары қарай домбыра тарту шеберлігімді сынныптас досым – Қазтай Нақанов (қазір Қарағандың тұралы) шыңдады. Сейтін, менің өнердегі жолым осылай басталған.

Өнерге бару жөніндегі әке рұксатын алған сон, мені театр институтына тарих ләннің мұғалімі Секен Көбенов деген ұстазым дайындағы. Ол кісі мәнерлелі окудың, сатирылық шығармаларды орындаудың һас шебері болатын. Бүтінде марқұм болып кетті, иманды болғыр.

### **«Мен де өнерге саналы түрде келдім»**

— Кенес аға, өнерге әркім әркілі жолмен келеді. Біреу кездейсок, біреу максатты түрде. Әсіреле, кино өнеріне актерлік талапты кемшін бола тұра, сыртқы сымбаты арқылы келетіндер көн. Сіз...

— Мен өнерге саналы түрде келдім. Әлгінде айтыш өттім гой, менін өнерге деген ықыласымды «Қыз Жібек» ояты. Төлегенге еліктедік. Еліктеп кана қоймай, табындық. Ал, Бекежанның бейнесін сомдаган Асанәлі ағаны ел сиякты, мен де жек көрдім. Асекен туралы пікірім Алматы театр және көркеменер институтына (қазіргі Т.Жургенов атындағы өнер академиясы) оқуга түсіп, қазақ өнершін кара нарынан дөріс алған жылдарда бір-ак взгерген. Асанәлі ағанының басындағы жағдайды өзім театр сахнасында «Айман-Шолпандағы» Қотыр шалдың рөлін сомдаганда жан-танніммен түйсіне бастадым. Кейін туғында, көрерменге тірі журген Бекежандай әсер калдыру тенденсі жоқ шеберлік екен гой.

Арманымды аялал, өнерге деген ықыласымды сяткан «Қыз Жібек» маган осындай әсер калдырган. Ол әсер талғамды ояты. Талғам мені



өнерге алып келді. Сол талғамның арқасында өнер жолында табанды бола билдім. Табандылықтың арқасында азды-көптөгөн абыробайға көнеліп отырмыз. Әйтпесе, сонау 90-жылдардагы дәғдарыс кезінде көрермені жок, айлығы шайлығына жеттейтін театрда елермендікпен өнер көрсеттер ме едік?! Қазір де жетісіп жүргеніміз шамалы.

— Қазір демекші, қазір қайдасыз?

— Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы театрынан қатардағы актерімін. Алматыда қазақ өнерінің екі іргелі ордасы – F.Мұсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театры мен М.Әуезов атындағы академиялық театрда да бірқатар жыл еңбек еттім. Астанага арнайы шакыртумен қоныс аудардык.

— Өнердегі еліктеу үрлісі жеміс бере ме?

— Еліктеу жайында қарама-қайшы пікірлер көп айтылады. Біреулер: «еліктеу тоқырауға алып келеді» десе, біреулер «еліктеудің жемісін көріп жүрміз» дейді. Мен айтар едім, еліктеу қажет деп. Қазақ кино өнері мен театр сахнасында айшыкты колтапбасын қалдырган тұлғалордың қай-қайсысы да – еліктеуге ғұрарлық тарандар. Олардың барлығы да – өнерге жаңа қадам басқан жастар үшин бағыт сілтер бағдаршам. Кез келген өнер адамы еліктеу арқылы өзін габады. Ал, тек бір ғана тұлғага еліктеу, жетістікті сол тұлғаның деңгейінде ғана деп ойлау тоқырауға әкелу мүмкін. Өз басым қазақ өнерінің жүлдіздары Шолпан Жандарбековадан да, Асанәлі Әшімовтан де, Нұрмұхан Жантөріннен де, Әнуарбек Байжанбаевтан да, Есім Сегізбаевтан да үйрәндім. Солардың барлығына еліккедім. Қажетімді алдым.

Негізі, еліктеуден ғөрі өнерге деген ықылас иен адалдық – жемісті. Менің өнерге ықыласты болғаным соншалық, бала күнімде мектеп оқушыларына рұқсат етілмейтін тұнғы киноларға үрланып баратынын. Үрланып барған сон, залда отыру мүмкін емес. Киномеханиктің будкасындағы алақандай тесіктен тамашалайтынмын киноны. Кино біткеннен кейін, шапылып жаткан таспалардың киындыларып жинап аламын да, уйға келген сон әлгілерді бірдене қытып жалғап, әкемнің мектептен алып келтен днафильм дейтін аппаратына салып, керемет көркем фильм көргендей рахаттанагынып. (Таспа үзіктерін жалғап отырғанда Қенес аға болашақта қазақ өнерінің үзігін жалғап.

## *Aқ сөйлемін ақиқат алаңында*



олқылығын толтыратын талантты актер болатынын ойлады ма екен? Е.М.) Міне, өнерге деген ықылас! Аллага шүкір, бала кезден оянган осы ықыластың аркасында жемиссіз болған жоқпыш.

– Жоғарыда өнердегі бірқағар ұстаздарыныздың есімі күрметпен атаңды. Ал, институтта кімнің сыныбында оқыдыныз?

– Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлыктың иегері, профессор Шолдан Жандарбекованаң сыныбында оқыдым. Институтта дәріс берген ұстаздарымның осалы жоқ. Жоғарыда аты аталған ұстаздарымнан взғе Татьяна Қасымова, Тілжектес Мейрамов сыңды өнір гарландарапанан гәлім алдым.

## *«Қазақ киносы қайтадан қапаттаннып келеді»*

– Табиғатыңызга кино алаңы мен театр сақнасының кайсысы жақын?

– Екеуі де. Мен кино мен тсағрыды беле-жарып көрген емесмін. Екеуі де – қасиетті өнер.

– Алғашқы түскен киноы?

– Тұңғыш рет кино түсіру алаңына «Айдай сұлу Айсұлу» картинасы арқылы келдім. Бұл фильмде Айсұлудың ағасы қобызышы Жаксырелдинің бейнесін сомдадым. Одан кейин Қарағандыда Мәскеудің тапсырысымен түсірілген «Могоцилді адам» фильміне түстім. Шахтерлер өмірі жайлы түсіришін телефильм болатын. Сол туындыға түсү барысында Карагандының тереңдігі 700 метрлік шынырау шахтасында болғаным бар. Бұл фильм казір Қазакстанда көрсетіліп жүрген жоқ. Мәскеудің коржыныңда кетті.

Одан кейин қазақ киноиндустриясының шоктығы бінк туындысы «Жансебілде» Мұқатайдын ролі бүйіргеді. Ал, мені қалың қөрерменге танымаған еткен – «Батыр Баяндағы» Ноянын ролі.

– Ноянын роліне кастинг арқылы кеплініз бе?

– Жоқ. Театр труппасымен сапарға жіт шығамыз. Кеп киноларға жарияланған кастингтер туралы хабардар бояза бермейміз. Ноян роліне кастинг жарияланған. Алайда, режиссер Сламбек Тұкуненовтің талғамында сай Ноян табыла қоймапты. Мен алдында «Жансебілге»

түскенмін. «Жансебілдің» режиссері Аяған Шәжімбаев Слямбек Тауkenовке «Ноянның рөліне қояйлы бір жігіт бар. Сен мениң «Мұқатайымды» көрши» демей ме... Содан шакырту алып, режиссер Тауkenовтың сыйынан сүрінбей өттім де, Поян рөлін сомдаш шыктым.

— Қазіргі казақ киносының атаулы туралы касіби актер ретінде шікіріңіңі білгіміз келеді. Бұғынғы киногерлер туындыларын көрермен үшін емес, фестиваль үшін түсіріп жүрген жоқ па?

— Орынды сұрак Дегенмен, мен кино сыйшысы емесмін. Ал, кәсіби актер ретінде сіздің әріптестеріңізге сұхбат беру кезінде өткір пікір айтамын деп. кейбір агаларымның өкілесіне қалғаным бар. Содан бері казақ киносы туралы пікір айтудан қашқақтап журмін. Десек те, казақ киноиндустриясында кесек туындылар да, ішерілеу де бар. Даңып, қайтадан қанат жайып келеді.

— Қазақ киносының 11-шілегендегі дәпелдейтін фильмдердің кагарында қандай туындыларды атар едіңіз?

— Бар. Кешегі «Кыз Жібекпен», «Мепін атын Кожамен», «Бандыны кутан Хамитпен», «Амангелді», «Атаманның ақырымен» катар қоюға келмесе де, сәтті шыққан туындыларымыз бар. Айтар едім, Ақан Сатаевтің «Жау жүрек мын баласы», Доссан Жолжаксыновтың «Біржан салы» әлем киногерлерінің алдында қазакты жерге қаратпайды деп.

— Әуескій киногерлердің еңбегін калай бағалаісyz? Олар Сізге ралдер ұсыныш көрді ме?

— Кино шығынын өз қалталарынан шыгарып, отандық кино өндірісіне үлестерін қосып жүрген әуескій киногерлердің еңбегін жоққа шып аруға болмайды. Ең бастысы оларда ізденис бар, идея бар. Әрине, кәсібілік жетіспей жағатын шыгар. Дегенмен, жасалған еңбек, тегілтег тер, гипті, жұмсалған каржыны бағалауға тиісіз. Бірақ, әуескійлардың колына тарихи дүниелерді берген дүрсіс емес.

Ал, өз басым әуескійлар ұсынысымен бір-екі фильмге түстім. Жалпы, мен ұсыныстан бас тартып көрген емесмін. Кім жасаса да, ұсыныс сенің таланттыңды бағалау арқылы жасалып тұр. Сондыктан, одан бас тарту әбестік болар еди.

Мен Еркін Ракышевтің «Жетімдер» фильмінде балалардың экесінің



рөлінде ойнадым. Ерекен ұсыныс жасады, мен құп алдым. Осы «Жетімдер» фильмін «жерден алғып, жерге салғандар» болды. Қайшы пікірлер негізінде режиссерді талантсыз, туындыны түккө тұрмайды деуте болмайды той. Мен Рақышевті талантсыз деп ешқашан айтпас едім. Кино түсіруге ииет еткеннін бәрі Шәкен Айманов емес кой. «Жетімдер» – көсібілігі кемшін демесеңіз, алтар ойы арқылы көрермен сұранысына не болған туынды. Қосындылік жок болғанымен, емір бар, бүгінгі адамдардың піғылды бар.

— Театрда болсын, кинода болсын, жаңынызға жақын болған ролінді...

— Мен қаңдай рөлді ойнасам да, кейіпкермен біртұтас болуга ұмтылдым. Ал. кейіпкерден болыну сәттілікке экелмейді. Сондыктан да, мен ойнаған рөлдердің барлығы, мейлі ол жағымсыз, мейли жағымды рөл болсын, жаңыма жақын.

— Өнердегі ролдерінізге гәйтіміз. Ал, емірдің өзі – театр десек, Сіз өмірдегі өз ролінізді қаншалықты дештіде сәтті ойнаш жүрмін деп ойлайсыз?

— Мендік қагида: сахнада – бейне, емірде – ұстаным. Ұстанымнан, адалдықтан айнып көрген еместін. Өзгөнін қуанышына шаттанып, қайғысына қамыға алаңын.

### **«Батыр Баянды» жарыммен қатар отырып тамашаламаппны»**

— «Орталықтың» оқырмандарының отбасының туралы айта кетсөніз...

— Жарымның есімі – Бибігүл. Алланың берген үш баладанын мәпелеп всіріп жатырмыз. Үлкен ұлымыздың есімі – Аян, екіншіміз – қызы бала, есімі – Баян. Кенжеміз – Шұғыла мектепте оқыды. Алды ержетіп, бойжеткенімен, аяқтанғаны жоқ. Қызық күтіп отырмыз.

— Женгеміз онер адамы ма?

— Жоқ. Мұлде басқа саланың қызметкери.

— Балалардың өнерге бейімі бар ма?

— Жок. Тек, кішкентайымыз Шұғыла көркем гимнастикамен шұғылданып жүр. Тәп-тәуір жетістіктері де бар. Астана құрамасының салында. Алла қаласа, бапкері Қазақстан құрамасына қарді дсп үміт артып жүр.

— Кенес ата, «Батыр Баян» фильмінде қалмақтың қызымен кашқан Ноңды батыр ағасы атып тастағанда, қалып көрерменің Баянмен бірге көз жасына ерік бергені белгілі. Женгеміз жылады ма?

— Шындығын айтаймын, бұз фильмді женгемен қатар отырып та- машалап көрмеппін. Жыласа, жылаған шыгар... Білмеймін (күлді), сұрамаппын да...

— Алла жылжатасын! Әсерлі әпгіменізге көп рахмет!

«Орталық Қазақстан» газеті, 2013 жыл.



Әмбіл, Тәттімбет атындағы Қараланзы анип колледжді тауық айдері ба. әмбінін меншерушісі Сержан МҰСАЙШЫ:

### **«АРКАНЫҢ ӘНІ – ҚАЗАҚ ӘНІНІҢ КЛАССИКАСЫ»**

Жерлесіміз, республикаға танымал ани, Халықаралық «Шабығ» фестивалінің (2002 ж.) жеңімпазы, Жүсінбек Елебеков атындағы (1998 ж.), Мәдін атындағы (2005 ж.) республиканың байқауларапын және Қасым әндерін орындаушылардың республиканың (2011 ж.) байқауының Бас жүлдегері, Әміре Қашаубаев атындағы (2002 ж.) республиканың байқауының екінші орын негері Сержан Мұсайынды өкірмәнге таныстырып жатудың взі артық болар. Еңдеши бүгінгі әңгіме өзегіне анынғы Арқа ән мектебі, оның ләріштелі, баба мұрасының настарттаудағы Тәттімбет атындағы колледждің азар орыны жайындағы шікіртері мен әнні Сержанның үстаздық кыры арқау болмак.

— Сержан, әңгіме тиегін дастүрлі сұрақпен ағытсақ... Өнерге калай келдіңіз?

— Аллага шүкір, өнерге кездейсок келгендердің катарынан емесsein. Ән айтуға тым жас шагынан ынтығып, кисл өнергес мархаббатты ма-хаббатпен келдім. Талап пон талғам қабықсан жерде таланттың жолы – ашық. Менін өнерге келу жолымды осы деңгейден бағамдауга болады.

1992 жылы казір өзім үстаздық етші жүрген Тәттімбет атындағы колледжге құжат таңсырганмын. Ол кезде колледжде халық әндері мамандығы жоқ еді. Енді ғана Тәуелсіздікке колымыз жетіп, барымызды енді түгендеп жаткан көзіміз той. Бір сөзбен айқанда, қазақ әні суропатық классикага жоз беріп, қазақ жастары эстрадада қол беріп тұрган кез. Кара домбырамды аркалап, ауылдан келгеси менің алдында осындай орта тұрды. Жастығым шығар, халық әндері мамандығы жоқ болса да, әйтеуір өнерде, саңада жүрсем болды деген истиңен таусекел стуіме тұра келді. Сынектан да сүрінген жоқ секілді едім. Алайда, шешей «Окуға гүсе алмадың, ауылта кайтамыз» деді де, елге оралдык.

Кейін білдім, мен сол кезде окуга түскен екенмін. Бірақ, жанашыр ағалар анама: «балаңыздың даусысы гажап. Дегенмен, мына жерде оны дайындастын маман жок. Қазір басқа жандын мамандары өз техникаларына салып, баланың даусын күртады. Баланың даусын, өзін сақтағыңыз келсе, мұнда қалманыздар» депті. Сейтіп. Каркаралыға келіп, зооветтехникумға (қазіргі аграрлық колледж) түстім. Екі жыл сонда оқыдым. Бар ынтым – әндe. Мал дәрігері деген мамандыққа мүлде зауқым жок. Амалсыздан жүрмін. Ата-ана ықпалынан шыгу, олардың шешіміне қарсылық білдру деген жок. Самарқау калыппен сабакқа барып келемін. Сонымен, мал дәрігері болуга қас-қагым ғана сәт қалғанда, мен үшін өнер жолы, құдіретті ән қақпасы қайға ашылды.

– Қалайша?

– Қарқаралыда Жүсілбек Елебеков атындағы аудандық байқау өтетін болып, қызу дайынлық жүріп жатты. Мен катысуға ишет билдірдім. Алайда, аяқ астынан ағам қайтыс болды да, байқауға катыса алмадым. Женімпаздар мен жұлдегерлер Қарағандыда өтетін облыстық байқауға дайындалып жатыр. Қазак өнерінің өрле жанашыры, сол кезде аудан мәдениетінің тізгінің ұстап жүрген Сайлау Элиев менің әншімді тыңдап, өнеріме тәніт болып жүрсө керек, маган облыстық байқауға катысу жөнінде ұсыныс айтты. Арқа әншің актаңкері Мейірхан ағаның (Адамбеков) әндері жазылған таспаларды берді де: «Ал, дайындал! Облыстық байқауға катысасың» деді. Бұл 1994 жыл болатын. Мекең ағамның ән таспасы мен үшін консерваторияның алғашқы курсындей болды. Кеп үйрендім. Сиқырлы ән ирімдегерін әжептәуір менгеріп те қалдым. Сейтіп, Жүсілбек Елебеков атындағы облыстық байқауға катысыл, бағым жанды. Екінші орын иелендім. Қазылар алқасының төрагасы қазак әнінші дүлдүлі Бекболат Тілеухан болды. Осы байқауда кейін Бекен мені Алматыға шақырды. Ойламаган жерден Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияның студенті болып шыға келдім. Бекболат ағаның класында оқыдым. Қайрат Байбосыновтан дәріс алдым. Міне, қасиетті өнерге осылайша зор талап, орасан табандылықпен келген жайым бар.

– Енбек жолының қай өнер ұжымында басталды?

## *Ак сойлеудім ақырат атаңында*



– 1998 жылды, консерваториянын сонғы курсында оқып жүргендеге, мемлекеттік «Гүлдер» ансамбліне кабылдағыым. Бұл кезде Жүсекен атындағы республикатық байқаудың Бас жүлдесін иеленіп, сл аузына тиңіп калған едім. Сондай-ақ, КР Үлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызыметшінән ән-би ансамблінде энші болып істелім. Оку бар, бір емес, екі жұмыс, арасында концерттер бар. Шаршамай, табандылық танытудың арқасында өнердің өз деңгейіндегі биіктірінің алғашқы баспа дақтарын бағындыра бастадым.

– Өнершізбен етепе таныс лостарының Сізді театр ғатынасында да ғамаша опер көрсеткен дейді. Рәс па?

– Рәс. Тұракты түрде қызымет іstemесек те, ара-тұра шакырту алғып, бүйірган рольдерді шамам жеткенше сомдағаным бар. Мәселен, Больш Ағабаевтың шакыртымымен «Естайдың Корланы» қойылымында Естай ақының жастық шағын ойнаганым есімнен кетпейді.

– Өнерден қол үзіп, саяқ кеткен сэттерінің болды ма?

– Болды. 2001 жылы бір жылдай сахнадан саяқ кеткенім бар. Сананы тұрмыс билеген заман болды ет. «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына» дегендей. Сол кезде құлқын үшін емес, күнкөріс үшін басқа салага ат ізін салғанымып. Бірақ, көп үзамай, өнерге кайтып келдім. Өнер болғанда да, өзімнің Қарағандыма кайтып келдім. 2002 жылы. Қазактың кайрагтер қыздарының бірі. опер мен мәдениеттің үлкен жүректі жанашыры Рымбала Кенжебалақызының шақыруымын көдім еліме. Жассынбай, жатыркамай, орталарына тарған аға-апаларыма дән ризамын.

– Еліміздің шоу-бизнесінде эстради жанры басымдыққа не болып отырғаны жасырын емес. Себеп – дәстүрлі әннің насиҳатталауы кемшиң деп жүрміз. Сіз қалай ойлайсыз?

– Қазактың дәстүрлі әні, оның шінинде. Арқаның ән мектебі – казак әннің классикасы. Сонымен катар, әр жанрдың өз орны, өз аудиториясы бар. Бәрі талғамга байланысты. Біз дәстүрлі әннің насиҳатталауы кемшиң деген екішті шікірден арылуымыз керек. Бұл пікірді құттайтын болсақ, онда дөмбыра ұсташ жүрген барлық казак әншишерінің, оларды тынымсыз насиқаттан жүрген телевиділдер мен радиолардың, өздерінің секілді басымдарлың еңбегінә жокка шыгарған болар едік.

Әркім өз әлінше еңбек етуде. Әркімнің өз тыңдаушысы бар. Әрине, өнердегі бір ағымның белгілі бір кезенде ықпалы басым болуы мүмкін. Бірақ, оның уақытша екенін, ал, қазак әннін мәңгілік екенін естен шығармаған абыз.

— Қазактың дәстүрлі ән мектептері мәнеріне қарай жіктеліш, Арка, Жетісу, Батыс болып ерекшеленеді. Эр мектептің изіне тән дәстүрі, сарыны бар. Дегенмен, ұқсастық та жоқ емес секілі. Мысалы, Жетісу әннін дүлдүлі Кенениң әндерінде Арқа мектебінің үшқыны байқалады...

— Оныңыз рас. Кенен Арқаның ән мектебін көремет қалірлеғен. Балуан Шолактың қасында көп журіп, Арқа мектебінің ірімдерін жігік менгерген деседі. Негізі, қазақ деген ұлы халықтың өнерін жіктемеген, менікі, сенікі деп мениңжіктемеген абыз бол. Өнер — ортақ, онда шекара болмауы керек. Дегенмен, эр мектептің өз дәстүрін, ерекшелігін сактауы да шарт.

— Сахнадан колледж аудиториясына келгеніңізге көн болақойған жоқ. Әнші Сержан мен ұстаз Сержаниның ұқсастығы, белмаса айырмамылығы бар ма?

— Ұқсастық басым, айырмашылық жоқта тән. Тәттімбет бабамыздың атындағы киелі шаңыракқа ұстаздық сту жөніндегі ұсынысты қабыл алғанда, мен сахнадан кетемін деген шешім қабылданған жоқтын. Сахнаны ешқашан тастанамаймын. Өнер — менің өмірім.

Ал, ұстаздық жолыма келетін болсам, бұл — парыз. Өйткені, өнер — халықтық. Ешкімнің меншігі емес. Соңыстан, билгенді бойында үшқыны бар жастарға үйретуү керек. Осы мақсатпен таңдағым бұл жолды.

Оның үстіне, Тәттімбет колледжі – 60 жылға жуық тарихы бар қасиетті шаңырак. Осындағы қасиетті орданың қабырғасында ұстаздық ету – мактаныш өзм бакыт мен үшін. Мен жетекшілік етіп отырған халық әндері белімі 1994 жылы ашылған. Осынау жылдар ішінде қашшама тулектеріміз өнер әлеміне қанат қакты.

Біздің мақсат – «жұлдыздар» тәрбиелей емес, сонау Сегіз Сері, Біржан сал, Ақан сері, Үкіл Ыбырай, Жаяу Мұса, Мәди, Балуан Шолақ, Майра, Әсет, Естайлардан мұраға қалған қасиетті ән өнерінин



адал мұрагерлерін дайындау. Осы орайда, казак әнинің шіжу-маржанын көпшілік насиҳаттап, келер ұрпақка мәлдір күйінде жеткізуде Тәттімбет ағындағы онегр колледжінің атқарып отырган енбегі орасан дер едім. Қазакта «Арқага барып – әпшімін деме, Батысқа барып – күйшімін деме» деген канатты сөз бар. Шынымен де, осынау күттүү мекенде Тәсірі тандайына тамылжытып ән құйып берген небір бұлбұшар гүмір кешкен. Сол ұлы көштің бүтінгі мұрагерлерін дайындауда біздің колледжге жүктелер жауапкершілік жүргі женил емес.

– Хаялық авдері болімінің макеттерін жинақы түрде әншімелев бердіңіз. Ал, оқушылардың кәсіби және әлеуметтік мүмкіндіктері жайында бірер сөз...

– Біздің белемде мамандық бойынша Қазақстаниң еңбек сінірген кайраткерлері, КР Білім беру ісінің үздіктері, Арқа ән мектебінің дүлдүлдері Мейірхан Адамбеков, Жаксыгелді Кемалов және КР Мадснист кайраткері Дауренбек Эркенов дәріс береді. Түлектеріміз торт жылдың ишинде ән коржынын 50-70 дәстүрлі және халық композиторларының әнімен толыктыра алады. Сондай-ақ, arbір гүлектикаң қарым-кабілеті мен дарынына караї Алматы, Астана калаларындағы жоғары музыкалық оку орындарында біздің жолдамамен окуын жағластыруға мүмкіндіктері бар. Сонымен катар, біздің түлектер арнағы музыка мектептеріндегі халық әндері сыныптарына сабак беру біліктілігіне ие болады.

Ая, әлеуметтік мүмкіндіктерін келер болсак, сырттан келіп оқытын талапкерлер жатақханамен қамтамасыз етиліп, үлгерімі үздіктерге шәкіртакы төленеді. Жалпы, талабы бар, өнерге деген адалдығы сезіліп тұрган жас таләнгіларды тәрбиелеп, талабын ұштағ, қанаатын катаитуга бар мүмкіндік жасалған. Бүтінгі мүмкіндікті пайдаланып, мен бойында өнер ұшқыны, оны ұштауга деген талабы бар жастар үшін біздің киелі ордамыздың есігі айқара ашық екенін айтқым келеді.

– Бәрекелді! Колледж оқушылары үшін бар мүмкіндік жасалған екен. Ал, әнші Сержан, үстаз Сержанның әлеуметтік түрмисіс калай?

– Алиға шүкір дегізерліктең жағдайымыз бар. Көп жылдан бері пәтер мәселесі менін де басымды қатырып келген еді. Өнерге жана-

шыр агалардын аркасында, эсіресе, облыстың бұрынғы әкімі, қазіргі КР Үкіметінің басшысы Серік Ахметов мырзаның гүлелей ықпалымен ол мәселе біздің отбасының күп тәртібінен түсті. Алаңсыз өнерімді үштаң, шәкірт тарбиелеуға толық мүмкіндігім бар.

– Әнші! Сержанды, ұстаз Сержанды бірнеше зерттең өттік. Отаяссы Сержанның құзыретінде қандай мүмкіншіктер бар?

– Жолдасым Алтын Мұсайын – өнер адамы. Тәттімбет атындағы оркестрде қызмет етеді. Алты-қобыз деген аспаптың шебері. Алла берген төрт балаланды тәрбиелеп жатырмыз. Үлкеніміз Магжан қазақ-түрк лицейінде, Расул мектепте оқыды. Мәлика – бала бақшада, кепжеміз Әмина – бесікте.

– Әнші еке, кобызышы әнадан туган балалардың өнерге бенім бар ма?

– Әлі жас кой. Келешекте көрерміз. Расул мен Мәлика музықа мектебіне барып жүр. Кай аспапты меншеріп жүргендерін әзірге құпия ұстай тұрайык.

– Әсерлі әнітменеңіз үшін көп раҳмет! Өнеріңіз өрге жүзіш, еңбекіз жемісті бола берсін!

«Орталық Қазақстан» газеті, 2013 жыл.

### III бөлім

Іздерінен ізгілік нұрын танып...



## «ҚАРАГАНДЫ ІСІ» – ҒАСЫРДЫҢ ҚАИДЫ ШЕҢГЕЛІ

неге Асылбековпен басғалып,  
Абаканов болып жалғасқан ақтандак

Биылдың жыл – Қазақстан үшін гарихи жыл. Тау егер Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы тойланатын жылды мерекелі жыл деп атауга да болар еді. Бірақ... Сауын айтып, сауық құрарға дәтіміз ба-пар ма екен? Рес. азаттық ганы арайлаған сәттен берлі қол жеткізген жердің көзінен жер-жаһанның назарын озімізге аудартыны, желдинпейтін жасауымызға негіз болатын да шығар. Дегенмен, «Тәуелсіздік» атты қастерлі ұғымның салмағын дангаза дақырыпшын жснілдестір алмауга тиіспіз. Эй, қайдам... Кейде біздің даладан дарыған дархандығымыз да рақылышқа айналып кете береді-ау. Эйтпесе, «Тәусілсіздікке ешқандай қантегіссіз қол жеткізуіміз – бага жетпес бакытымыз!» деп колгресімейтін едік кой. Жаройды, солай-ак болсын. Сонда, қанмен жазылған қазақ тарихының касретін қалай тез ұмытып, көндем кешеге дейін жалғасқан азаттық куресіне қалай көзжұмбайлықлен қарамақызы? Бәлкім, бүтінгі азаттығымыз берін гажап құнімізді свозімен ғана қантегіссіз орнатып жүрген біздің элгі «қымырашы» саясаткерлер пікірі шындық болатын болса, сай-саласына канин как тұрган «Аңырақай», «Бұланты» және байтақ даламызда жүзден саналатын «Қалмаққырған» жерлері касреттің күесі емес, қымызға қызынған бабаларымыздың қызынан қалмақтың салған ордасы болып шығар еді. Немесе, каз дауысты Қазыбек он жасында қалмактың контайшысына құдалықта барып па еді? Қаратаудан көш құлатып. Алатаудан азалы үн ескен. Ұлытауда ұттарақтай жердің тағдыры талқыланған азапты құндар калай тез ұмытылсын?!

Азаттық куресінің дүбірін бүтінгі ұрпаққа осылай жеткізетін карт тарихымыздың қаралы беттерін жоққа шығару – біздің «мәрт саясаткерлердің» ұлы кателіктепі. Тарих айнаға қарал, өзіне жарасатын үлгімен өріп алатын арудын бүркіткіші емес. Ол бұрмаланбауы тиіс.

Қазақтың касретке толы тарихын тым өрідең қозғамай-ақ, XX ғасырдың отызыншы жылдарындағы ойранды сәттер мен ен соңғы қыргын 1986 жылғы «Желтоксан оқиғасының» өзінен талайға түскен мындаған тағдырлар жайында тебірене тоғтауға болады.

Енді тамырлы тарихымыздың сол бір талайлы кезеңдеріне шолу жасап көрелік.

## *Ақ сойзедім ақиқат алаңында*

\*\*\*\*\*

**1937 жыл.**

Меннише, ұлттымыздың кіл каймагын қалқып кеткен саяси күгін Арка белгін как тәріндегі Карагандыдан басталған секілді. Сол жылдары осы тоңирекке ондаған лагер салынған екен. Бұл өңірдегі қаптаған «Карлаг» пен «Степлаг» мениң осы тұспалымды тұшындырып, «Алашорданың» Эліхан Бекейханов, Элімхан Ермеков, Жакып Ақбаев, Нығмет Нұрмаков секілдегі серкелерінің Карқаралы тонырагынан шыққандығы елгі болжачымды шындықпен жанастыра түседі. Одан кейін атакты «Караганды-Карқаралы ісін» парактай түскенінде, карғыс атқыр қанды шенгелдім Карагандыдан басталғанына еш күмәнін қалмайды.

Сонымен, «Караганды-Карқаралы ісі» 1937 жылы осы өңірдегі қазақ зияяларына тор ісіру мақсатында жүргізіледі. Аты шұлы бұл істің айыптау корытындысын алғаш мойынпа яғепдердің бірі – Абдолла Асылбеков. Жергілікті қаламгер Максым Омарбеков өзинің «Отызыншы жылдар ойраны» атты зерттеу еңбектіде («Орталық Қазақстан» газеті, 1995 жыл 18 сәуір): «1937 жылы «Караганды-Карқаралы ісі» бойынша ұсталғандарға «контрреволюцияшыл-ұйтппұл элементтерді санауды түрле жасырып, олармен байланыс жасады» деген айтып тағылған НКВД тергеушілерінің көлдан құрастырылған құқаттарына Караганда, Аблолла Асылбеков Караганды облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Нұргали Нұрсейитовпен, Карқаралы округтік партия комитетінің екінші хатшысы Мансур Гатауллинмен бірігіп контрреволюциялық ұйым құрышты, бұл жасырын ұйымға ашқареленген халық жаулары Нығмет Нұрмаков пен Сәкен Сейфуллин жогарыдан басшылық жасап отырыпты-мысі» деген дерек келтіреді. Ал, А.Асылбековтія «халық жауы» емес, елінің шынайы жанашыры болғанын казактың біртуар шерзенті, атакты жазушы Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» кітабында және карагандылық қабырғалы қаламгер Жайық Бекшұров еңбектеріндес берілген баға, келтірілген дерек арқылы коз жеткізу теңестері болады. Аблолла Асылбеков – 30-шы жылдары Карқаралы округтік атқару комитетінің терагасы болып, аштық наубетінен қатжыраган халықтың еңсе көтеруіне өлшеусіз сінбек сінірген тұғырлы тұға.

Ал, айғыл істегі Н.Нұрсейитов пен М.Гатауллин кім?

Бұл екеуде халықның пын жанашырлары еді. Нұргали Нұрсейитов



— Қазақстанды Мирзоян басқарған жылдары тізгін ұстаган үлт үландарының бірі. Ашаршылыктан кейінгі жылдары Қарқаралы округтік партия комитетінің хатшысы қызметін атқарып, кейін облыстық партия комитетінің екінші хатшылығына жоғарылатылды. Үлт көсемдерімен мұлделес қызмет жасап, қалын бұқараның қамкоршысына айналған арыс 37-нін канды қасабына алғапқылардың бірі болып илкіті.

Ғатауллин де республикалық деңгейде қызмет атқарған. «Социалистік Қазақстан» газетінде, Қарағанды, Қарқаралы өңірлесінде жауапты қызметтерде болып, откірлігімен аты анызға айналған қайраткер тұлға М. Ғатауллининң гағдыры А. Асылбеков, Н. Нұрсейитов пен бірге 1937 жылғы 21 қарашада «үштіктің» үкімімен оқта байланды.

Қарағандыдан басталған канды шенгелдиң күрбандары мұнымен шектелмейді. Тізбелей берсек, пізім шұбытыла бермек... Мұхаметқали Тәтімов, Жайық Бектұров, Медеш Оралдиев, Қапан Тұғанбаев, Құрман Хамитов, Шалқарбек Эділбеков... Жазықсыз жаланың күрбанды болғандардың тізімін осылайша алдынан да, артынан да көп нүктө койып жалғастыра беруге болады. Рас, А. Асылбековтің үлтжандылығы «ұлы империя» көсемдеріне үрей тузырган шығар. Айдауда Мағжан Жұмабаевпен бірге болған Жайық Бектұров та отаршылдар үшін үлтты оятып жіберердсій көріні әбден мүмкін. Ал, А. Асылбековтің көшірі болған насыбайшы Мұстафаның жалалы болуына не жорық? Сондай-ақ, Темірбек Жұргеновтің әйелімен өзі смес, әйелі жерлес болғаны үшін айдалып кеткен Құрман Хамитовтің обалы кімге?

... Қарағандылық қайраткерлердің қудалануы отызыншы жылдардагы репрессиямен реттесіп, нүктесі койылған жок. Жалғасты. Бертіндес де берсен үлдардың берекесін қашырган саяси күзын белсін алды. Атың өшкір актандақ академик Евней Бекетов, Мейрам Абаканов сынылды асылдарымыздың да гибратты ғұмырына сыйкат түсірді.

Ендігі сөз – білді басшы, іскер үйімдастыруыш Мейрам Абақанов жайында.

\*\*\*\*\*

1986 жыл.

Ақ кар, кек мұз, қызыл қан... Осындағы сұық көрініс. сұрықсыз сурет миллиондардың жүргінеле жара саяып, үлттық рухтың құлдық санаға

төңкеріс жасағанына да 25 жыл толып отыр. Сондыктан да, биылғы жылды мерекелі жыл деп емес, азаттық құресінде империялық езгіс күлдік ұрмай, құрбан болған боздактар рухына тағым етер кастерлі жыл атағанымыз жөн болар.

Ұлы мұратқа ұмтылып, халқын сүйген ұлтжандылығы ұлтшылдыкка бағаптып, ұранышы да, ұрдажық жүйенің қурбаны болған есіл ердін бірі – Мейрам Абаканов.

Қазақ сыңды қайсар халықтың бойындағы ұлы руҳтың бұлқынып, шегіне жеткен тәзімнің тәңкериңсек ықтияр сценін Мәскеу сезгін болуы керек, ұлттық кадрларды сүзітден еткізу бағытындағы жұмысы әрекстің жүргізе бастағды. Оның да «Мәскеуде күн күркіресе. Қазақстанға жай түсіп» түрган кез. Деміккен демократияны, жалан жариялыштық желеу етіп, ұлттық кадрлардың сонына шырақ алып гүсін Жезқазған облыстық партия комитетинің бірінші хатшысы Н.Давыдов дамыл табар емес. Елдің шексіз құрметіне беленш, хөш бастаған кіт серкеслерді жазықсыз жаланың қурбаны етіп, көгендер жатыр. Алфавит бойынша бастаған-ну шамасы. Абаканов, Арапбаев, Ахапов...

Бұл үшеуі де сол кездегі Жезқазған облысы жүртшылдығына кең танымал тұлғалар еді. Мейрам Абаканұлы облыстың үш ауданын басқарған, карапайым халықтың ыстық ықыласы мен ақ пәйіліне беленген ұлт жампоздарының бірі болатын. Мейрам ағанын кара қылды қақ жарап әділдігі тұраты рухани інісі, қазақтың кабыргалы қаламгерлерінің бірі Нұрмахан Оразбеков:

– Мениң Мекенмен таныстығым сонау 1962 жылдан басталып еді. Ол кісі – Жезқазған аудандық кенесінниң төрағасы, мен – газет қызыметкерімін. Ол кезде Жезқазған әкімдікте Жезқазған, орталығы – Қарсакбай және Ұлытау атты екі аудан болатын. Сол жылы осы екі аудан қосылып, Жезді ауданы құрылды да, Мейрам Абаканұлы жана ашылған ауданның тұнғыш бірінші хатшысы болып сайлапды. Бірде газет бетінде бір кеншардың саяси жетекшісі жайында мениң «Парторг әкеден боктап, ауыздан үрады» атты мақалам жарияланып, басым бәйгеге тігілгені бар. Әлті парторг – аудандық партия комитетінің плenum мүшесі. Ол аупарткомың бюросында: «Мениң абырайыма нұксан келді. Аупарткомың плenum мүшесін қаралауға газеттің қандай құқығы бар?» деп шырылдады. Сонда Мейрам Абаканұлы: «Газеттің көгерген сыны – орынды. Біржола партия катарынан шыққын келме-

се, байбаламынды дөгар!» деп, маган әділетті түрде араша түскен еді, - деп, есес алады.

Кай когам, кай заманда да акка жақ болған азаматтың дүшпанды көбейстіні белгілі. Мейрам Абаканұлының сыртынан да небір құйтырқы әрекеттер үйымдастырылып бакты. Абзал ағаның алппак арына құндестік күйесін жақты, жане отпілер жалаға қида. Ақыры жазықсыз жалаға төз алмаған жайсан ағаның жан азабына үласып, керітартпа когам керуаударының кесірінен жабысқан кессел кесек үлді келмескі алыш кетті.

Жабылған жаланың болуы қою еді. Жан-жакты ойластырылған.

Давыдовтың лабылы 1986 жылы 30 мамыр күні Шет ауданының бірінші хатшысы Мейрам Абакановты обкомның бюросына шакырды. Тарпаңдығымен ел аузында жүрген тарлан үлдін тағдыры қас-кағым сәтте таразыланып, сол күні Мскең қызметпен коса партбилістін тапсырып шыкты. Ол кезеңнін коммунистері үшін партибилет тапсыру жан тапсырумен пара-шар еді. Мексен де сол сәттегі күйеслістің салдарынан ұстаған жүрек талмасына кан қысымының күрт көтерілуі (инсульт пен инфаркт) косылып, айықпас дертке шалдықты.

— Сол күндер біздін отбасы үшін керемет ауыр сәттер бояды. Аскар таудай әкеміз жазықсыз жаланың құрбаны болып, аяғында төсекке таңылды. Бүгін ойлап отырсам, мсын әкем керемет қайсар жан екен. Шамалы гәүір болған соң, қызметі үшін емес, партбилет үшін құресті бастап кетті. Сол жылы Қазақ КСР КІІ ОК бірінші хатшысы Д. Қонаевтың кабылдауда болады. Республика басшысының қабылдаудына кіруге Ҳамит Қасенов, Әuezhan Қанапим ағаларымыз көмектескен скен. Бірінші хатшы әкемнің басынан өткен дауылды сәттерді түсіністікпен кабылдао, ұзақ жылғы сәбебін бағалағаны болар, партбилетін кайтаруга ықпал етті. Көп ұзамай, әкем ұлт көсемі Дінімұхамед Қонаевтың арқасында партбилетін қайтадан кеудесіне басты. Сондагы қуанғаның көрсөніз... — деп, Мекенінің қызы Зәуре сол бір ауыр күндерді курсине еске алады. Құрғынескі амалы бар ма? Әкені төсекке таңып, Әзілхан ағасын да партия катарапынан, өзін институттан шыгарған шырайсыз күндердің шыргаланының Зәуре калай ұмытсын?!

— Отбасымыз қас-кағым сәтте ойран болғандай күй кепіткі. Мекенің кудалаганы вздай, балалар жапа шекті. Жалакыға қарап отырган адап коммунистің шанырагында сол күндерде наң алатын ақша болмай,



капты қиналдық, - дейді Қашим апай күйзеліске толы күндер жаңында жаңғырып.

Партбилст қайтканымсын, сыр бергсін деңсаулық орнына келер емес. Оның үстіне, Қонаевтың басына қара бұлт үйрілген күндер жақындаш калған. Сол 86-ның казан айында «Правда» газетінде Г.Дильдемітің Жезқазган облысының тізін ұстаған басшы-қызметкерлері М.Абаканов, Ж.Аралбаев және М.Ахановқа қатысты «Ескі байланыстар» атты мақаласы жарық көрді. Жағдай қайта ушығып, Давыдов легенінс жетті де, Абақановтың партбилсті қайта алынды. Бұл ұлы тұлға Д.Конаевты тұқырту үшін жасалған «орталықтың» жұмысының бағдарламасы екінші ол кезле ешкім билген жок. «Қайта құфру» тұсында қайта ояна бастаған қазақ рухына қазылған орга қайраткерлер тогтытыла бастады. «Правдада» жарияланған жалған жаланың Қазақстан басшылығына қара күйіс жағу мақсатында арнайы тапсырыспен жазылған дүниесін мұз күрсанған «Желтоқсан» оқигасынан кейін ғана мәдім болды. Сейтіп, «Давыдовтың тазалаудың» бірінші іліккен құрбан Мейрам Абаканұлы болды.

Бұрынғы Жезқазган облысының Жезді, Ұлытау, Шет аудандарын басқарып, абырай асуларын азаматтық болмыспен бағындарған Мейрам Абаканұлы жайлы, оның тағдырындағы актандектар жөнінде аз айтылып, кем жазылып жатқан жок. Белгілі тарихшы, ерлі қаламгер, марқұм Куаныш Ахметовтің «Жала мен жара» («Егемен Қазақстан», 2001 жыл 1тамыз), Серғазы Сүндеповтің «Айыпсыз Абақанов» («Егемен Қазақстан», 1996 жыл 18 қыркүйек), заңгер замандасты Манат Мущановтың «Зан бұзушылардан зардал шеккен» («Сарыарка», 2001 жыл 10 қазан) атты мақалалары құрдым заманға құл болмаймын деп, құрбан болған Мейрам Абаканұлының азап шіккен ар-намысын актауды мұрат етті Шынымен де. Мекен заң жүзінде жалған жаладан акталғанмен, оның ел иіглігі жолындағы еселі енбегі әлі күнге сол жабылған жаланың салдарынан көмексілесініп келеді. Егер, М.Абаканов ел болып құрметтеуге лайық болмаса, қазақтың көриекті ақыны, белгілі көгем қайраткері Қоқымбек Сальков: «Бұрынғы Жезқазган облыстық партия комитетінин бірінші хатшысы Давыдовтың Қарагаңды, Жезқазган, Ұлытау, Карқаралы өңірлерінің ардакты азаматы Мейрам Абакановтың сонына түсіп, тубіне жеткенин естігендеге жаңым түршілік, төбе шашым тік тұрды» деп күйзеле жазып,



Сарыарка – жомарт өлкө қыраны көп,  
Бір кездे кабаттасқан шұбады лек.  
Шыңынан Қарқаралы қашат қағып,  
Кегіп ен Ұлытаудың ұланы бол.

Кер замаң арысты да майыстырды,  
Не дейн? Кей сүмдыштан жан ышқынды.  
Шырмауық, шым-шытырық күндер туып,  
Жақсыға пәлс-жала жабыстырды.

Мейрам да – ойлап тұрсаң, сонын бірі,  
Соққыдан сактады әрен өңіп тірі.  
«Бұйра шаш» есер әкім әлек салып,  
Жұкартты нар атандаі болымдыны.

Ерекше Мейрам – құрмет еткен кісім,  
Көріп ем бұл өлкеге төккен күшін.  
Жезқазған, Жезді, Ұлытау ұмытпастай,  
Өлеңім болсын доска ескерткішім, - деп, жыр тәгілтіес еді.

Сонымен, керснау қоғам қекпарға салған Абакановтың партбилеті  
кашан қайтарылды? Ол кезде М. Абаканов Жезқазған облысынан  
шеттетіліп, Қарқаралы ауданының бір шаруашылығына қағардағы  
мал дәрігері болып жиберілген еді. Бұл 1991 жыл болатын. Тағы да  
обкомының бюросы. Жазықсыз жана шеккен Мейрам Абаканұлының  
партиялығының қалпына келтіру мәселе<sup>1</sup> «май шаммен» каралып жа-  
тыр. Бюро мүшеслері әлі де алған беттерінен кайтар смес. «Партиялық  
моральға жат қылық», «коммунистің ар-ожданы» деген ұранды  
түркестердин құрранан каліріл кезі ғой. Партиялітті суырмасы-  
нан шыгарғысы келмеген партбюропының пейілші таныған облыстық  
«Орталық Қазақстан» газетінің сол кездегі бас редакторы Нұрмахан  
Оразбеков бюро мүшесі болмаса да, пікір билдіру үшін мінбеке  
көтерилуге рұқсат сұрады. Баяғы Ұлытаудағы оқига, Мейрам ағанының  
өзіне араша тұрғаны бүтінгідей есінде. Бұған дейін де еткірлігімен об-  
ком шенеуніктерш ықтырып келген Нұрекен суырыла сойзеді:

— Мен Мейрам Абакановты сонай 60-шы жылдардан білсемін.  
Бұл кісіні қаралайым халыққа шын жанашыр азамат, әділдіккі  
жактайтын еткір коммунист ретінде танымын. Кешелі коммунистің



шартиялыштын қалпына келтіру Абақановтың құрмет тұтатын мындаған халықтың компаргияға деген сеніміне серпін береді...

Осыдан оғыз жыл бүрін Абақановтың озінсә жасаған жақсылығын Нұрмакан аға осылай қайтарыпты. Неткен сұнғылалық десенші!

Каркаралыда туын, Ұлытауда қанаты қатайған Арқанының қыранұлы Мейрам Абаканұлының тұганына биыл 80 жыл толып отыр. Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мерекеленер мерейлі сәтте осы жолда құрбан болған оғылан ұллардың қажыры мен қайраткерлігі қаламымызға жүк болып, ел жүргегіне жол тартып жатса, ол да ұрпак парызының мыскадағы етелгені болар. Дегенмен, «Абақанов ақтаңдағының» әлі де құлыптаулы құпиясы бар сияқты. Ол құпия Мейрам Абаканұлының жары Қошым Жақыпбеккызы шырақшы болып отырған киелі шаңырақтагы отбасылық мұрағатта қалып қоюм мүмкін. Ақызға айналған Абақановтың қызы Зәуренің мекейіндегі түйткіл де – осы. Ардакты экссинің тұганына 80 жыл толуы қарсанында «ескермессе – ер ұмыт» дел шырылдауы бізге «срін ұмытса – елге сын» деген смеурінді танытты.

Давыдовтардың даурені көлемеске көткеннің ескеріп, Мейрам Абаканұлы сыңды есіл ерлерді елейтін кез жетті деп ойлаймын.

\*\*\*\*\*

Сөз соңында «Караганды-Каркаралы ісіндегі» Асылбековтеген бастап 86-дагы Абақановка дейінгі дәуір актандектары қайта саралап, тамырынан таразылауды қажет етіп тұрғанын қайталап айтқым келеді. Парыздың парының бағамдай білу – парасатымызға сын.

**«Егемеш Қазақстан» газеті, 2011 жыл.**

## СЕЙДӘЗІМ – АЛАШ СЕРКЕСІ

Тәуелсізлік – Ұлттың ұлы бакыты. Гасырлар бойы бабалар арманы болған азаттықтын арайлы таңы аткан сэтте «Өшкеніміз жәнді, вігеніміз тірілді!» деп боркімізлі аспанга итқанымыз да соңдықтан. Біз – шекіз бакытты ұрнақызы! Қазектай ұлы халықтын жауынгер ұранагы үшін мұнардай болған ұлы күнге жеттік. Еркін сөйлем, енсеміңде котерегін күн туды. Қаммен жазылған қаша гасырлық тарихымызын ақтаңдастарын ажыратып, қайта таразылау чүмкіндігіне қол жеткіздік. Кеңінде атын атауға тиым салынған Алаш арыстарының атындағы қошелерде алшақ басып жүрміз. Міне, бүгінгі ұрпақтың баға жетіес бакыты – осы!

Алаш жұртының азаттығы үшін ат суытпай жортудың кешкеп ардакты арысының бірі Сейдәзім Құлмагамбетұлы Қадырбаев екекін ұлт тарихын тамырынан тақшаган тарихшылар болмаса, бытайды жүргіт бле бермес, сіро... Бұғынғы ойтегауымыз ұлтының ұлы бакыты, қазактың азаттығы жолында іұрбан болғав есіл ердін ақтаңдаққа толы тәгдышының қыры мен сырғы жайында болімак.

### Бұл тәғдыр мениң көлай қызықтыруды?

Бірде каражалдық қадірлі ақсақал, ішкі істер саласының ардагері, өлкетануши, Каражал қаласының Құрметті азаматы Иса Сейдахметов редакцияға телефон шалды. Қысқа ғана аманұқтап соң:

– Шырагым, өзінде бір шаруам бар еді, соғып шықсам, уакытын бола ма? – деді. Қарсылық танытқам жоқ. Мен билетін Исекең зерделі кария болатын. Бос әнгімсемен алтын уақытымды өлтірмесін сездім.

Бұл кісіні Каражал қаласында қызмет еткен кездерімнен жақсы билемін. Ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарған. Елге қадірлі асқан карт. Зейнеткерлікке шыққапшан кейіп де шағын шаһардан шырайын кіргізу максатындағы оргақ істердің жуал ортасында жүреттін. Қазыналы өңірдің минералды тастарынан коллекция жинап, оны Караганды облысының мұражайларына тарту етіп, елдік мұрагаты істен еншісі болғанбей жүрді. Қайпр Карагандыға коныс ауларған скен.



Сексенниң сенгіrine габан ілкітірсе де, әлі тын.

Иса Сейдахметовтің Алаш серкесі Сейдозім Қадырбасұтың туысы екенін, соңғы кездері жазықсыз жапа шеккен ағасы туралы іздесіп жүргенін сырттай сиптегім болмаса, ғімелей қалай туысатынын білмеуін едім. Сейтсем, Сейдәзім Иsekенин экесі Сейдахметтің туған ағасы екен. Бұл әuletтеп шыққан тағы бір қадірлі карт, белгілі заңгер, Жанаарқа. Жезказган өңірлерінде абырайлы қызмет аткарған Бакытжан Сейдахметов жайлы да жи сстіп жүрдік. Торғай өнірінен Жанаарқа тоғырағына ертеректе қоныс аударған Қадырбай әuletтеп зиялыштырымен ел жадында сақталған.

...Текі әuletтің бүгінгі үлкені Иsekен көсіліп берлі. Арасында босап та алады. Бұл әuletтің кормеген күканин жок екен. Сейдәзімнің Сейдахметтен кейінгі інісі Аскарбек те «халық жауының» туысы деген желеумен жазықсыз жазаланып, «Қарлагта» тұтқында болыпты.

...Әрслі қарттың әнгімесі мәні ғұнғық ойға бастады. Тәуекел стіп, колға калам алды.

**Міржақыппен мұдделес,  
Ахметпен ақылдас**

Тарихтан белгілі, XX ғасырдың басында казақ зиялышлары отарлық езгі, ортагасырлық мешеулікке карсы жұдрырыктай жұмылып, саясі күрес жүргізгені. Үлт көсемдері Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов бастаган Алаш кайраткерлерінің ұлы қозагалыстың қоламтасын үрлегені жайында аз айтылып, кем жазылып жүрген жок. Зияялыға зору когамда ғұмыр кешіп жатқандыктан, Алаш көсемдері жайында ақтарыла жазып, косіле сойлусуден басқа әмалымыз да жок, әрине. Десек т.с. сонау аласапыран заманның запыран төккен зауалды шағын әлі де сарқыл болған жоқтыз.

«Алашорда» Үкіметі серкелерінің бірі, көрнекті заңгер Сейдәзім Қадырбаев та – ақтандагы ашылып, ақиқаты айтылмаган, ұлт ертесіні жолындағы көшелі енбегі комескіліктен арыла коймаган көсемдеріміздің бірі. Рас, «Алашорда» Үкіметі жайындағы еңбектердес Сейдәзім Құлмағамбетұлының есімі көп ілімнің ішінде аталады да, енбегіне кеңірек шолу жасалмайды. Тек, Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнэр Дулатованың «Арыстың бірі – Сейдәзім» атты естелігінде Қадырбаевтың экесі Міржақыппен мұдделес, ұлт ұстазы Ахаңмен

ақылдағас болғандығы жайында накты айтылады «...Сейдәзім аға 1913-1918 жылдары Орынборда зан силасында ірі басшылық қызыметтер атқарды. Ол соплаты «Қазақ» газетінің бас редакторы Ахмет Бантұрсыновпен аға-індей сыйласты. Ал, менін екем Міржакыппен екеуі жастағынан бірге оскен, бірге оқыған, синаялы ғұмырында сыйлас, мұddeлес болған жандар еді. Түшдег күрдас әрі жерлес, бір-бірінің қадырларында сондай жетік олар туыстан бетер сыйласатын», – деп жазады асылдың сынығы Гүлнэр апай.

Иә, Сейдәзім – Қостанайдың тұлегі. Міржакыппен бір жылда, яғни, 1885 жылы қазақ даласындағы төңкеріс бесігі – Торғай өңірінде дүниеге келгей. Жалпы, Сейдәзім Қадырбаевтың әмірі мен енбегі жайында белгілі қаламгер Кайсар Әхмім өзінің «НаркомЮст» наражескені» атты танымдық мақаласында («Егemen Қазакстан», 2009 жыл 4 сәуір) толығырақ тоғталған.

Сейдәзім Қадырбаев «Алашорда» Үкіметі құрылған сәттен бастап ұлтты ұшпакқа шыгаруды көзделген ұлы қоғалыстың беясендісі болған. 1917 жылы 5-13 желтоксан құядері Орынборда өткен жалпы-қазақ съезі «Алаш» автономиясының құрылғанын жариялад, осы тарихи құрылтайда Үкімет мүшелері мен министрлері сайланғаны белгілі. Фалым Марат Ескендерұтының «Алашорда» министрлері» (Алматы, 2008 ж.) атты енбегінде алғашқы құрылтайда сайланған үкімет мүшелері мен мүшелікке кандидаттар тізімі келтіріледі. Тізім Орталық мұрағаттан алынған съезд хаттамасы негізінде берілген. Осы тізімде Сейдәзім Қадырбаев Үкімет мүшелігіне кандидаттар арасында 11-ші болып тұр. Сондай-ак, дәл осы құрылтайда С. Қадырбаев «Алаш» автономиясы Ұлттық кенессінің мүшесі болып сайланған. Сол сәттен бастап ұлт болашағы жолындағы ұлы мұраттан ийнімаган Сейдәзім Құлмагамбетұлы Алаш көсемдерімен үзенгілес жүрш. «тар жол, тайғақ кешуден» етеді.

Жалпы, Сейдәзім Қадырбаевтың «Алаш» партиясындағы, «Алашорда» үкіметіндегі қызыметі жайлы айтар болсақ, ол ұлтымыздың жарқын болашағы мен еліміздің азаттығы жолындағы табанды күрескерлердің бірі, тіпті, көш бастаган серкссі болған. Оның нактылайтын тарихи деректер баршылық. Тек «Алашорда» көсемдері жайлы жалпылама зерттеулерде тана аталағанымен, тікелей Сейдәзім Қадырбаевтың өзі жайлы оқшаулапған зерттеулер жоққа тән. Алаш серкесінің қоғамдық қызыметі, кайрагкерлік болмысы жайында бір

## *Ак сойледім ақиқат алаңында*



гана Қайсар Әлім ілкінді ізденіс тәнтынып жүр. Эйтесе, «Алашорда» кесемдері туралы зерттеу сұбектерде есімі ұлт көсемдері Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржакып Дулатов, Әлімхан Ермеков, Нұғмет Нұрмаковтармен катар аталып жүрген есіл ердің ел мүлдесі жолындағы елеулі еңбегіне ешкім күмәнмен карай алмас. Ен бастысы – Сейдәзім Құлмағамбетов – «Алашорда» үкіметінің 1917 жылғы 13 желтоқсанда қабылданған Жарғысы авторларының бірі.

Мұддесстері арасында Сейдәзімді Әлихан Бекейханов ерекше қадірлексін. Қаламер Қайсар Әлім еңбектерінде және «Алаш» кесемдері жайындағы зерттесудерде жиңіштесатын мына бір тарихи күркатқа назар аударып көріңіз: «Въ Оренбургскіи Окружный Судъ. Препровождая при этомъ прошение Тургайского Мирового Судьи Кадырбаева объ увольненіи его отъ должности Мирового Судьи, прошу Окружный Судъ возможно скорѣе освободить Кадырбаева, так как он должен срочно вступить въ исправленіи должности Областного Комиссара. Тургайский Областной Комиссарь Букейханов. 18 декабря 1917 г.» Сейдәзім серіктесне осынша зор сенім көрсеткен Әлекеңнін ез басына күн туыш, күгін-сүргінмен Мәскеуде үй ғұтқыны болып, қапас өмірдің зауалын тартып жүрген шагында Байтұрсынов, Қадырбасев, Ермеков, Дулатов, Фаббасов тәғы басқа «Алаш» серкеслері 200 сом қаржы жинап, Мәскеуге Сұлтанбеков арқылы жіберген туралы нақты дерек бар зерттеу еңбектерде. Бұл дерегіміз Дүкенбай Досжановтың «Абакты» атты (Алматы, «Қазақстан» баспасы, 1992 жыл) танымлық еңбегінде көлтирилген Міржакып Дулатовтың гергеу хаттамаларында да нақтыланады. Дерегіміз дәйекті шығу үшін сол тарихи хаттамадан үзілі көлтіре кетсінік:

**Сұрақ:** Сіздің топта ұлтшылдарга арналған бешілі бір қаржы болды ма? Және ол қаржыдан, атап айтқанда, Бекейхановқа жәрдем жасадыныз ба?

**М.Дулатов:** Ешқандай қаржы болған емес. Сол уақытта Бекейханов кызыметсіз қалған еді, сосын ортадан жинап, қаржылай көмек жіберісінің бар. Сы жөнинде Ермеков, Байтұрсынов, Фаббасов арасында ақылласқан әнгіме болды.

**Сұрақ:** Қаша ақша жиналды. оны кім жиналады?

**М.Дулатов:** 200 сом. Байтұрсынов немесе Қадырбасев арқылы жиналыш, кісі арқылы жіберілді. Әуел бұл соманы Байтұрсынов маган берді, мен Мурзинге апардым. Мурзин Москваға жол жүріп бара



жатқан Сұлтанбеков арқылы беріп жібермекші болды. Сұлтанбеков пен Мурзин өл кездс бір патердес тұратын.

...Алаш азаттығы, қазак мемлекеттігі жолында ұлы көсемдермен мұдделес болып, берік ұстанымы мен ары үшін жаңын садаға еткен ардакты Алғаш серкесі Сейдәзім Қадырбаевтың азаматтық тұлғасы мен кайраткерлік болмысын айшынтауга осынау деректер айқын дәлел болса керек.

### Нұрмаковтың сенімді серігі

Сейдәзім Қадырбаев – алғашқылардың бірі болып зангерлік билім иегерген ұлт кайраткерлерinin бірі. Ол 1913-1918 жылдары Орынбордагы сот көңселеріндегі түрлі жауапты қызметтер аткарган. 1918-1920 жылдары А.Байтұрсынов, М.Дулатовисін бірге «Алашорда» үкіметінін Торған әскери бөлімшесіндегі қошбасшыларының бірі болды. Ал, 1922-1929 жылдарар аралығында Казак АКСР Юстиция Халық Комиссариатының зан шығару және сот ісін бакылау бөлімінде басшы қызметтерде болды. Сол жылдарда Республика Юстиция Комиссариаты Нығмет Нұрмаков басқарғаны тарихтан белгілі. Енде-ше, Қадырбаевтың Нұрмаковка сенімді серік болғаны анық. Екеуі үзенгінес жүрш, қазак халқының ұлттық мұдделесімен астарласкан зан жобаларын әзірлеген. Соз басында тілге тиек еткен Қ.Әлімін «НаркомЮст» парлескені» атты мақаласында Қадырбаевтың зангерлік қызметі жан-жакты зерделенеді. Аталған мақалада көлітірілген мына бір деректен Сейдәзімнін зангерлік біліктілігі өз заманында жоғары бағаланғанын антаруга болады. 1917 жылғы «ұты тәңкесі» карсанында Торғай уезінен Петроградка, Шікі істер министрлігіне, Леонтьевке №350 жеделхат Торғай комиссары атынан жолданылты. (Бұл деректі мақала авторы КР Орталық мемлекеттік мұрагатының 17-коры, 1-тізім, 4-іс, 66-параптадан алған. Е.М.) Ояда былай делінген: «923 шылдық, посекелік, болыстық, үйездік, азаматтық комитеттері және олардың басқармасының атқару органдары үйымдастып, бірігіп іс жүргізу жағдайында тұр. Съездің облыстығы 350 делегаты сайлаган облыстық басқарманың құрамын хабарлаймыз. Төрағасы – 86 – Дон жүздігінің пралоршығы, жоғары білімді заңгер Ткачепко, төрағасының орынбасары – кыргыз (қазак), Орынбор округтік сотының хатшысы

## Ақ сөйледім ақырат алаңында



Қадырбаев, баскарма хатшысы – ауыл шаруашылығы нұсқаушысы Медведев, мүшслері – орыстар Лаванов, Словохотов, Казанцев, заңтар Байтұрсынов, Дулатов, Бегімбетов». Қадырбаевтың заниср регіндегі бишкілің өған білдірілгендес сенім арқылы танылып тұрган жоқ па?

Сейдәзім Юстиция Комиссариатында қызмет еткен жылдарында «Қылмыс заңын» (казіргі «қылмыстық Кодекс» - Е.М.) қазақшага тәржімалап, шала саудатты заңгерлер үшін баға жетпес көмекші курал жасаған. Қадырбаев аударған «Қылмыс заңы» 1923 жылы Орынборда кітап болып басылып шығып, сот жүйесі өндірісінде зор сұрашыска ис болыпты. Алайда, бір жыл етпестен, көре алмаушы тоptың ықпалымен басқа редакцияда аударылып, «Қылмыс заңы» қайта жарық көреді. Осы тұста Міржакып Дулатов «Ақ жол» газетине сын макала береді. «Мадияр» атты бүркіншек есіммен берилген макалада Дулатов «Қылмыс заңының» сонғы аудармасын өткір сынға алыш, Қадырбаев аудармасының ерекшелігіне тоқталады. Тілті, кейінгі тәржімага «Жауыздық низамнамасы» деген баға беріп, «...Сейдәлімнің кітабы мен мұның тәржімасын салыстырып, Сейдәлімдің нағар болғандаған мұны басу керек еді. Қанша пұл, қанша қағаз, қанша сибек босқа кетпіп отыр» деген шікір айтады.

...Бұрын сш басылымда жарияланған құнды дерек таптық С.Қадырбасев өміріне қатысты. Материал мазмұнды шықсын деген инистепен іздендік қой. Ізденісіміз ісіз кетпеді. Фаламторлағы салиқалы сайттардың бірінен мұрагат құжаттарын ұшыраттық. Солардың бірінде мынадай дерек бар: «...1918 жылдың 2 желтоқсанына қарадан тұн Орынборда астыртын үйим мүшслері бас кости. Мәжіліс Орынбордагы бащқұрт өкілдігінің резиденциясы – Керуен-Сарайда етті. Мұстафа Шокайдың жазбалары бойынша астыртын жиынга Шокайдың өзі, Валидов, Махин, Каргин және Чайкин қатысқан. Мәжілісшілер болашакта уақытша бірігетін үш ел (Қазақстан, Башиқортстан, Казак мемлекеті) Үкіметінің кұрамын бекіткен. Осы жиында болған мәміле бойынша Махин – бас қолбасшы, Каргин – Орынбор казастары эскерінің атаманы (Дутовтың орнына), Башиқортстан басшылығына – Валидов, Қазақстан басшылығына – Қадырбасев үсынылған. Алайда. Челябінің көпесі, тыңшы А.Велиев құпия кеңестің отырысы жайлы акпаратты Орынбор комендантты, капитан А.Заваруевке жеткізіл қойып, бұлардың астыртын жоспарларының

күлі көкке ұшты. Керуен-Сарай қоршауга алышып, болашак үкімет басшылары Орынбордан бас сауғалап шықты». Бұз деректің шыныдыққа қашшалыкты жанасатындығын тарих таразылай жатар. Дегенмен, С.Қадырбаев ел басқаруға қабілеті мен іскерлігі, білімі мен білігі толық жететін кешбасын болғанына ешкім дау айта коймас.

...Қазақ зиялыштарының жогары бағасып алып, күрметтіне беленген зангер Қадырбаевтың қадірін сол кезеңдегі билік білмеді. Ал. Нұрмаков Қадырбаевтың білімі мен кесіп айттар шешімтал мінезін спекше қадірлекен скен.

### **Кызыл өкіметтің кара күйесі**

Сейдәзім Қадырбаев тәгдышын Кеңес үкіметтің сол кезеңдегі казак зиялыштарына жағылған «ұлттылық» деген кара күйесін тығырыққа треді. Әуелі, «Алашорда» көсемдерімен бірге Торғайдагы Амангелді Иманов ісіне қатысты тұтқындағы. Бұз 1919 жыл болатын. Азаттық аңсаган ұлт көсемдерін сабасына түсірдік деген пігілмен, «Алашорда» көсемдеріне рақымшылық жасалған тұста бұз да бостапдыққа шықкан. Алайда, саяси сенимдердегі тізімнің ортасынан ойып тұрғып орын алған Қадырбаевқа құрылған тұзактың бауы 1929 жылы кайта тартылды.

«Алаш» үкіметтің қоламтасын қайта үрледі деген айышын сол жылы қайта тұтқындалып. Воронежге жер аударылды. Шынымен де, «Алаш» серкелерінің астыртын әрекетті жалғасып жатқан кез еді. Кызыл өкіметтің қырагы бұрақылары акыры тапты есебін. 1920 жылы 20 шілдеде Орынборда өткен партиялық үлкен жиынтық бірінде қанқұмар қызыл биліктің қанишер қайраткері Токарев деген балыда ма жасаш, өз сезінде «Алашорда» үкіметтіне жасалған ракымшылық негізсіз деп сандырақтайты. Әсіресе, Қадырбаевқа катты шүйліккен коммунист «.. Қадырбаев, Байтұрсынов және Дулатовтың білігінде 18 жазалаушы отряд болған. Олар қызыл ескер құрамын есепсіз қырып-жойған» деп байбалам салған. Осындаи непізсіз жағылған кара күйсін салдарынан басқан іздері андумен, айқап сезідері бұрматанумен өткен «Алаш» қайраткерлерінің бірі Сейдәзім Қадырбаев Воронежге сол айдалғаннан қайтып оралмады. 1937 жылы қайта тұтқындалып, 1938 жылы 17 қазандың әйгілі «үштіктің» үкімімен тарлан тәгдышы оққа байланды. Қадырбаевтың дәл 1938 жылы 17 қазанда атылғанын

## *Ақ сөйлемдем ақиқат алаңында*



растайтын күжат бар үрпактарынын көлөндө АРДАКТЫ ЕРДІҚ АРТЫНАН іздештеген үрпактарына 1963 жылы 5 қыркүйекте Воронеж облысының мемлекеттік қауіпсіздік комитетінен келген ресми хатта былай деслінген:

«Сообщаем, что Кадирбаев Сейдазим Кульмухамедович 11.Х.1938 г. Осужден гр. УНКВД №13. Приговор исполнен 17.Х.1938г.». Осы хаттан кейин де тынбай ізденип, жоғарыга шағымданудан жалықлаган тұмсықандарына Қадырбаевтың акталғандығы Воронежден сүйиншілі хабар 1966 жылы жетті.

### **Кешіккен бакыт немесе Бақытжанның арманы**

Иә, Сейдазим Қадырбаевты Воронеж облыстық соты 1966 жылдың 28 сәуірінде ақстал шыкты. Мына бір ресми анықтама Қаражал қаласына, Сейдахметовтер еулестіне келтін күні ақ түйсінің карыны жарылған еді. Воронеж облыстық соты төрағасы ның орынбасары Я.Черепенников қол қойған ресми анықтама мазмұны төмөндегідей:

#### **«Справка о реабилитации**

Выдана в том что Постановление тройки УНКВД по Воронежской области от 11 октября 1938 года в отношении КАДИРБАЕВА Сейдазема Кульмагамедовича, 1885 года рождения, до ареста работал юристом Россовхозсиба в г. Воронеже.

Постановлением Президиума Воронежского областного суда от 28 апреля 1966 года отменена и дело производством прекращено за отсутствием события преступления.

**КАДИРБАЕВ Сейдазим Кульмагамедович по данному делу реабилитирован».**

Осы күнді Қадырбаевтар еулесті ұзақ күткен. Колдарына ресми күжат кеді. Конілдері жайланды. Алайда, Воронеж соты актаған Қадырбаевты жаладан біржола арашалап алуга тұган республикасы асықкан жоқ. Ағасы Сейдәзімнің құпалымын оқып, зангер мамандығын игерген, Караганды облысы тонірсінде абыройлы қызмет атқарған Бақытжан Сейдахметов ағасының ресми акталғанын естиген соң 12 жыл ғұмыр кешті. Ғұмыр бойы «халық жауынын бұралқысы» деген түртпектен әбден шаршаган ол ардақты ағаның біржола қatalғанын армандаған өтті өмірден. Көре алмады. Бақытжан өмірден озғанинан

кейін 10 жылдан кейін гана, ягни, 1988 жылы 4 қарашада Қазак КСР Жоғарғы Сотының шешімімен С Қадырбаевка катысты қылмыстық іс қыскартылып, Алаш сиркесі өз серігі М Дулаговпен бір күнде ақталды.

Міне, Қадырбаевтар әулеғі үшін кешіккеп бакыт пен інісі Бақытжаның арманы осы күн еді.

### **Орындалған арман**

Абзат ағаның жерленген жерін тауып, кабірінің басына баруды ішілері Сейдахмет те, Бақытжан мен Иса да ғұмыр бойы арманцады. Бақытжан марқұм еті жете алмаған арманың үрпасы мен бауырынына аманаттап аттанды о дүниеге. Сол арман да, Бақытжан ағаның өснесті де орындалды бүгін. Иса ақсақалдың балалары Жасұлан мен Гауһар 2009 жылы Воронеж тубіндегі Дубовка кентінде аталары Сейдоғым Қадырбаев жерленгін тоғыраққа ғағым стіп, кабір басына ескерткіш қойып қайтты. Арман орындалды, парыз етелді. Алайда, тікелей өз үршактарының ата алдындағы парызы етегенімеп, елдін еслер рухы алдындағы парызы етелді мә? Мәселе – осында. С Қадырбаев сынды Алаш арысының ақтандакқа толы тағдырының құпиясын ашу, оның қогамдық енбегін гылыми айналымға енгізу, есімін мәңгі есте калдыру шараларын атқару – болашактың еншілікінде. Болашақ дегеніміз – біз...

**«Орталық Қазақстан» газеті, 2012 жыл.**



## **ҚАСКЕҢНІҢ ҚАСҚА ЖОЛЫ**

«...Алашын өзіне алтын қазық өткен,  
 Алтынмен тарнка атын жазып откен, –  
 Жүргегін –  
 Қарқабаттай Ұлы аманап,  
 Сүнегін –  
 Қазлауысты Қазыбектен!»

*Серік АҚСҮНКАРЕНДІ*

### **Ұлкен жүректілердің үкілі үміті немесе бірінші шегініс**

1973 жыл. Обком хатшысының атшаптырым кабинеті. Ұстазы, жаңашыр агасы Мәлік Имашев жаңына жақын тартын, әбден сыралғы болса да, үміт күткен шекіртінегі тағы бір мәрте сыйнай қарап, салмақпен сез бастады:

- Обкомның ұсынысына қалай қарайсын?
- Ақтогай мен үшін жатыркай қоятынлай жат мекен емес кой... Оның үстінен, меп – Партияның сеним артқан сарбазымын. Ұсыныска карсылық білдіруге амалым қайсы?...
- Білем, білем... Саган бұл үдан – етсін таныс. Біршама уақыт бұл ауданнының жастарына жетекшілік жасадын. Ел алдындағы абырай-беделің де кемшиң емес. Алайда, бұл ауданның дәл қазіргі уақытта бас қатырар, сен секілді жас маманды ширықтырар проблемасы да жок. Барлық жұмыс жолға қойылған. Ал, партияның сен снякты сергек сарбазына алі де пісіп-жетілу үшін қым-куыт проблема, жанталасқан жұмыс керек. Бір жүйеге ғүсіп алған жұмыс ыргагы біздің бағалы деген мамандарымызды жалқау стіп жіберуі кәдік. Сен осы маселеге көңіл аударып, талғам гар затысына салып көрән бе? Әрине, ауданның атқару комитеттінің тізгінін саган қолай кормей отырган жоқпыш. Тура сондай қызмет, тура сондай лауазым жаңадан ашылып жатқан Ақадыр ауданында түр. Өзінді көрсету үшін, таланттыңды танытып ері басшылық қызметте шындалуын үшін Ақадыр түмді болар, мүмкін... Елдің есінде, жердің тарихында жұмысты бастаған алғашкы қарлығаштар қалады. Жұмыстың қауыртынан, істін күрделісінен бас

таргу мемлекеттік мұдденің мүмкіндігін шектейді. Ойланыш көрші!  
Ағаларын саган зор үміт артып отыр.

– Ағалар солай шешсе, ойланатын несі бар! Келісемін!

Карағанды облыстық партия комитеті ұйымдастыру бөлімшің нұсқаушысы қызметінде жүрген отыздың жуан ортасындағы жігерлі жігіттің шешімтал жауабы ағасын шың сүйсіндіріп жіберді.

– Жарайсын, Қасымбек Медиұлы!

Кішігірім коржын үйдің орындардың үлкен үстелін айналып келіп, карсы алдындағы шәкіргіңін қолын мейірлсөне қысан обком хатшысы Мәлік Имашұлы қайсар жиітке осылайша ақ жол тілеген. Аркасынан қакты.

– Жоғардағылармен өзім келісемін. Дайындала бер!

Әңгіме осымен тәмам. Қасымбек есікке беттеген. Адымдаш барады. Бұл елин смірсне сүйген іскер ұлды кайраткерлікке бастаған, тек Қасксң тән қасқа жолдың алғашқы қадамдары еді. Мәлік ағасының кабинетінен басталған.



...Ол жаңадан ашылғап Ақадырга аудандық атқару комитетінің төрағасы болғанға дейін де ағалар назарын өзіне аудартып, талай бедерлі белгестерді бағындырып үлгерген. Комсомол мектебінде шындалған Қасымбек Медиұлы Егіндібұлак аудандық партия комитетінің хатшысы лауазымына сайланғанда небары 26 жаста еді. Карағанды обкомының сол кездегі бірінші хатшысы В.Акулинцев:

– Одақтагы си жас хатшы боласың. Еңбегің жансыш! – дегені жігсріне – жігср еселеп, кайратын жаңыған.

Жалынды жиырма бассынде атқа мінген Қаскен содан бері ел сенімін, ағалар үмітін абыраймсы актап кследі. Кайтаркер-тұлғалар Байкен Әшімов, Сұлтан Досмагамбетов, Хамза Жұмабеков, Тұрсын Төреғожин сынды көшелі ағалардың көрігінде шындалған шындауыл шығынан қалай көрінбесін?! Өрге тартты, біккес самгады. Өзінің қасқа жолынан айнаған жок.

..Кош, Қасксң Ақадарға келді. Аудан жаңадан ашылған. Бұған дейін Ақшатау кен байыту комбинатына арқа сүйсіп келген шағын гана кенгіті аудан орталығына айналдыру оңайға түсken жок. Әйтеур, халықтың өмір жолына өзек болар теміржолы бар. Дегенмен, бұл да – зор мүмкіндік.



Аудандық атқару комитетінің төрағасы Қасымбек Медиұлы іске білек сыбаша кірісіп кетті. Ауданның әкімшілік орталығын орналастыру, үйімдастыру мәсслелерін ұтқыр қадамдары мен байсалды бас-гамалары арқылы еркін енсерді. Кай кезде де бірінші хатшы – саяси жетекші. Ал, шаруаның барлық машакаты – ауатком төрағасының мойнында. Әсіресе, алғашки екі жылдың ауыртпалығы орасан болды. Осы жылдары Караганды, Жезқазган, Балқаш бағыттарына асфальттаған жол салынды. Барлық кенешлар аудан орталығымен көтерме тас жол арқылы байланысын, шалғай ауылдарға «Ильич шамы» тартылды. Аудан халқы бұған дейін өздері үшін ертегі болып келген теледидар аттында демалу мүмкіндігіне қол жеткізdi.

Мұның бәрі Қаскенттің қаска жолының оң үш жылдық белесінің бедері еди... Акадырда айшыкты із калдырган қаска жол облыс басшызының үйгарымымен Жездіге бұрынды. 1986 жылы.

### **Жездідегі жемшөп мемлекеті немесе екінші шегініс**

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Қасымбек Медиұлы кабинетінде көп болмайды. Үнемі сыртта. Шаруашылық басында. Қыстактарда.

Бұған срғемен кабинетінс келген. Алматымен сейлесу керек. Шұғыл. Республика әуе флотынын сол кездегі жетекшісі, екі мәрте Кенес Одағының Батыры Алексей Кузнецовпен сейлесу керек. Қабылдау балмесіндегі хатшы қыз жедел қосты.

– Алексей Николаевич, бұл – Жезқазган облысы, Жезді ауданының бірінші хатшысы Қасымбек Медиев. Бұл қызметке жақында келгімін. Біздегі қыс қаһарына мініп тұр. Шаруашылықтар жемшөптен қысылатын түрі бар. Түрі бар болғанда, қыстактарда жемшиөп түтесілді. Қомегініз керек. Қорлі аудандардан шұғыл жемшөп жеткізуғе тікүшак берсениз... Трактормен тасымалдау мүмкін емес. Кар қалың. Жол жок, – деп, бар жағдайды орыс тілінде баяндал жатыр еди, аргы жақтағы дауыс:

– Құдай тебсіннен кос колдап ұрған екен, Қасымбек мырза, – демесі бар ма?! Сейгесе, әлгі әуе флотының серкесі казақшага судай екен. Желінің екі жағы да аз-кем күлкімен желініп алды. Салмақтың әнгіме арзан күлкімен шектелтеп жок. Мөселе шешілді. Екі күннің шініде Жезді ауданына үш ескери түкүшак конды.

...Жаңа ашылған ауданды 13 жыл басқарып, аяғынан тік тұргызған тәжірибелі басшыға Жездігегі жемшөп мекнаты оцай тимсіді. Жездіге «бірінші» болып кара күздө келген. Бұл зудан бұған дейін жемшөп қорына аса зор маныз берсе қоймайды екен. 2 қараша қунға мәшмет бойынша шабындықтағы шөптөң 40 пайызы гана қыстактарға жеткізіліп. Қалғаны әлі кар-мұзбен араласып далада жатыр.

— Бұл неткен салтыртты!

Озі «бірінші» болып сайланған плениумдан кейін іле-шала совхоз директорлары мен шаруашылық басшыларын жинаған Қаскен шұғыл қсесіті осылайша қатыл бастаган. Бұдан күншігі басшылық жұмысы да талапшыл негізде жалғасты. Қаскенін қатаң талабы мен табандылығы қыттымыр қыстын да қаһарын ыктырған. Ысырашыл директорлар тәубасына келді. Жауапкершілік жүргін жан-тәнімен сезінетін жағдайна жетті.

...Не керек, Қаскенін каска жолы Жездіге келгенде кар астында қатып, көмекслінген жоқ. Теріс піғылдағы бәсекеллістері «Медиев үшін мансаптың жолы кесілді!» деп, алакандарына түкірген. Олай болмады. Қайса Қаскен өзін де, Жездін де, жемшөптен тарық көріп келген маяшыларды да, сарышұнақ аяз, акталқан боранды еркіп күйсій алмаған маңды да тығырықтан алып шықты.

Шаруашылық есеп деген жаңашыл жүйесінде жағдайдағы атмінсрлердің үш ұйықтаса, түсіне кірмейтін. Салбөкселікке салынғандардың сана-сынан саңылау тапқан да – осы Қаскен. Ұғындырыды. Ұрымтал әдіспен. Үйретті. Үнемшилдікке. Шаруашылық есеп, мердігерлік әдіс дегендердің әліппесін екі жыл ежікstedі жезділік енжарларға. Нәтиже шығарды ақыры. Бірде бір соңхоздың директорына телефон сокты:

— Шаруашылыкты аралап, шоландардың жағдайын өлтүім керек. «Уазбек» шығамын. Алайда, кар калың той. Трактормен жол тазалап коясың ба, жолдас директор?

— Жаксы, Қасымбек Медиевич! Мүмкіндігінше орындаимыз! Директордың даусы санқ-санқ етеді. «Бірінші» жолға дайындалып жатқан. Әлті директор өзі телефон шалды:

— Элгіндең тапсырманың болынша шоландармен ақылдақсанмын. Олар: «Трактордың шығынын кім көтсреді?» деп отыр. Бұл қалай болады, жолдас Қасымбек Медиевич? – лейді. Тау қопарып, кар үстіне тас тасейтіндей болыш тұрган бағанагы екаппинен журнада жоқ. Қаскен тосырқамады. Керінше куаныш кетті. Директордың санасы жетпеген



үнемпілдік дегенге қарапайым шопандың өресі жекендігіне, арине.  
Існен нәтиже шықкан екен!

— Шығын — менин есбімнен! — деп, телефон тұтқасын орнына  
қойған Каскен қалың ойға шомды.

Бұл «бірінші» болып келгенде, жезділік шопандар қыстактан  
жайлауга еп кемі үш трактормен көшетін. Эр трактордың бір сагаттық  
жұмысының шығыны — 9 сом. Бір шоян ауым-бауыммен екі тәулік  
көш сайдайды. Есептеп көр, пығынды! Қып-қызы расуа! Мұнын бәрі  
— мемлекет ырысын ысырап ету. Каскен шаруашылық ессе жүргізудін  
әліппесін көши-кону. басқа да шаруашылық мәселелеріне қатысты  
әрбір шығынның тиынына дейін шопандар мойшына жүктеген. Қазір  
сол шопандар арбамен көшүге өзір. Бұрынғыдай үш трактор тұрмак,  
бір трактордың шығынын салмақ көреді. Үнемдеудің жекеңдүйлілікінде  
айналдырып қалды. Міне, басшы бастамасының бағаны!

Каскен крестосын көріле шіреп, рахаттана жымиды.

Бұл кайрагкер Каскене тән қаска жолзын елдік мұраттагы қаска  
белгі беттеген кезеңі еді. Жаксылығын асыра мактап, осалығын жа-  
сыра жактаған отырғанымыз жок. Каскенпін Жездідегі жемістің еңбегін,  
қажырлы кайраткерлігін сөз еңірдің көзқөргендері аныздай етпіл ай-  
тып жүр.

### **Ақкіттің алласшаны немесе үшінші шегіміс**

КР Парламент үйінің кіреберіс дәлізі. Ведомстволық күзет қыз-  
меткері алпысты алқымдал қалған егде депутаттың гимаратка кіруіне  
рұқсат бермей жатыр. Депутаттың куаттігіне пысырып та карайтын  
емес. Және бұл кісі — кітартады депутаттың бірі емес, Караганды  
облыстық мәслихатының «муиізі карагайдай» хатшысы. Қасымбек  
Медисов. Сенаттың бүгінші отырьсында жергілікті мәслихаттардың  
мәртебесі туралы сез сөйлеуі керек. Ал, мұна қырыкты қарныш!  
Тіпті, кеудесінен итеріп, сыртқа шығарып жібергісі бар...

Жоғарыға телефон соғып, зордың құлапмен кірді-ау, әйтсүр.

Отырыс басталып кеткен екен. Үлкен заттағынан сол еді, мінберге  
шакырылды. Аптығы да, әлгі күзетшігін деген ашуы басытмаган.  
Тұтіккен күйінде көтерілді. Залдағыларды зәзді қозқараспен бір шо-  
лып өтті де, екіндей сез бастады. Екіншеген жок.

— Жолдастар, мемлекет ішпен мемлекет құрудың зардабын тар-  
тып баккан едік кой... Мынау не маскара сксиң түсінбей, далмын!  
Қараганды сыныды ұлксы облыстын мәслихат хатшысы, бүгінші  
отырыска ресми түрде шақырылған деputatтың Парламент үйінсі кіре  
алмаудын қалай түсінуге болады?! Сенатқа облыстық мәслихаттын  
мандатымен біз жақындей алмай жүргенде, қарапайым халыктың  
мұн-мұқтажы қалай жетеді Сіздерге? Біз – халық сайлаған өкілдегі  
органның оқыл, халықтың сеним бышірген жоқшысымыз. Неге  
халықтан алшақтаң, неге жіктелсіміз?

Адуынды басталған Каскен сөзі кәсіби Парламент пен жергілікті  
мәслихаттар арасында байланыс болмаған жағдайда халық аманатын  
орындау мүмкін емес деген өткір пікірге ұласты. Зал сиятідей тынған.  
Жоғары палатадағы әріптестері қызу колдау танытып, тәжірибелі  
депутаттың сезінс ұйып қалған. Каскең де қырық жылға жуық ел  
басқарған, саясаттың сан тараш тәсілін әбден мендерген касканиң озі  
емес пе?! Артық кітшеді. Орынды шырғын орайлы жеткізді. «...Сіздердің  
де, біздің де калтамыздың мандат мансап емес, халық аманаты. Ол –  
жүгі батпандай жауашкершілік! Сондықтан, біз халықтан алшақтамауга  
тиесіз!» деп түйіндеген созіп бозбіреулер көзсіз батырлықта балар,  
бәлкім. Бірақ, бұл гүйсінген жаңға нағыз көрсегендік еді.

Касымбек Медиұлының Парламент минберінде айтқан осы бір  
өткір пікірінен кейін Парламент пен жергілікті мәслихаттар арасында  
тығыз байланыс орынаган. Жоғарғы және жергілікті деңгейдегі өкілдегі  
органдар жұмысындағы берекелі бетбұрысқа негіз болған Каскеннің  
кайраткерлігі шырқау шегіне жеткен кез еді бұл.

Осы отырыстан кейін көш ұзамай, Қазақстан мәслихаттары де-  
путаттарының қогамдық бірлесігің құрылып, онын торағасы бо-  
лып Касымбек Медиев сайланды. Қазір Каскен – аталған органның  
Күрметті тәрагасы.

Бірлестік жұмысын ұтымды үйлестіру арқасында Каскең барша  
қазақстандық мәслихаттардың мәртебесін көтерді. Бұрын мәслихат  
шешіміне пысырып та қарамайтын шенеуніктер шекленінің шау-  
жайына жармасы депутаттар. Депутаттар шенеунік есебін тындал,  
сағырттығы үшин «сыбағасын» берстін деңгейге жетті. Тура  
бүгінші таңда әкімдерді тағайындау үшін ресми билікке келісім  
беретін мәслихаттың мәртебесі осал деп кім айтады?! Бұл үрдістің  
қалыптасуына да Қаскеннің титтей дә болса, септігі тиғен.

## *Ақ сөйтедің ақиқат алаңында*



Сез жок, Қасымбек Медиев – ақиқаттың алдасшаны. Оны Қаскенниң қаска жолындағы айшыкты іздер мен бедсөрлі белестер дәлелдеп-ак тұр...

### **Есген кетпес екі сәт немесе тортінші шегініс**

1991 жылдың 2 казаны.

Барша казак жүртүгін назары – Байкоңырда.

Казак КСР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың талғамымен жасалған ғлзімге енген казак қайраткерлері Алаш жүртүнің тұнғыш гарышкері Токтар Әубәкіровті жеті қат көкке ақ жол тілең шыгарып салмақ.

Казак қырапына сәт сашар тілеу бактың бүйірған ат төбеліндей аз топтың тізіміне Жезказған облыстық атқару комитетінің төрагасы Қасымбек Медиев те сиңген Алғашында, Алматыдан ресми шақырту алғанда қатты толқыған. Мұндай тарихи сәттің күесі болу – тенденсі жок бақыт, әрине! Алайда, үлттың сүйген азамат, қажырлы қайраткер Қасымбек Медиұлы тарихи оқиғага қатысушы азғана топтың құрамына енгенине, талғамды ғанаудаға шикенші толқығая жоқ. Өз бақтың емес, ұттының бақтың үшін толқыды.

«Отыз жыл бойы сан ұлттың сайыпқыравдарына тұғыр болған Байкоңырдан өз ұлымызды гарышка ұшыру арманымыз еді. Соа ирман бүгін орындалып, ақиын Токтар Жаратушыға жақын барып, еліне тендерік, Алашына азаттық сұрамак. Иә, Алла, сәтімен!» Қаскен Байкоңыр айлагында осындай ойдың жетегінде толқып, Жаратқанға жалбаранып тұр. Жанарына жас үйірілгенд...

Танғы сағат 7.00-де тұнғыш гарышкеріміз мінгел аус кемесі көккө көгерілді. Тұтас Түркі, арда Алаш жүртүнің аманатын аркалап. Қаскен барша казак жүрті көкке самғап бара жатқандай, атам казактың арманы көк тіліп, гарыш шарлап кеткендей асерге бөлениді.

Көк кемесі қас-қагым сәтте коз ұшынан гайып болды. Сонында скіпінді дауылды мән будактаған ак түтінған ғана қалған. Ал, Қасксис елгі дауыл азаттыққа ұмтылған қазақ слинң асқақ рухының екпініндей, бұлт болын тұтаскан ак түтін Алаштың аппак арманының толқынның дайверінді.

Сол күнгі рух, сол сәттегі асер Қаскенниң жадылан мәңгі өшпейді!

...Айтпақшы, осы жолы ғой, Қаскен Аустрияның федеральдық

коншлери Франц Вариницкиймен пікірлесіп, саясаттын да сабасын сапырганы Әсемдегі кагидаларын ежелден қазық еткен суроналық, елдің саясаткері тарапынан айтылған ерслі шілділер Қаскеннін тәуселсіздік жылдарындағы каска жолына кара таңба түспеуіне септігі тиң, білем.

...1991 жылдың 16 желтоқсаны.

Он екінші шакырылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінін тарихи сессиясы. Екі күн болған, «КР Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заның тағдыры таразыға гартылғанына. Қызу піктірталас. Тексерідердің тегсурінді карсылығы. «Ұлтый!» дегендердің ұрымтат ұмтылысы. Қадімгі тайталас. Жақтаушылар – басым. Дегенмен, карсы пікір айтушы топ та аяның қалар емес. Бесінші кагардың жуан ортасында отырған тәжірибелі депутат (Қасымбек Медиев 11-ші шақырылымда да Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болған) Қасымбек Медіұлы шыдай алмады. Қолын көтеріп, соз сұрады. Минберге кетерілпіп, егір сойледі. Залдан – коядау. Қызу көл шипалактау. Үңгі рухатанып сейлес түр.

...Зан зордың күшімен қабылданылса-ау. Қазақ елі гасырлар бойы бағалар арманы болған Тәуелсіздігін ресми түрде жариялады.

Қаскеннің күнделігіндегі жазбалар сол күнгі тарихи жағдайды жиі есіне түсіреді. «Зан жобасын қолдап 30 депутат сез сейледі. Да-уыс беру кезінде 270 депутат жақтаپ, 12 депутат карсылық билдірді», – деген жазбалар сртсінгі тарихтың си құнды жәдігеріне айналары сөзсіз. Ал, Қаскен «...екі жарым күн қызу талқыланған тарихи Зан 16 желтоқсан күні сағат кешкі алтыдан 14 минут кеткенде қабылданды. Мен осы тарихи Занды қолдап, қол кетергенім және жақтап сез сейлекенім үшін өзімді шын бақытты санаймын», – деп мереіленеді. Мереіленетіндей-ак!

### Мәргілік пен қарттық немесе түнші орына

Елін сүйген енселі ұлдың еңкіш тартқанын көргіміз жок. Өзі де әлі аттан түспеген. Егемен елдің ертең үшін аландайды. Шалдықпаған. Сергектігіне серті – сай. Жолыга қалсаныз өзі салған касқа жолдың өнегссің. Алаштың арман-мұратына арнаған ақыкат жолының қырсырын өрелі түрде әнгімслей жөнеледі. Мұнысы да – ұрпақ қамы. Мен билетін, ел билетін Қаскен қара басының қамын күйттеп көрген емес. Бір өзі – бір мектеп.

Дегенмен, табиғаттың заңы Гой, Қаскеннін мәрттігі мен қарттығы



тайталасып тұр. Мәрттігі дес берер емес. Менің әріптестерімнің қала-  
мында куат барда Қаскениң касқа жолы да, мәрттігі де әзі талай жиы-  
лады. Ал, карттығы – казыналы. Ғибратты жан ғұмырбаянының күні  
тас тобеден енді ауған секілді маған. Нұры шалқып, сәулесі жарқырап  
тұр. Ұясына батканша ұзак жол бар. Ұғымтал жанга ұқтырар ұлагаты  
да шексіз. Алып қалайық, карық болайық! Қаскениң касқа жолында  
сарқылмас казына бар!

«Орталық Қазақстан» газеті, 2013 жыл.

## ШАМШЫРАҚ

### Әлқисса...

Жақында ел газеті – «Егеменнің» кезекті саны қолыма түсे кеткені.  
2013 жылғы 8 маусымдағы саны. «Қекейкесті» айдарымен берілген  
«Дәуір даналығын үлестіреді» атты проблемалық мақала көзіме от-  
тай басылды. Авторы – ұлт ұясы Ұлытау өнімінен сәйімі танымал  
ұстаз, ел апасы Шабал Бейсенбеккызы. Нактырақ айтайық, Сәтбаев  
каласындағы №27 орта мектептің карт ұстазы, Қазақстанның еңбек  
сінірген кайраткері Шабал мұгалім.

...Озім білім алыш, еңбек жолымды бастаған, азамат ретінде ка-  
лыптасуымын баспалдағы болған Жезказган, Сәтбаев десе, «бір бүй-  
регім бұрып» тұратыны бар. Осы жолы да бұлк ете қалды. Шешім  
кабылдан та үлгердім. Кеншілер шаһарындағы ұлттық тәрбиениң шам-  
шырағы бола билген Шабал апайдың ұлы мұрат жолындағы жасампаз  
епбігін оқырман жадында жаңғырту мақсатымен жазу үстеліне бет  
алдым.

...Мен билетін Шабал мұгалім – шынайы шамшырақ. Ұлттық тәр-  
биеніп... Ұлттық тәрбиемен үшкін ататын ұлы рухтын... Ұлагаттын...  
Тың мақсат, баянды бастамалардын... Қыя соны, шаңырактың шам-  
шырағы! Ал, тарқатып көрелік... Сынын сактаған сыршыл ұстаздың  
ұшан-тәсіз қырлары мен сырларын.

«...Ен бастысы, мұғалым баланы жандуниестімен беріле сүюп керек.  
Алдымен балаға рухани куат беру қажет. Мейірімділік, шыдамдылық,



кешире билу, баламен тен жағдайда сырласу, онын мүмкіндіктеріне сену, ойын тыңдай алу тәрізді қасиеттері арқылы гана мұғалым өз мәртебесін көтере алады», – деп толғаныпты Шабал апай үрпак тәрбиесіндегі үрынтал масштаб мен өзекті проблемаларды енсірген әлгі макаласында. Сөз жоқ, осылай болуы қажет деп отырған жиынтық бейне – өзі. Ұсынылып отырған тәжірибе – өзинің алпыс жылға жуық уақыт үстәлдік еткендегі жиган-тергені. Бірақ, «...мен солай істегенмін, бұл – мениң ашқан жаңалығым» деп, көлгрісуден аулак. Ол өзін таныттайын деп жазбаган мақаланы. Ұлт ұландарын үшпакқа жеткізу – масштабы.

...Мен де таптым тиек ағытар тегікі! Шабал апайдын өз сезінен шығып тұр. «...Алдымен балаға рухани қуат беру керек», – дедін. Ал, санауды үрпак тәрбиелеу үшін онын бойына бағалы рухани қуатты қайдан алуға тиіспіз? Шабал Бейсенбеккызы секілді руханият шамшырагының өнегелі омірін дәріптеу арқылы, әрине.

Бастайык, ендеше!

### Базары кемшін балалық

Шабал апай – Ұлытаудын тұмасы. 1937 жылы 8 наурызда осы ешірдегі Терісаккан, Коқсөл аталатын табиғаты тәнгажақып талбесікте туған. Әкенің жалғызы. Бірақ, шолтжан болмағы. Әкесі еркелетіп баққан. Наздана еркелейтін. Алайда, Шабал апай «ақылды тентек» болудан әріге бармады. Ессіз еркеліктің жетегіне еруйне балалық шағынын базарын жыңқырган соғыс та ырық бермесе керек.

...Әкесі Бейсенбек ел құрметіне беленген еңбеккор жан еді. Сөз ұстаған, аузының дуасы бар ақсақал болатын. Ескі қисса-дастандарды таңды-танга үршіп жырлайтын. Анасы Бәтима да – ел үшінде «Ақ Бәтима» атанған аяулы жаңынң бірі. Ел үшіндегі жиын-тойларда ақынлығымен вты шыққан өнерпаз жан еді. Ақылана көркі сай ақын келиншекті ауыл-аймақтын үлкен-кішісі өрелі өнері үшін құрметтесе, замандас-құрбылары «мініміз мірдін оғына нысана болар» деп, ол кісінін еткір қағылпаларынан катты қаймығатын большты.

Соғыс басталған тұста Бейсенбек ақсақал қазақ өнеркәсібінің қарашанырағы Қарсакбайға қоныс аударған. Шабал апайдың экесі



Бейсенбек пен анасы Ботима да мыс зауытында енбек етті. Жеңісті жақындағатуға үлес косты. Жауга ажал болып атылған әрбір он оқтын тоғызы Қарсакбайда күйілған. Бейсекендер құйған. Ел еңсесі – еңкіш «Бәрі де майдан үшін! Бәрі де Женис үшін!» деген ұранмен рухтанған енбек майданының майғалмандары зауыт шехтарында екі ауысынан жұмыс істейді. Үйде жалғыз қалған кишкарта Шабалдың жагдайын ойлауга мұрша жок. Бейсекенің бар байлығы жалғыз смыры болатын. Ботима шешей таңмен таласа тұрып, жұмыска кеткенше жалғыз смырды қақтап саудалы да, оның сүтін үстелден үстіше қойып кетеді. Оны кишкарта Шабал үйқыдан оянған соң базарға апарып, жарты белке наңға айырбастан келеді. Тәүлігіне жарты белке наң дісген шағын басты шаңырак үшін керемет байлық еді. Эрине, сүтке кәмпіт айырбастан алуға да болады. Бір литр сүттін күны – төрт кәмпіт. Томпандаш базарға келе жатқан Шабалдың жанаарын самсаған тәттілер жаулап, балаңың аңсарын аландатады да. Алайда, бала болса да, кешке жұмыстан ашығып, шаршап келстін ата-анасын ойлайтын Шабал тәттілерге назар салмай өтүгс тырысады. Бірде балалық аңсар арандасты ақыры. Колындағы бір литр сүтін жарты уысқа толмайтын тәттіге айырбастан алды. Онысын үйтеге жеткенше жеп қойды да. Кешке жұмыстан шаршап келген аға-анасы баланың балалығына көншілік жасап, төсектеріне апкүрсак жантайған. Тек кана шешесі дауыс көтермей-ақ:

– Эрине, кәмпіт тәтті. Оған кызығуын да заңдылық. Алайда, экең таңертең жұмыска аш кететін болды гой, балам, – дегендे, күндіз жеген шекердің тәтті дәмі кетпеген Шабалдың тандайы алғаш рет өмірдін абын кермегін сезініп еді. Бейкүнә бала жүрөгіне батпандай салмак салған сол күнгі оқиға жұдырықтай қызды әп-сэтте есейтіп жібергендей болған. Сол күні түнімен ұйыктай алмай, ендігі жерде ата-анасын ренжітпеуге өзіне-өзі серт берген. Серпнен гұмыр бойы тайған жок. Содан бері арзан тәтті, алдамшы кызықка кызығып көрген емес.

### **Ұлы Қаныштың батасы**

Шабал Бейсенбеккызы жасынан енерлі болып бой түзеді. Әнді



керемет орындайтын. Онер оның бойына экенің күтімен, ананың сүтімен дарыған. Ұясынан дарыған ұшқынды мектептегі ұстазы Зейпін Ембергенова ұштады. Қарсақбайдың жазы клубына жетекші апарып, көпшилкітін алдында ән айтқызып, тусауын кескен де осы Зейпін мұғалімі еді. Орыс әйелі күйсандықта сүйемелдеп, бұз Уқиц Ұбырайдың «Гәккүн» ауелеткен. Сол кештен бері Шабалдың аты ел аудында жүрді.

...Согыстан кейінгі жылдары Бейсекен денсаулығы сыр беріп, елге – Шенбер ауылына коныс аударған. 1949 жыл болатын. Ұмытпаса, маусым айы. Мектеп окушылары жазты демалыстарында колхоз жұмысына қолғабыс етуге шығады. Шөп шабуга, егін орута катысалы. Ол кезде қаңғидей трактор, комбайн дегендер атымен жоқ. Бар жұмыс етіздің күшімен, адамның қолымен атқарылады. Осындағы науқашының қызған шағында шағын ауыл дүрлікті де қалды. Үлкендер жағы:

– Ауылға Қаныш Имантайұлы келеді, – деп шапқылап жүр. Шабал Қаның ағаның атын еспігендегі болмаса, жүзін көрген емес. Бұрын Қарсақбайда тұргандарында. Қанекең онла жиң келетін. Алайда, кездесудің сәті түспеген. Енді, миңе, әлемге әйгілі тұлғамен жүзлесудің реті келип тұр. Шабал – сонша қуанышты.

Ауданнан келетін күре жолдан шән корінді. Көлік ғасыр алыбын тағатсыздана күткен көпшіліктің шоғырына жақын келіп тоқтады. Есігі ашылып, еңсегей бойлы Қаныш ағаның зор тұлғасы көрінгенде қалай толқып кеткені бүгінгідей есінде. Сол күнгі жайлау кеш мәнгі жадында Шабал апайдың. Ол сол күн ғасыр ғұламасы Қаныш ағаның алдында ән салып, асқақ тұлғаның ақ батасын алған. Элдебір тылсым күш қанаттанырып жиберсе керек, төглип берді. «Домбыра», «Баянайыл», «Көкшетау», «Бір бала», «Макпал», «Гәккүн»... Сонда Қанекең:

– Талабың таудай екен, Шабал қарагым. Бақытты бол! – деп батасын беріп, мәндайынан сүйген.

...Алаштың алып тұлғасы Қаныш Сэтбаевпен араға 5 жыл салып, Алматыда кездесті. 1954 жыл. ҚазПИ-дің студенті атанған. Қасында жерлес күрбісі Наги бар. Институт жатақханасына орналасу – қиямет. Шабалга орын тиген. Наги күрбісі белмеден кагылып, Шабал екеуі бір кереуетке жатып жүрді. Арқаларына кереуеттің темірі



Батып, көгеріп те кетіп еді. Бір күн Наги құрбысы:

– Бүйткен окуы құрысын! Ауылға қайтамын, – демесі бар ма... Шабал егіздін синарныңдай болып, әбден бауыр басып кеткен құрбысын қимады. Жалғыз қалғысы жок үлкен шаһарда. Азғырды. Құрбысын. Алдәрқатты. Райынан қайтар Наги жок. Амалы таусылған Шабал тосын шешім қабылдады. Батыл шешім.

– Жүр, кеттік! – деді құрбысына.

– Қайда? – дейді Наги.

– Қаныш ағаға барамыз.

– Қызықсың. Ол кісінің бізден басқа жұмысы жоқ па?

Шабал әлған бетінен қайтпады. Құрбысын өртіп алып, Ғылым академиясының аудасынан бір-ақ шыкты. Аула сымырушу шағдан жөн сұрап. академия президентішің қабылдау бөлмесіне жетті. Хатшы қызы:

– Кім боласыздар? – деп. Қаныш ағаға жолықтыргысы жоқ. Жол бастап келген кайсар қызы Шабал тапты амалын.

– Біз Жезқазғаниң келдік. Қаныш ағаның жерлестеріміз.

Хатшы қызы телефон құлагына жармасты. Аргы жактан рұқсат болды-иу, шамасы. Тыққатаң тұрған хатшы қызы есікті өзі ашып, жол сиптеді. Атшалтырым кабинет. Емен үстелде енгезердей Қанекең отыр.

– Келе гой, қалкам. Мында отыр. – деп орын һұсқаған аға мұнын жүзіне байыппен назар салып, кенет: – Пәлі, сен баяғы Ұлытаудың әнши қызы Шабалмысын? Қайдан жүрсің мұнда? – деді.

Шабал куанып кетті. Эрине, танығанына. Таңданып та отыр. Қалай үмітпаған? Неткен жады? Бұл келген шаруасын айтты. Қанекең телефон құлагын бұрап:

– Алло, Мәке, амансыз ба? Мен Қанышпен гой.

Аргы жактагы дауыс саңқылдан анық естиледі. Шабал танып та отыр. Институт ректоры, Кенес Одагының Батыры Мәлік Фабдуллин. Екі алып мәмілеге келісіп, екі құрбының мәселесі шешілді.

...Міне, осылайша Қаныштай ұлы тұлғанын батасын алыш, шапагатын көрген Шабал қызы әмір сокпагында кездескен бар қыяңдықты дәл осылай кайсарлықпен, табандылықпен женип келе жатыр.

## Ұлы мұраттың ұшпагы

Шабал апай сол ҚазПИ-ді 1958 жылдың бітіріп келген. Содан бері мектепте, 55 жыл.

Шындығымды айтайын, мениң де негізгі мамандығым – мұғалімлік. Журналистиканы сырттай бітіргенмін. Өкінішке орай, мектепте 45 минут сабак беруге жарамаппсын. Ал, Шабал апай ғұмырыптың 55 жылдың үрпак тарбиесіне арнаған. Сөз жок, бұл – бейоіт омірдегі ерлік! Тәндесі жок ерлік! Сол 55 жылдың отызы жылтында Жезқазган. Сәтбаев өніріндегі екі бірдей іргелі білім ошағына басшылық жасады.

Жезқазган кептіндегі №10 орта мектеп пен Сәтбаев қаласындағы №27 қазақ орта мектебін баскарды. Шабал апай басқарғап жылдарда бұл екі мектеп те дәүірлең, аймактағы білім ордаларының алдыңғы легінен көріне білді. Шабал Бейсенбекқызы басшылық еткен тұста бұл мектептерде оқушылардың оку үлгерімі мен білім санаасының көрсеткіші көш ілгері алға жылжығанын бұл онір алышдай қызып шертеді. Өзі де абырайдан кепде болған жок. КСРО Халық ағарту ісінің озық қызметкері, Қазақ КСР Оқу ісінің үздігі, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері атапын, бірнеше медальмен марараптталды. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы. Көп жылғы іздепісі ізсіз кетпей, «Оқытушы-әдіскер» атагын иеленді. Шабал апай 21 жыл басқарған (1975-1996 жылдар.) №27 мектеп облыс көлемінде педагогикалық озық тәжірибелерді тарату орталығы атагын ресми түрде иелене-ген. Алайда, бұл мектеп ел аузында «Шабалдың мектебі» аталауды. Құрметті атактар мен жарқыраған медальдар ұлағатты ұстаз еңбегінің берілген мемлекеттің бағасы болса, іргелі оку ордастының «Шабалдың мектебі» атануы ұстаздардың ұстазы Шабал апайға деген халықтың ықыласы еди.

...Ұлт ұландарының болашағы жолындағы еңбекінің жемісті болуына өз бойындағы намысшылдық себеп болған сыңайлы. Өзі жиі еске алатын мына бір окиға казақ қызы бойындағы қайсарлықты паш етпі, кімнің болса да жігерін жанитыны алық.

...Өткен гасырдағы 80-ши жылдардың жуан ортасы. Қазақ мектептерінің халі мүшкіл кез Шабал апай басқаратьын №27 мектеп – қаладағы жалғыз казақ мектебі. Кала мектептері арасында кер-

## **Ақ сойледім ақиқат алаңында**



кемөнерпаздар байқауы етегін болып, қызу дайындық жүріп жаткан. Мұндай байқауларда аймактағы жалғыз қазақ мектебінің бағы жаңып көрген емес. Үнемі қағажу көрсетін. Бірде №3 орыс мектебін басқаратын әріптесі Тамара Петровна кездесіп, байқауга дайындық барысы әңгіме өзегіне айналға қалсын. Сөз арасында орыс директор: «Сіздердегі мұғалымдердің көбі – көпбалалы аналар гой, дайындықта келе қоймайтын шыгар», – деп қойып қалмасы бар ма?! Шабал апайдың қаны басына шашкан. Эрштесінің бұл сөзі шын мәнінде «казақ әйелдері бала тапқаннан басқа нә білуші еді» деген мазмұндағы үлттық кемсітушіліктің нағыз өзі еді. Мектепке келе салып, ұжымды жинаған сол күн. Маселени төтесінен қойды:

– Орыс мектептерінде «...Қазақ мұғалымдердің дені – көпбалалы аналар. Олар ізденуге, байқауга дайындалуға уақыт тапшылайды. Бала бағып, милары ашып кеткен» деген түсінік қалыптасты. Дәл осы жолы баланы да тауып, жұмысты да іслей алғынымызды көрсетуіміз керек! – деген әріптестерінің жігерін жаңып. Соя жолға байқауда женімпаз ағанып, қазақ мектептерінің мәртебесі бір көтеріліп калған.

Өз сабактарын дәстүрлі емес (концерт, ойын сабагы, қойылым сабак, т.б.) қалынта отқизуді дағдылаға айналдырган білікті ұстаз бар күш-жігерін казақ мектептерінің беделін көтеруге, қазақ жастарының рухын шыңдауга жұмсады. Ұшпаққа жетті де. Мақсатшыл жәнныш бақыты еңбегінің жемісі болса керек-ті. Осы түрғыдан алғанда. Шабал Бейсенбекқызы – шексіз бақытты жан.

### **Давыдов дауылының шарылған шанырак**

Сонау 80-ші жылдары Жезқазған өнірінде тізгін ұстаздан Давыдов деген «серкенің» «қіші репрессиясы» болғаны белгілі. Арканың абыз аламаттары алфавит бойынша айыпталған бастаған. Абаканов, Арапбасов, Аханов... Осынау кайраткер ұлдардың бойынан «ұлтшылдық тиғызының» танып калған Давыдов дабыл каккан. Мәскеуге дейін дүрліктірген. Арты «Давыдовтың дауылына» ұласты. Дауыл Шабал апай шамшырақ болып оғырған шаттықты шаныракты да шарылғады. Әліп алфавит бойынша айыпталғандардың бірі Шабал Бейсенбекқызының жоласы, сол кездегі Никольский (қазіргі Сәтбаев

каласы) калалық аткару комитетинің төрагасы Мұзараф Аханов еді. Халыққа жарапашырылых танытамын дсп, Давыдов сыңды «алыпқа» жақпай қалған Мұзаган жүйелі түрдес кудаллауга үшінрады. Кызметиниң көтірді. Партия қатарынан шыгарылды. Әділдігімен кара қылды как жаратын қайраткер үлді бірден мұқатып, бірден «сындыру» оңайға түсін жок Давыдов үшін Епсіл үлдің ел арасындағы беделі меш абырайынан да қаймыгады. Дегенмен. Одактын бас басылымы «Правда» бастап, жергілікті газеттер коштап, Мұзараф ағаны қаралап жазу, жазыксыз жаңды жағалаға байлау жалғаса берді. Аханов та қарал қалған жок. Ізденді. Орталық Комитеттен араша сұрады. Осынайша, тегеурінді карсылыкка ұшыраган Давыдов акырында Ахановтың директор зияйбына шүйлікті. «Сыныққа – сұлтау» іздеген сындарлы сәт басталды Аханов шашырагы үшін.

Алуан түрлі арандатулар ұйымдастырылып, сан коріністі «спек-гакльдер» сахналана бастады Сонын бірі – №27 мектептің түрлікірғен «Кызыл етік хикаясы» сәт. «Тазалық» деген кастерлі ұғымды үрпақ бойына сініруді және таза жүрудің денсаулық көспілі екенін ұғындыру, оқушыларды тазалыққа баулу максатымен мектеп директоры «ауысым аяқ күмі» деген қагида епгізді. Мектептің ішкі ережесіне сәйкес, оқушыларға көктем, күз секілді лас мезгілде сырттан келген аяқ күміді мектеп ішінде киүгіс тыйым салынды. Бір күн талап бойынша шешіп, арпайы болмеге тапсырылған жана етік ұштықүйлі жоғалып кетті. Наргай қызыл етік. Іздеді. Із кесті. Табылмады. Арада бірер күн откенде Ақнұр есімді мугалімнің қырагы жанары бір оқушының аяғынан қарага боялған қызыл стікті байқап калады. Мән-жай анықтады. Етік иесінсін кайтарылды. Алайда, қылмысы анықталған оқушының ата-анасы «баламды қылтеп басынан ұрып, өміріне орасан қатер тендерді» деген желеумсіз базаны жүйкес аурулары ауруханасына салып койып, қырагы ұстаз бен талапшыл директорды сотқа береді. Тіпті, перште пейілдері билғаныш үлгермеген жапжас оқушыларды жағған күәлікке тартып, қол жинаған Окига дабышы қаланын сол кездегі бірінші хатшысы Малышевтің құлагына жетеді. Ахановқа адудыны жетпей, діңкелеп отырган Малышевтің көктен тілегенін жердесін берді. Шабал Бейсенбекқызын бір күн калалық пар-



тия комитетіне, бір күн сотқа шакырып, әбден әуреледі. Ақыры, Шабал апай қарамагындағы мұтталымның актығын дәлелдеп, китүркі амал жасағандарды жерге қаратты. Арызда көрсетілген 8 акпан күні Ақнұр мұғалим Жезқазган қаласында облыстық көсподак үйымдарының конференциясына делегат болып қатысқан. Дәлелдейтін мандаты бар. Мандатты зән орындарының назарына ұсынды.

### Түрін

...Осылайша, қызыметтес куылышп, денсаулығы сыр берген жолдастына демеу, жазықсыз жана шеккен әріптессіне корған, үйдегі тогыз перзентке аяулы ана бола билгін Шабал апай шын мәніндегі шуакты шамшыракка айналды. Сәулелі, шуакты, нұрлы шамшырак Шәкірттері мен үрпағы сол нұрга шомылышп, әлі күнгө дейін жайдалы жанының жанынан сая іздейді. Иә, Мұзған мен Шабал апай саясы мол мәусіл бәйтереккес айналған Кіндіктерінен орбіген тогыз перзенттің өрөн-жарыны, ойдан-қырдан ағылышп, амандауга келетін шәкірттері, ақылдаусуга келетін аймактың аткамінерлері Шабал апайдың дастарқанын жиғырмайды. Бірі ағтанып жатса, тағы екеуі аттан түсіп жатады. Солақай саясаттың содыр піғылымын жазықсыз кудаланып, көңілге кірсүкे түсірген бір кездегі сұрықсыз қуандердің отеуі еді – бұл.

Бізде ұсыныс бар. Бар ғұмырын үрпак тәрбиесін арнап, өзі де көнбала туып, тәрбиелеген Ұстаз-Ана Шабал Бейсенбеккызы – Тәуелсіз Қазақстанның жоғары марапатты «Қазақстанның Еңбек Ері» деген атақта әбден лайық жан. Оны дәлелдеп жатудың артық скенин жақсы билемін. Өйткені, Шабал апай халық тарапынан ең жоғары бағасын алдекашан алып койған. Ел біледі.

...Қазір – каникул. Шабал апай I қыркүйекті асыга күтуде. Секендердің сенігірінде қадам басып қалса да, мектептің кимайды. Берері – көп әлі. Ол – шамшырак. Шамшырактың орысша баламасы – маяк. Шамшырак ешқашан адастырмайды.

«Орталық Қазақстан» газеті, 2013 жыл.

## ТҮГҮРЛЫ ТҰЛГА

Санаулы жылда қала мәртебесін алғанына жарты ғасыр болатын казыналы Қаражал шаһарының откеніне көз жүгіртер болсаныз, талай тұғырлы тұлғалар гағдырына, қожырлы қайраткерлер қолтанбасына ат шалдышарының анық.

Қаланың алғашкы басшысы Алаштың әрдакты ұлы, мемлекет және когам қайраткері Қаратай Тұрысовтан бастағы бүгінгі таңда ел тізгінің еңселе істерімен пық үстап отырган Галым Мұкашевқа дейінші аралықта казыналы елкені небір орелі азаматтар басқарып, аймақ гаражына айшықты із калдырганың үрпак жадында үнемі жаңғыруға тииспіз.

Олардың бәрі де елдік мұралтағы еңселе істерге мұрының болды. Өндірісті елкенің құрылышында үрпак мәңгі мактағы етер өшпес із қалдырыды. Өңірдің өркендеуіне өрелі гүрдс өзіндік еңбек спірді. Олар ез борыштарын адаптациялық атқарды.

Өңірдің даму жылнамасында жаркын ісімсін өтіпс лайыкты орын алдып, есімі сл жадында жағталған шоктығы білік азаматтың бірі – Мұхамбет Жұманазарұлы Кепеев.

Мұхан ез мүддесін емес, сл мұралтын нысанага аялп, халық алдындағы парзызын парасатпен өткөрді. Елі арқалатқан аманатқа барынша адаптациялық атқарды.

Ал, біздің парзызымыз – Мұхан секілші аяулы азаматтардың абырайлы істерін ардак тұтып, келер үрпакқа ұлағат етердей шынайы бағасын беру. Өскелец үрпакқа аманат етер тағылымды тарихымыз осылай жасалса керек.

...Иә, жарты ғасырлық тойымыз жакындан келеді.

«Елу жылда ел – жаңа» – дейтін елміз. Аймакта өндіріс өркендеді. Арқа төсін дүбірге белсеген сибек майданы жетісігіксіз болған жоқ. Өнір осы жылдар шілінде адам танымастай өзгерді.

Өз-өзинен емес, ерзине.

Адам енбегімен.

Азаматтардың маңдай терімен.

Жана шаһарды гүлдендеруде ен алдымен іскер ұйымдастыруушылардың жасампаз істері асқаралы асуларга бастау болды. Сондай-ақ, Қаражалдың жарты ғасырлық тарихы талайсыз, даму жолы бүралансыз, даңғыл болды деп те айта алмаймыз.



Қай когамда да орталықтан шалғайдағы елдің мәңдайдағы баты барымтага түсстін әдепті ғой. Каражал да теперіш көріп бакты. Откен гасырдың 90-шы жылдарындағы онтайланылу орына жығыла жаздаған бірден-бір шаһар осы Каражал болды.

Кім белде..? Сол бір күрделі күндерле ел тізгінин нағыз халықка жарапашыр тұлға ұстамаганда, бұлғын не боларымызды.

Осынайша ел мен жер тағдыры таразыға түскен талайлы сэтте аймак багына ел басқару ісінде әбден шыңдаған іскер басшы тап келді. Ол Мұхамбет Жұманазарұлы Көпесев еди.

Іә, Мұхамбет Жұманазарұлы Каражалды өте бір қын көзенде баскарлы. Қолына биілк тиғенлерге «Алла бақ берді» десүші ешкі кой. Бұл жолы Мұханың талайына бақ емес, бейнет бұрырлы. Оның іскерлігі, ел басқарудағы парасат-паймы нағыз сыйдарлы сэтте сынға түсті. Бірақ, Мұхан мұқалдан жок.

Одақтан болініп, «орталықтан» мардымсыз еншімен отау шықкан елдің баға жетпес байлығы Тәуелсіздік сіл. Сол құндылықты құндақтаулы сәбидей аялап, бұғанасын бекіту онайга түскен жок. Жас мемлекеттің басқару жүйесінде жана құрылымдар дүниеге келіп жатты. Осы төңіректегі әкімшілік басқару жүйесі алғашқылардың бірі болып сіркін экономикалық аймакка біріктірілді. Жәйрсем-Атасу еркін экономикалық аймагы болып құрылған бұл құрылымның тұрғыш тәрағасы болып Мұхамбет Жұманазарұлы Көпесев тағайындалды.

Өндіріс құлдырап, ел ішінің берекесі кете бастаған кез. Аймақ тұтастай құрдынта кеткелі түр десе де болады. Осындағы сэтте көре-гендікпен көш бастап, іскерлігі мен ірілігі танылған тұлға халық жадынан ұмытылсын ба?! Жоқ, ерине. Каражал-Жәйрем аймағының көрі-жасы Мұхамбет Көпесвің көшелі ісін әлі күнге дейін аныздай стіп, аузыздарынан тастанамайтындығы да сондықтан.

Ол – ұлт бесігі Ұлытаудың түлегі.

Оның бойына көрік берген барша ізгі қасиет сол қасиеттің топырактан дарыған. Сондықтан да, ол ұсақталуды білмей, ірілікпен көш бастап кследі.

Мұхамбет Жұманазарұлы енбек жолын Жезқазған өндірісінде бастап, кезіндегі Жезқазған облысында әртүрлі басшылық қызметтерде болды. Қенес жұмысында кемеліне келіп, партия жұмысында парасат танытты. Ол қай қызметте жүрсе де, жоғарыдағы күзыретті органдар алдындағы есебін емес, халық алдындағыabyroyын ойлады. Ел

алдындағы еңсөл абырайдан басқаны байлық санаған жок. Қай кезде де қарапайым халыққа стендे жакын жүрді.

Екі шақырылым қагарынаң Қазақстан Республикасы Парламент Мәжисінің депутаты болған кезінде халық аманатына адалдық таныстып, өзінің сандалақ саясаткер екендігін көрсетті. Мандаттын құзыретін мақсаттың құлыша ғйналдырмады. Мұхан Парламенттің екі палатасында да төрага орынбасары міндетті зор абыраймен атқарды. Тәуелсіз Қазақстаниң демократиялық бағытта даму үрдісіндегі парламентаризм инсигитутын жетілдіруде Көпесев көптің бірі смес, нағыз көшбасшы регінде қайраткерлік қырынан танылды. Сонда да, Мұхамбет Жұманазарулы қазакы болмыстағы қарапайым қалынан ажыраған жок.

Мемлекеттік деңгейдегі саяси қайраткер, Қазақстан Республикасы Парламент Сенаты төрағасының орынбасары Мұханбет Көпесевпен қызметтес болмасам да, екі рет сапарлас болғаным бар. Мен үшін ұмытылмас әсер сыйлап, еркенді өнегенің сабагындей болған соң сапарларда мен Мұханың барынша қарапайым болмысына ерекше сүйісінген едім.

2004 жыл.

Қазақстан Республикасы Парламент Мәжисі төрағасының орынбасары Мұхамбет Жұманазарулы Көпесев өз сайлаушыларымен кездесу мақсатында Жезқазған, Ұлытау өнірін аралауга келді. Мартебелі тұлғаның ресми сапарынан арнайы хабар әзірлеу бакыты Жезқазған калалық «Дидар» телеарнасының редакторы ретінде маган бұйырганын әлі күнге дейін мақтан тұтамын. Абзал азаматтың боямасыз болмысы мен қарапайым калпы мені осы жолы ерекші таңдандырды да, қызықтырды. Әсіресс, тұған жер тарихын тамырынан тартып, әсерлі әңгімелегені есімнен кетер емес. Лауазымды саясаткер тұлғаның көңе тарихқа зерделелігі мен қазакы қалжыңға жүйріктігі маган сол жолы еріксіз бас шайқатқан еді.

Сол Ұлытау сапарынан кейін көп ұзамай, мен Мұханмен осы Каражал, Жәйрем өнірін араладым. Мен бұл кезде аймактық «Сарыарқа» газетіне тиши болып аудысқан болатынын.

Сапар Женис аудылынан басталды. Ресми кездесуден бұрын Мұхан аудыл аксақалдарымен үйлеріне барып амандасып шықты. Одан кейін Жәйремде де тап солай. Бірнеше аксақалға өзі барып солем берді. Ресми кездесудегі кіріспе сезін:

## *Ақ сойледім ақиқат ағанында*



— Мен ортактаса алмаған қайғыларыңыз болса, арты қайырлы, куаныштарыңыз болса, құтты болсын.-деп байсалды бастайды. Ал, сүйсішбей көрініз.

Нагыз қызыққа өндіріс цехтарын әралau барысында күэ болдык. Мұхан цехтағы карашайым жұмыскерлердің кез келгенімен бала күнгі досын коргендей құшактасып, шүркүраса кегеді. Барлығына ақ жәрқып пейіл танытып, Сергейден Юраны, Колядап Васяны сұрап жатыр. Мұхамбет ағанын есіндес қалатында, олар цех бастығы, тым болмаса бригадир де емес. Бірі – дәнекерлеуші, бірі – слесарь.

— Несбары ғорт жыл осы өңірде басшылық жасағанда бұлардың бәрін қалай танып алған?

— Танысын-ақ. Бірнеше жылдан бері бұлардың есімдерін қалай ұмытпаган?

Ақпараттық топ құрамындағы не нәрсеге болсын қызықкыш келестің журналисттер таңдай қалып, бір-біріне осындағы мазмұндары сауалдар жолдауда.

Ұзак дабырласын, әлшт сұрактын да жауабын таңтық: «Ұлық болсан, кішік бол».

Міне, мен таныған Мұхан – осындаіз азамат.

Сол үшін де халық Мұхамбет Жұманазарұлын ерекше құрметтейді. Риясый ықылғаспен жаксы көреді.

Сол үшін де сл санаусында Мұханның жайсанышы үнемі жаңғырып, Қаражал, Жәйрем жүрішшілігі оны ешқашаш ұмытпайды.

Қалай болғанда да, Қаражалда Мұхамбет сынды тұғырлы тұлғаның ізгілікі ізі сайран жатыр.

Ол вәзінің саналы ғұмырында ага буын өнегесін өрістетті, артындағы избасар інілерінс ой салардай орайлы іс тындыруға ұмтылды. Үйренуден, ізденуден жалықдан жок. Өз билгеннің үретуге де ерінбеді.

Қаражал қаласының қазіргі екімі Фалым Мейіржанұлы Мұқашев абыз аға, жаңындастыруши Мұхамбет Көпееев жайышадағы піктірінде:

— Өз басым Мұхамбет Жұманазарұлынан көп нәрсе үйрендім. Төрт жыл бірге қызмет ісігедік. Ол – аймак басшысы, мен – мемлекеттік мүлік жениндеғі комитет төрағасымын. Бастама-багытымыз, ой-мақсаттарымыз үштасып, «бір жағадан бас, бір жағдай көл шыгар» жұмыс жасадық. Максат – едің ортақ игілігін талап-таражыға түсірмеу. Галай сындарлы сәтте Мұханның кемел ойлап, кең тишиеттін

дағдысы дағдарысқа ұрындырмай алғып шығатын. Ол халық гағдырына зор жауашкершілікпен караады. Осы өнірден Мәжіліс деputаты болып сайланып, жоғары мінбасын тарай өзсікті проблемаларымыздың оң шешілүіне ғабанды түрде ықпал етті. Әлі де «су ішкен құлдығының» ертеңін үтпін елеңдеп, біздің Каражалмен байланысын үзгөн жок, - дейді.

Рас, басқасын айтпағанда, Мұхамбет Көпесевтің Каражалдағы олимпиадалық резервтері балалар мен жасөспірмідер спорт мектебінің сақталып қалуына сінірген сибебін ұмытпауга тиисіз. Бұғынғы күнге дейін аталған мекгетке жанашаурылк танытып жүр. Өзі – әзіодо федерациясының Құрметті президенті.

Тізбелей берсек, Каражал халқы алдында Мұхаңтың жасаған ешшеусіз сибебін бір мақалага өнгеріп кету мүмкін емес. Ең бастысы – Мұхамбет Жұманазарұлы бұз елден алғыс арқалап, абыройға кенеліп кайтты. Елдің күні бұғынғы дейін суынбаған ыстық ықласы мен шекіз құрметі осының анғаргаса керек.

Бұғынде аскаралы алпыстың асуына асқақ абыроймен көтерілген асыл азаматтың атына айтылар шуакты шікір, шынайы бағаны тек Каражал деңгейінде бағыштар болсақ, қыран тектес үздің тұғырын аласартып, бағасын арзандатып алған болар едік. Өйткені, ол – мемлекеттік деңгейдегі сарабдал саясаткер, ұлттық деңгейдегі қажырылған кайраткер. Мұхамбет Жұманазарұлының демократиялық қоғам құрылышының нығайтудагы ігі бастамашарымен, өткір пікірлерімен Қазақстан тұрмак, әлемдік саяси аrena санасатын дәрежеге жетті. Қазақстандық парламентаризмің қатыпгасуында оның айшыкты контапбасы бар.

Ол осы білікке Каражал сәкілді құтты ғұғырдан канат қақкан еді.

Сонсынтан да, біз – Мұхамбет Жұманазарұлының атын айтып мактануға, бұғынғы мерсітойында ақ жарыла шаттануға құқылымыз.

Тек, тұғырлы тұлға, көрнекті қайраткер, ардакты азаматтың бүтінгі алпысы ғибратты ғұмырының тал түсі болып, абырой шынына самғай берсін!

Бұл – барша қаражалдықтардың жүрекжарды ғілеғі.

«Қазыналы өнір» газеті, 2009 жыл.



**ҮСТАЗ, АҚЫН ҮӘМ АЗАМАТ  
Мерекенізбен, аға!**

Ошақбай Суханберлин – «Орталық Қазақстан» газетинің редакциясына қызметке келген сәтте ғанысан жайсаң ағаларымның бірі. Бұрын сырттай атына қанық әдім. Ол көзде исін – оқырмая, ол – «Оргалықтың» тұракты авторы. Тағы бір жақындығымыз – екесінің бір тоғырактың төлеміз.

Болмысина сүйсшіл жүретінін. Ошекен туралы жазғым келіп, қаламыма қанша рет кол созсам да, реті келмей жүр еді. Бүгін сәтті түсегенде. Аллагы мерекелер тоғысы абыл аға жайында толғануыма сип болып та отыр.

Ошақбай ағамының табиатына еш жақын мереке – мұғалімдер күші. Гибратты ғұмырының жарты гасырдан астамын үрпак тәрбие сине ариаған ұлағатты ұстазды бүгінгі төл мерекесіндегі ескермегеніміз үтті. Екіншіден, өзіміздің «Орталықтың» 80 жылдық мерейтойы да – Ошекенің мерекесі. Ол – газетіміздің жана шырыны, тұракты авторы, талғамы зор оқырманы. Соңдай-ақ, Ошақбай аға омірінің жетпіс бесінші белесін бағындырып отыр. Коңыр тірліктің қоламтасын үрлекен дәл осы коңыр күз – Ошекенің жетпіс бесінші алтын күз. Жасын айтып койдық кой. Онда, Ошекенің тағы бір мерекесі кальш барады айтылмай. Карттар күні. Кой, шамданып калар... Карттықка бой алдырмай, алі күнге дейін сцкиш тартшаган сүйегі асыл ағамды озім де карттыққа кияр емсеппін. Тұғырынан таймаған тұлпар мінезді ағамды карттықтың канжығасына байлап берер жайым жок.

...Бәрібір «Мерекенізбен, аға!» деуте гура келеді. Өйткені, бір мереке емес, Ошекенің бірнеше мейрамы тоғысып тұр.

**Тауқымегке толы тағдыр жолы**

Анасы Дәмежан 12-13 күрсак котерген. Шестінегі берді. Ешкімге жамандық жасамаған, пейілі ақ жан болса да, етегіне бала тұрмады. Экесі Суханберлі аймаққа қадірі асқан карапайым жан еді. Намазын каза қылмаған діндар болатын.

1936 жылдың коңыр күнінде жарық дүниеге тағы бір ұл келді. Үміттерін қудік женип, әбден зәрезап болған байғұс ата-ана шарананың амандығы үшін казактың бар ырымын жасады. Ұзыя стіл ошак қазды да, оған от жакты. Ошактағы жалын басылып, шоктың қоламтасыған

Калғанда оның үстіне жеті айеллі тұрғызады. Бәрі – балағынан бата саулаған, алтын құрсақ аналар. Шарананы осы әйсідердің ағынын арасынан өткізіп, есімін Ошакбай көзді. Бұл Ошексіннің киңізі шешесі Әлиман марқұм айткан әңгіме еді. Жанарынан жалғаштың жарық сәулесі өшкенде Ошакбайға жаңы қалмай етті, жарықтық. Туган баласынан кем көрmedі. Сол Ошакбай – меппін бүгінгі кейіпкерім.

Алла ата-ана қиетін жарылқап, Ошакбайға ғұмыр берді. Алайда, тағдыры гаралғы етер тауқымет те аз емес екен. Төрт жасында әкеден қалып. Бейсек есімді етсі әкенің гәрбиесін көрді. Аси мейірбан жан еді. Өз ұлындай обектен өсірді. Бұз қызықтары да үзакка бармай, он жасында анадан айырылды. «Бесіктен белі пықпай» жетімдік қамытын киген баланың ендігі тағдыры туыскандар колына қаралды. Иманды болғыр, Әрін есімді ағайын өз гәрбиесіне алды. Негізі, бұл әүлест аузында – Алласы, жүзінде – иманы бар, тексті ага үрпактары болатын. Арқа төсінс абыройы асқан Жанбаба атисынан бастап өз әкесі Суханберли е дейін дін ұстады. Жанбабадан 1850-жылдан Мәшік молланы Жанаарқа төңрегінде білмейтіп жан жоқ. Ол туралы Мәшіһүр Жүсіптің 1897 жылы Сарысуды бойлай етіп, Бұхарға жасаған сапары туралы жазбасында бар.

Не жетсін ықыласын жайған алға.

Сый көрдім, бек құрмустлу осы жолда.

Көп жылқыдаған таңдаң жүріп, бір тай сойды

Баласы Жанбабаның Мәшік молла, – деуіне караганда, Мәшекен ке-дей адам болмаган. Әрі Мәшіһүр Жүсіп секілді қазак оқымыстысымен сыйлас болған адам тегін адам бола ма?!

...Туыскандарының ықыласы төгіліп, мәндейнан сипаганымен, туган аке-шешенің мейіріміндей кайдан боясын. Сұрашып соғыс врті өршіп тұрган кез. Колхоздың бар жұмысы – шал-кеміш мен жесір әйел, жетім баланың мойнында. Ошисен де өз тұрғыластары секілді, балалық дәуренің қызығып кештей, бейдауа күниң бейнетіп белуардын кешті. Бұзау бақты. Кора тазалады. Масак терді. Мектепке кеш барды. Зеректігінің арқасында мектепке бармай жатып-ақ, вз бегімен латынша кара таныды. Алғашкы оқыган кітабы – «Тогыз батыр» дастандар жинағы. Кешке малды коралап келген соң ауыл ақсакалдарына дауыстап дастан оқып беретік.

Төртінші сыйыпқа дейін ауыл мектебінде оқыды. Кітап жоқ. Мұғалімнің аузынан шыққанын жаттап алып, сұрағанға мұдірмей жауап



берегін зеректігіне бәрі таңдай қагатын. Ұстазы – Ермекбай Каспакбаев. Төртінші сыныпты бітірген жылы аудан орталығындағы интернатта емтиханмас қабылданды. Талдыбұлак мектебіне емтихан ауруға Хасен Сейдімбеков. Мырзахан Тайғеков секілді танымал ұстаздар келді. Емтиханияды мұдірмей өткен үш баланың бірі болып, Атасу кеңтіндегі Лепин атындағы мектептің интернатына қабылданған сәттегі қуанышында шек болған жок.

Талапты балаға тағдырын тауқымсға кедергі емес екен. Тарабына нұр жауды. Жетілді. Жетімдік ұмытылды.

### **«Ұстаздық еткес жалықпас...»**

Ошекен жасынан-ак әдебиет пен есепке жүйрік бояды. Әсіресе, ұлагатты ұстаз, белгілі ақын Хамит Жамановтың сабакына ынтытар еді. Хаман сабакты өлсінштіп өткізетін. Сабакқа кіріп келіп өлең оқылада, бұл қімнің өлеңі екенин сұрайтын. Алғаш дауылпаз Қасымның да баспаны туралы өлеңін осы Хаманың сабагында тыңдап еді. Ал, математика пәннің деген қызығушылығын өйткән ұстазы – Біменде Амалбеков. Осында ұлагатты жандардан сабак алған Ошакбай ағаның бойында «косы ағаларымның жолын күшп, ұстаз болсам» деген арман бүр жарды.

Мектептің озат оқын бітіргенімен, сол жыны оқуға түсудің реті келмеди де, Ленин колхозындағы бастауыш мектептің осы колхоздың партком хатындысы Әбілғазы Құлсновтің ықнаймын мұғалым эрі менгеруші болып орналасты. Болашак билікті ұстаздың сибек жолы осытай басталды.

1955 жылы Қарағанды педагогтік институтының физика-математика факультетіне оқуға гүсті де, оны 1960 жылы бітіріп пынкты. Содан бері ұстаздық жолда келе жатыр. Үздіксіз, үзіліссіз. Жартығасырдан асыпты. Жалыққан жок. Жаңаарқа, Ағадыр, Шет, Қаражал тәңірегіндегі білім ошақтарында басшылық қызметтерде болды. Коғамдық жұмыстан да көл үзбей, үнемі кош бастаған журді. Тын игеруге катысты.

...Ошакбай ағаны абыройдын шынына шығарған бір касиет – шығармашылық ізденисті серік стул. Өлең жазуды жастайынан машиқ еткес оның қаламы уақыт өте келе кәнігі қаламгердей теселіп, аймақ журналистикасында да жорғалығымен танылды. Өзекті деген

мәселені өткір жазды. Ақыннан байрақ етіп, әділдікті қызғыштай коргады. Халықтың мұңы мен мұддесін ардың ісі деп қабылдаған жаңыңың үрпакқа калдырар онегесі дс өркенді болмак.

Ол шығармашылықта бейім, жаңашыл ұстаз бола білді. Эйтиссе, компьютер деген көк сандықтың тілін Ошексен тұғыл, жастар месінен алмай жүргенде, ол озық деген техниканың қулагында ойнады. Таңданып, таңдай қагатын-ақ жағдай. Компьютер біздің өмірімізге етсөн араласа бастаған шақта Ошақбай аға алпысты алқымдал қалған көз еді. Жасының ұлттайғанына қарамай, компьютерлердің жілін шағып, майын ішті.

1997 жылы Караганды қаласындагы Жамбыл атындағы №7 да-рынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернатқа ауысып келгенде, алпыстың біреуіндегі ағанын компьютер тиши жетік менгергендігін андаган мектептің сол кездегі басшысы Нұрахмет Қайырбаев оны информатика пәні мұғалимдігінен компьютерлік технология инжинері стш ауыстырды. Күні бүгінге дейін ағалған біздің ошағында жемісті енбек етіп келеді. Сенимді актаган сергек ұстаз компьютерде отырып дизайндық жұмыстыруды атқаратын, полиграфиялық өнімдерді шыгаратын соны бағдарламаларды «куректей дипломы» бар бағдарламашы жастарға үйрете бастады.

Ошакбай аға әуелден-ақ жанағынқа жаңы құштар еді. Карапайым есептегіш тәсінкалар заманының өзіндес ол информатика пәнін оқытудын небір тиімді әдістемелерін жасап, тәжірибелі республика бойынша таратылды. Ғылыми мәқалалары бірнеше рет республикалық, одактық басылым беттерінде жарияланың. Білікті ұстаздың математиканы оқытушагы іс-тәжірибелі кезіндегі Жезқазған облысы қәсіпкі билем беру басқармасының батасында жеке кітапша болып жарық көрді. 1990 жылы қәсіпкі-техникалық училищеде қызмет ске жүріп, «Аға оқытушы» ғылыми санатын иеленді.

Бұғынгы таңда мектеп экимшілігін жаңынан құрылған ақлараттандыру тобының мүшесі ретінде компьютермен дизайндық жұмыстар жасап, мектепшілік окушылардың ғылыми-танымдық «Жас өркен», кейін «Шұғыла» журналдарын шыгаруға катысты. Окушылардың сүйіп оқытыш баслымына айналған бұл журналдардың бас редакторы да – ози.

Жайсан ағаны әріптестері төбесіне көтереді. Алайда, ағамыз қара-пайым қалпынан айнаған емес. Қоғам, мемлекет тарапынан да ма-



ралат алғып бакты. Мастанғап жок. Әдемі картаюдың үлгісін танытадын қанағатшыл қалпымен-ақ Қатардан қалмай келे жатыр. Қатардан қалғаныныз не, біздін Ошекен жетпістің жуан ортасындағы жасымен көш бастап келеді.

Ошакбай ағамда бәрі бар. Боямасыз болмыс, қанағатшыл қалып, өнегелі шәкірт, ұлагатты үрлак. Нарасат... Бойында ақындық куат, жүзінде кісілік шуак бар. Алда бойына ізгілік дарыгуда жомарттық жасап баккан. Тек біздін когамға жарты гасыр жалықпай үстаздық еткен ағага «КР Бінн беру саласының Құрметті қызметкері» деген абырайлы атакты беруге сараптық жасап келеді. Бұл – мениң шікірім. Әйтпесе, Ошекен сштеңе де сұрамайды.

#### **Отбасы – шаттықтың орласы**

Иә, Ошакбай аға да ел катарлы шаңырақ көтеріп, үршак өсірді. За-йыбы Татьяна – орыс қызы. Қоңыл қалап, сезімдері табысып косылған. Тағдыры басқаша болар ма еді, кім біксін?! Егер, қандастарымыз Ошекеннің жетімдігін бетіне салық қылмағанда... Жетім үлді төрге оздырмак түтін, есігінен сығалатуға ықылассыз келетін осалдығымыз барын жасырмайык. Осыны түйсінген Ошекен қазақ қыздарына көз салған шығар, сез салмапты. Бәрібір жетімдігін бегіне басатын болған соң, жүзінде нұр, жүрегіндес иманы бар Татьяна апайды өмірлік серік етті. Гүлнар, Жанна есімді қос балаланынан орбиен немерелердің қызығына кенеліп, камсыз карттық құшагында гүмýр кешіп жатқан жайлары бар.

Шаңырақтың шаттығы ұзагынан болгай! Осы тілекпен түйінделген әпсанамыз бойынан үстаздық, ақындық секілді асыл касиеттерге орын берген азамат ағаның тағылымын толық танытты деп айтудан аулақпыш. Тағы біраз толғануға болар еді. жақсы сез кимағандығымыздан емес, газет көлемінің көтермейтіндігінен қалам қантаруға тұра келді.

**«Орталық Қазақстан» газеті, 2011 жыл.**

## ДАЛАДАЙ – ДАРХАН, БАЛАДАЙ - АҢГАЛ

## Алғашкы таныстырылыш

Бұрын сстігенім болмаса, Адамбеков Ермек ағаны етене биле коймаушы едім. Редакциядағы ағаларым келші, газетке ара-тұра материал беріп жүретін. Қимылы – ширак. Өзін сондай еркін үстайды. Қызығатынын. Жетпістен ақсан жасына қарамай, желшіп жүретін сергектік кімді де болса қызықтырса керек.

Бір күні кабинетімде өзі кіріп келмесі бар ма?! Айқара ашылған ссіктен Адамбеков емсс, Арканың ақ самалы лап қойғандай әсер қалдырыды маган. Куанып кеттім. Ертіп келші, таныстыруыш – әрштес ағам, белгілі қаламгер Сүйіндік Жаңысбай.

„Шүйркелесс кеттік. Ағытыла жөнелді. Екі ауыз емеуриннең кісі болмысын болжай алатын жасқа біз де келіп қалыптыз... Элде, аға өзі іш тартып келгендейктен бе, мен де өзімді сондай еркін үстадым. Алдында сұнғақ бойына сұнғыла ойы келісе кеткел кемел болмыс иесі отыр. «Кейінкерің келісп болса, жал-жаксы лұнис жазып шығуга болады-ау» деген дамел ой да жылт ейтісанам да. Бұйымтай етіп көріш ем, анқылдан отырган ағам бұйығы тарта қалды. Себебі де бар екен. Бұл кісіп мениң Аман Жанғожин, Сүйіндік Жаңысбай ағаларым жазып бағытты. Сырын да актарған, қырын да ашқан... Бұйымтайымды бұрышқа қалдырып, райымнан қайтайын дедім. Қаламы тессияген, қарымы танылған әлгі ағаларымнан асырып не жаза қоймақтын?! Алайда, аңқылдаан отырган Ерекенің гибратты ғұмыры мен ерекше болмысы жазып тауыса алмайтын дастандай көрінді. Сүйікен де осыны мепзеді. Колқа салуга тұра келді. Тым болмаса, жай әнгімелесіп отырып, көрімді алып қалсам да жарап...

Жасы – жетпістің бесеүнде.

– Жүріп еткен жолының бедсірлі болар, аға? Өмір қақласын кыны кезенде ашқан екенсіз... – деймін, бағы.

– Иә, обкомда лектор болып жүргенде 40 мың шакырым жол жүріппін, – дейді ағам. Шіркін-ай, неткен аңғалдық десенеші! Қодімгі перштес-пейіл балаға тән аңғалдық...

Койшы. әйтеуір, абзал аға ғұмырының 75 асуын да, лектор кезіндегі шарлап еткен 40 шакырымын да қызды-қыздымен қыска уақытта-ак шарлап шығылпыш.



### **Соғыс жымқырган балалық**

**1937 жылдың 7 мамыры.**

Қабагы тұксиген қаралы құндер еткөн жия коймаған. Әсіресе, ғікенек сым құрсауындағы Карагандыны ешкім де ресми атауымен атамаи, «Карлаг» ағанып, қарғыс атып тұрған кезі. Үрей – үйдей. Дәл осы күн Көпбай ақсақал мен Мәрени пішешідің қоңыр тірліктің қоламтасын үрлеген жұлпыны ғана шаңырағында шексі тарсылықтай үл дүниесін ашты. Тұнғыштары еді. Ел еңсесін тартқан епжар қунде ермегіміз болсын деген ништепен нағызғеге Ермек деген ныспы берилді. Әкесі – Қасес милициясының қызметкері. Жұмыстан көңілсіз оралады. Талай боздақтың жазықсыз ұсталып, оғынандар тағдырының оқца байланын жатқанын көзімен көріп келген жандар көтерінкі көніл болушы ма еді?! Жөргектегі Ермегине еміреніп отырып: «Апыр-ай, мына зауалдың бетін бізден аулак қыла көр!» деп күбірлейтін жарықтық Нагыз заһар төккөн зауалды құннін алда екенін сезбелі.

Бесігін бейнет тербеткен бөбегі торт жасқа толып, тәтті қылығымен жан баурай бастаған шакта батыста соғыс өрті тұтанды. Қопекен де көппен бірге кару асынып, майданга аттанды. Ақмолада жасақталған атты әскер құрамына кабылданған бүрінші тәртіп сақшысы майдан шебіне сәйігүлікпен кірді.

Елде калған отбасы көппен бірге тағдыр тауқыметтің тартып, майданнан кат күтумен сарылып жүріп жаты. Не көрек, балалықтың базарын соғыс жымқырган Ермек ішер ас, кнер кінімге жарымай, жәудір көзіне мұн ұялап есіп келеді. Әкесін сағынады. Бесіктен белі шықпай жатып-ақ жүргегіп жұқ артқан сәбізе салмақты болмыс калыптаса бастаған. Бала болып анысина еркелеу де жок. Беске жасы толмаган Ермектің анысина жанашырлықсін қарап, томпандап үй шаруасына колғабыс етіп жүргенін көргендердің жүргегі елжіреп, бууыры сзыяетін.

1943 жылы Стalingrad түбіндегі кескінескин ұрыстың бірінде ауыр жарапанғап әке сол жылы кемтар болып елге оралды. Жұмыска жарамсыз. Қалада күн көрудің амалын таппаған Қопекен ата конысы – Шет ауданы, Ақбұлак колхозына қоныс аударуга ұйғарым жасады. Ея іші, ағайын арасы, аштан елшіп, кештесін калмаспсыз деді. Оның үстінен, ауылда да азаматтар қалмаған. Бәрі – майданда. Елге келип колхоз бастығынын орынбасарлығына тағайындауды. Ферма басқарды, койманың күлтін ұстады. Әйтесе, бір қолмен жүріп-ақ, отбасын асырады. Аллапаңың берген балапандарының саны да алтыға жеткесін. Ер-

мектен кейін туған Дос, Кәмек, Бітімбек те соғыстан кейінгі ауыр күндердің тауқыметімен ерте есейген. Әке солғабыс етіп, колхоз жұмысына ерте жегілді. Өгіздің басына отырып, жер жыртып, егін салуға қатысты. Кайнауда шынықкан құрыштай болып есken сол заманның төлдерінде жігер деген ерен еді-ау. Тастуйін болып бекінген бұлар барынша тәуекеліші болып ержетті.

Соғыстан кейін де көп жылға дейін заман онада қоймады. Сұрқы қашқан сұркайы күн өнін берер емес. Көпбай шаңырағы 1952 жылы Карагандыға қайта кошіп келген. Себеп – жалғыз. Балалардың қамы. Колхозда небары жеткізілдік қана мектеп болды да, алты баланы аудан орталығынан оқыгуға жалғыз қолды әкемін қауқары жетпеді. Қалаға келіп қарық болғандары да шамалы. Әке кондиттер фабрикасына күзетші болып орналасты. Балалар – жас. Әйтеуір. Ермек танғы төрттен наан көзегіне тұрып, бір үшін жаның талғажауын алып келуге жарап калған. Осылайша, қасирег шекспинін шешпесген шерлі құндар зулап етіп жатты. Ермек үшін базарлы балалық сұрапыл құндар қанжығасында кетті.

### Львовта шырқалған қызмет

Ермек Көпбайұлы 1955 жылы Карагандыдағы №26 орта мектепті бітіріп, 1956 жылы жазда Кеңес Әскери қатарына шакырылады. Әскери қызметін іргедегі Қекшетауда бастады. Тың игеру науқанының қарқындал тұрған кезі. Бұлардың ротасы Қекшетаудың Володар ауданында астық жинауға қатысты. Қазақстан тұра сол жылы қамбага миллиард күйіп, рекорд жасаған. Ермек Адамбековтің өніріне «Тың игергені үшін» медалі тағылған сэт те сол жыл еді. Астық жинау науқаны аяқталысымен Ермек қызмет ететін әскери бөлімше Украинаға женелтілді. Львов қаласына келіп түсken.

Әскери қызметте жүріп Ерекен екі үлкен ерлік жасады. Бірінде Брест қаласындағы кару-жарак қоймасын жаруга келген польшалық террорды ұстауға қатысты. Қасындағы екі сарбазды өлтірген қандық қол каракшы Ермектен ебін асыра алмады. Кыршын өмірін каторге тіккен қазақ сарбазы қаныпезерді қапы жіберmedі. Осы ерлігі үшін кеzekten тыс демалыс алып, елге келгені бар.

Екінші ерлігі – Ерекен Львов қаласындағы 2000 орындық опера және балет театрында домбырамен ән салды. Ойда жокта. Демалыс сәттерінде жиналып ән салып отырған. Бұлар қызмет ететін Карпат-

## *Ақ сойледім ақиқат атаңында*



бойы әскери округинде командирі әскери бөлімді аралап жүріп, Ермек салған әнді құлағы шалып қалады. Ерекен әнгे бала жасынан құштар болатын. Экесі марқұм көремет әнші еді. Балапаның баулыған. Бұл менгеріл алған. Соньмен, командир пазарына шикен аға сержант Адамбеков жақында етегін округтік әм байқауына катысуга арнайы тапсырма алды. Әскери тапсырма бүлжымай орындалуы шарт. Шыкты саҳнага. Елден алдырган касиетті дөмбырасымен. Халық ән «Ақсүмді» аныратып, «Қалканы» калықтатты. Зал сүтілей тынған. Ән аяқталар тұстагы қошметті көрсөніз... Женимпаз атынды. 1959 жылы карашада өтетін Бұқілодактық әскери көркемненіңдер байқауына жолдама алды. Алайда, от кезде Ерекеншің әскери қызметтеп мерзімі аяқташып, елге қайтып кеткен. Катыса алмады.

Айтпақшы, Ерекең әскерде жүріп Лъзов каласындағы әскери-саяси училищеге окуга түсіп ашқаны бар. Бұл оку орынинде алты ай оқып, ата-инасының қарсылығымен елге қайтқан. Оған еш өкілбейді де. Маңдайына әскери қызметкер болуды жазбаган тәғдым оны касиетті әннен ажырата алған жок. Әлі қунғе дейін «Ақсүмді» зуелеткендеге, кәсіби әмбаптеріңізден бір мысқал кем түспейді-ау...

### **«Аралап, талай жеряш әмін таттым»**

**немесе «квартирант шаша»**

Ерекен коп жылдар бойы Караганды облыстық партия комитетінің үтіт-насихат белімінде лекторлар тобышында жетекшісі болып қызмет аткарды. Сөз басында: «...40 мың шақырым жол жүришши» деп жүрген сол жылдар еді. Иә, партия жарықтықтың тапсырмасымен ел аралап, саяси-агарту жұмыстарының бел ортасында жүрді.

— Жүрген жолтыңызды қалай өлшедініз? — деймін Гой аңғал ағаға әнгіме арасында.

— Қунделік жазу ежелден дағым еді. Сол сарғайған күнде әлкін беттерінде мениң жүрген жолым сайраш жатыр. Сол кездегі Караганды облысының құрамында болған 90 совхоздың 70-індегі болыптын, — дейді байсалды қалпынан ажырамаган күйінде әнгімесін жалғап.

Иә, Ермек аға жылдың 150-160 күнінде іссанаарда болады. Ен іппінде. Совхоз оргалықтарын койып, белімшешерді, тиіті, шалғайдағы жайлau-қыстактарды аралап, жапандагы жалғыз үйге де лекция оқыған кездері болған. Экесінің үйден горі сапарда көп болғанынан ығыр



болған баласы Мұхтар Ерекен іссапардан оралғанда: «О-о! Квартирант папа келді!» деп куанады екен.

Сапардан қолы босап кетсе, обжом хатшыларының баяндамасын жазады. Бишиң койыңыз, біздің Ерекен Елбасының Нұрсұлтан Назарбаевпен де үзенгілес жүріп қызмет атқарған.

— Талай хатшылардың баяндамасын дайындағым. Қебісі «мына жерін былай іste, мынау дұрыс емес» деп шығыр кылатын. Не өздері жаза алмайды, не жазғаныңды ұнатпайды. Нұрсұлтан Эбшүліпшың баяндамасын да әзірлеген көзім болды. Алайда, ол кісі мен дайындаған баяндаманы ләм-мим деместен алып қалады да, кемшін тұстарын ве толтырып, алып-қосарын озі дайындал алатын. Мен сол кезде Нұрекеннің сауаттылығы мен ерекше кабілетіне таң қалып, таңдай қағушы едім, — деп, өткен күндердің бедерлі сәттерін төбірене әңгімелейді Ераган.

### Гылымның кия жолында

Талмай іздену Ермек ағанын жастайынан серік еткен дагдысы еді. Ізденіс ізін қалдырды. Гұмырының отыз жылдан астамын гылымға арнаған ұлағаты ұстаз Қазак ғылымына орасан олжа салды. 40-тан астам гылыми макалалары жарық көрді. Мәскеуде кандидаттық диссертация корғады. Біздін үлт тәгдышына қырын қарайтын шовинистік пигылдың алдында оз пікірін дәлслдей білді. Жыныра жыл кафедра басқарған билікті ғалым еліміз гәуелсіздік алған жылдарда Қазақстан тарихының кайта саралтуында да айшыкты қолтанба қалдырып, үлт тарихының ұнжыргасын көтеруге белсене енбек сіңірді. Элі де аттан түскен ағам жоқ. Ширек ғасыр Е.Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университеттінде енбек етсе, бүгінгі таңда «Болашақ» университеттінде ұстаздық жолын жалғастыруда. Манызды білім берегін «Болашақ» университеті саясаттану және жалпы білім беру кафедрасының доценті.

### Шанырак шаттығы

Казір Ермек ағанын репертуарына «Сыргалым» аны қосылған. Әдемі әрі әсерлі орындаиды. Берілпіл айтады. Бұл ән – Ерекеннің үйіндегі Сырга женгімізге деген сұммаған сезімі, ссірмеген махаббаты. Шанырактың шаттығын еселеғен қос перзенті – Мұхтары мен Дәурені бүтінде ел ісіне араласып, халық иғілігі жолында еке салған сара соклакпен енбек етпі жүр. Мұхтар – Караганды қаласы экімінін

## *Ақ сөйледің ақиқат алаңында*



орынбасары, Даурен – кеші-кон полициясының қызметкері, полиция капитаны. Шырайлы шаңырактағы шаттық пемесе қызытымнан шалқып жаткан жайы бар.

Ермек ағапын майдандегі әке рухына тағым етеп мерекесі – 9 мамыр Женіс күнімен және жігерлі қалпында бүр жарған 75-ші көк-төмінен құттықтап, «Қажымаңыз, ага!» дегіміз келеді.

**«Орталық Қазакстан» газеті, 2012 жыл.**

## **АМАНАТ АРҚАЛАҒАН АЗАМАТ**

Келбетің кеңісті, кимылы шираж, мішің жайдары, вің сынын бермеген Ғазым ағайды жетіске келді дегенге кім сенеді?! Рас, өні – жан-жас. Кимылы ше? Кимылы – кашқанды құттармайы, күзәнға жеткізбейді. Алайда, мұның бәрі – физиономиялық ерекшелігі.

...Ғазекең туралы әнгіме айтсаң, сиын тектілігін айт! Ат жалын тартып мінгелі ағаммен сырлас та, сырлас едім. Акстарып көре, пк сырмын... Ғазекеңді мектемай, мектаның тынатын мыгармыз түбі...

### **Теренін тамыр гартаң тектілігі**

...2011 жылдың қыркүйек айында жазиралы Жанаарқа алқалы жиынға сауын айткан. Арапбай батырдың асы. Үйымдастыруышылар сапында казақ руханиятының қысқы сайыпқырандары журді. Қазак сал-серілерінің сарқыты Серік Оспанов, айтыс өнерінің жарық жүлдезі Аманжол Әлтай... Осалы жок. Осының бәрі жеме-жемге келгенде Ғазым Жарылғапұлына жүгінген. Яғни, барша Алаш жұрттына сауын айтылған сауалты істің тізгіні – Ғазым ағаның қолында. Газекен ұлагатты істің үйытқысы болды.

Дәл осы шарада баба рухына тәу сту арқылы қазактың көзі тірі қаһарманына құрмет көрсетудің тамаша үлгісіне күэ болғанбыз.

...Арапбай батыр асының бас мейманы – қазактың тұнғыш гарышкері, Алаштың айбынды ұлы Токтар Әубекіров. Алқалы топтың алдында Арапбай баба үрпактары Токтар батырдың такымына аргымак

тартып, бойына бес каруын асыңдырган. Бұл «кешегі жауынгер бабалар рухы – бүгін Сіздің бойынызда» деген пейілден туған құрмет еді. Эрине, арғымак та, Токаңның тау тұлғасына кона кеткен сауыт пен бес кару да тікелей Арапбай бабадан қалған мұра емес. Тек, ардақты баба рухының жаңғырған сипаты еді. Оны жаңғырткан – тегеурінді батырдың текі үрпағы. Қосшысы – караорман, басшысы – Фазым аға!

Айтнақшы, Арапбай батырдың зирағын іздене жүріп, ұлт бесінде – Ұлытау тонырагынан тапқав да, басына ескерткіш қою бастамасын көтерген де – Фазым Жарылғашулы. Кейір желауыздар Арапбай зирағы туралы жансақ әнгіме дс таратып бакты. Соңда да табандылығынан айнаймаган абыз аға анызды ақыкатқа айналдырып, болжамды нақты деректермен дәлледеген.

Міне, Фазым ағаның теренден тамыр тартқан гектілігі!

### Бүтіншінің Битабары

Із, спорт, онын ішінде, күрес өнері – Фазым ағаның өмірлік серігі. Жалпы, Жаңаарқа – жауырыны жер иіскемегел палуандарымен, көмейінде бұлбұл құс ұя салған әншілерімен, шартарап тынысын дөмбыра шанағында сөйлеткен дәүлескер күйшилерімсін данқы шыққан қасиетті өлкे.

Әнгіме спортты серік еткен сергек аға жайында болғандыктан, аты анызға айналған Битабар, Мұхамбетжан, олардың ізін жалғаган Ди-ханбай Биткезов, Дүйсенбай Бекенаев, Өзаман Исатаев, одан берідегі ағайынды Байшолақовтарды ауызға алмау әбестік, эрине. Осынау сыйыпқырандар тізімінің бел ортасында Фазым Жарылғашулының есімі тұр.

Фазым Жарылғашулы бар саналы ғұмырын казақ спортының көсегесін көгертуге арнады. Ұзак жыл Жаңаарқадағы «Жас сұнкар» спорт мектебін басқарды. Белбеуін бес құрлықтын берендері үзе алмаған Байшолақтың бесеуі (Канат, Талғат, Жанат, Жасұлан, Жандос) – осы «Жас сұнкардың» түлестері. Ағайынды Байшолақовтарға Сергей Волобуевті. Айбатыр Махмұтовты, Қайрат Абзаловты, Асыл Барменовті. Даурен Ізтелеуовты қосыныз. Осының барлығы Фазым Жарылғашулы басшылығы тұсында «Жас сұнкардың» айбынын айдай әлемге паш еткен акжолтайлар еді. Рас, біразының жеке бапкері – Ди-ханбай Биткезов. Алайда, Арқа жүрті Диханбай мен Фазымның арасына жік салып көрген емес. Бірі басшы, бірі қосшы болып, әлемдік



дөңгөлдегі жарыстарда Битабар наутуаннын рухын асқағаткан.

Газекен жаттықтырушы болып көктен түскен жок. Жасында күрессен. «Мен – мықтымын!» дегенниң тәлайын алып та жыққан, шалын га жыққан. Тұрасын айтқанда, боз клеммің шашын қаккан. Білекті де болды, жүректі де болды. Карсыласының шенгелігін мысықша сыйылышып шығып, қас-қағымда оның өз аяғын көктен көлтіретіп бала Фазымның күлемдегі өнеріне сүйсінген үлкендер:

– Аныр-ай, мына бала бүгінгін Битабары болайын деп тұр екен!  
– деп, тандай қағады екен.

Сейтші, жасында «Бүгінгін Битабары» атапталған Газекен казак спорты тарихының күйтабағына айналды бүтін.

### Ұстаздық – ұлы мұраты

Жаңаарқада ел «СПТУ» атаң кеткен іргелі оку ордасы бар. Тарихы – тым теренде. Бұрынғы ФЗО-ның мұрагері. Қаңғы атауы – Фалым Жарылғапов атындағы кәсіпкік мектеп. Директоры – Фазым Жарылғапұлы.

Тәүслесіздіктің алғашкы жылдарында нарыктың нақты талабын түсінбейсіз. Анырап, абдарағымыз рас. Сол тұста көштесен зудан орталықтарындағы «СПТУ» -лар жабылып қалған. Оның да өзіндік себебі бар. Бұл оку орындары негізінен орта буындарғы ауыл шаруашылығы мамандарын даярлайтын. Ауыл үдерес көшіп жатқанда, мамандарды кім үшін даярлаймыз?! «СПТУ» бітірген мемлекеттік мекеме тізгіндегі техника, мал дәрігері егетін мал қалмаған.

Осы тұста Жаңаарқадағы №12 кәсіпкік-техникалық училищені сактап қалудың орайын тапты аудан басшылары. Училищени жеңе мектепаралық оку-өндірістік комбинаты мен «Жас сұнқар» спорт мектебін косып, бірегей білім ордасын жасады. Оған даңқты спортшы Фалым Жарылғаповтың есімін берді де, директор етіп бұрынғы «Жас сұнқардың» басшысы Фазым Жарылғапұлын алып келді. «Жас сұнқардың» ортак казанга қимаған Газекен. Амайда, жаңа мектепке туган ағасы Фалымның есімі беріліп тұр. Арманда кеткен аға есімін иелленген мектепке ие болып, ардакты аға атының сидігі жерле өшінеуіне сәбек ету керек. Ақыры, он ойланып, мын толғанып, тәуекел етті.

Алғашкы күннен бастап мектеп иғлігін қызығыштай корыды. Максатына жетті де. Шегесіз қалған шеберхана, тесексіз қалған жатакхана, иссіз қалған зертхана қалынып көлтірілді. Бұрынғы қосал-

қы шаруашылық қайта жаңғыртылып, колдагы жарымжан техникамен шама келгендес сін егіп, шөп шабу аркылы азап үйде таба бастады. Бұл қосалқы шаруашылық әу баста окушылардың өндірістік тәжірибелесін ететін аланы болатын. Ал, үйде табу, оның ырзығын көптің ортақ итілінен айналдыру нарық талабы еді.

Міне, осының берін үтімді үйімдастыра билген Ғазекен из жылда аға атындағы қосыптық мектепті аяғынан тик тұргызыды.

Кезінде үлкен калалардан үлкен қызметтерге шакырылып, жиіліктін майларын алған. «Кирап қалған СПТУ-ды көгертем деп жүрсі бс? Барсайыш!» деген ақылмандар да болды. Ешкімнің тілін алған жок Ғазекен. Ішкі түйсігімен кеңесті. Өз сенімінен серпін беріп, үмітінен үкі қадады. Тұрағап қалған ауылдың түбі бір ажарланып, қайта түлейтінен бес сенімді еді. Ауылға қажетті мамандарға деген сұраныс артатынын бұл айтып бақты. Бірақ, ешкім Ғазекен айтқан «сртегігө» сенген жок. Ақыры, Ғазекен өз ұстанымының ұтқыр болғанын дәлелдеп, ұстаздық жолдағы ұлы мұратына жетті бүгін.

### Бір үйде – қос директор

Әдегте бір қалаға, тілті, тұтас қоғамға сыймай жүрепті екі директордың басы Ғазекен шаңырагындағы төсекке 16 жыл бойы сыйып келіпти. Отаяссы «Жас сұнкардың», одан кейін қосыптық мектептің директоры болғанда, асыл жары – Гауһар женшеміз Сәкен Сейфуллин атындағы орталық кітапхананы 16 жыл баскарды.

Тату-тәтті ғұмыр кешіп, бір төсекте бас түністірген қос директордың бауырынан Алла берген жеті бала өрбіш. Бәрі де жоғары биім алым, облыстық деңгейде лауазымды қызметтер аткарып жүр. Ұлдарының барлығы – «Спорт шебері».

...Гауһар женшеміз ауданның кітапханасында қырық жыл қызмет аткарды. Бірнеше рет кітапханашылардың халықаралық семинарларына катысып, бірнеше жыл қатарынан облыстың «Үздік кітапханашысы» атанды. Өз саласының майталманы ретінде бірқатар шетелдерде болып, батыс-шығыстагы әріптестерімен тәжірибе алмасты. Соңғы рет шыққан ұзак жолы – қасиетті Меккеге жасаған қажылық сапары. Отаяссы екеуі де – имандылық айнасы Ислам шарттарын берік ұстанған, намазын каза стпеген жандар.

Бүгіндегі қосыптық мектептің директоры 70 жасқа, кітапхана дирек-

## *Ақ сойледім ақиқат алаңында*



торы 60 жасқа толып отыр. Үлкен директор күші директордың бағын ашкан, күші директор үлкенниң бабын көлістірген. Фазагаңдан жастық келбеттінін сактау сырны талай сұрағанбыз. Жүзінде ойнақы күлкі жылт еткен ғазы жан:

— Мұның сыры – ауелі женгелеріншің күтімінде, екінші – спорттың арқасы. – деген қысқа жауаптан айырын емес.

Бір-бірінін бабы мен бағын еселеғен кос директорға бақығын бағызының, арманың аяулысын тілейікші!

### **«Аманаттың жеңілі жою»**

Айтқанлай-ақ, бір үйдегі кос директорлық үлкенінде бір артықшылық бар. Директор Фазым Жарылғапұлы – Караганды облыстық мәслихатының депутаты. Соғы екі шакырылымда халық сениміне ис болып, ел аманатын адал аткарып келеді. Сөз – етімді, болмысы – еткір. Бүрнагы жылдары өзіміздің «Оргалықта» Фазаган қаламынан туындаған Жанаарқаның «шоқалак жолдары» жайында «Бір жол бар – жақын, жақын болса да алыс» атты проблемалық макаласын оқып, тандай қақталибыз. Мәселенің откір көтергесн. Халық қалаулысының көғамдық белсенділігі, қажырлы кайраткерлігі осылай танылса көректи. Дешуттаттың барі Фазекендей болса, ел еңсесі баяғыда-ақ көтерілдер еді-ау, ширкін...

Фазым ағанын мойнында халық аманатынан бөлсек өмірден ерте баз кешкен бауырлар аманаты да бар. Қазақ тілі қорына бес мыңнан астам сөз салған, алғыр аудармашы, талантты ғалым, Жарылғап әулеттінің үлкені Іслэм Жарылғаповтың жарық көрмеген талай дүниесі тұр шаң басқан мұрағатта Эйгіл сез зергерінін бұл дүниесін ел кәдесіне жарату – Фазаганның борышы, еріне. Фазым ағаның өзі айта алмай жүрген, алайда біз айтуға тиісті еткір мәселенің бірі – осы Іслэм Жарылғаповтың есімін тұған жері Жанаарқада монға есте каладыру шаралары. Әкпсіз жоқ, кезінде ауданының Ақтасты селолық округидегі орта мектепке есімін берген Іслэм ағанының. Алайда, ол мектепке берілген Жарылғапов есімі түтпіл, мектептің есігі жабылғанын әлі сезіне қойған жокпаз. Кешкен жүргіткіш аудармашы есімін аудан орталығындағы бір көшеге берсе. Газаган иығындағы аманат жүтіп бір мыңқа женилдер еді.

Казак спортының жарық жүлдізі, бокс еңерінің аты аңызға айналған балқері марқұм Фалым Жарылғаповтың шықпаган биігі мен жет-



пеген арманы да – Ғазекеңе аманат. Аллага шүкір, Ғалым Жарылғашов атындағы дәстүрлі турнир биыл 30-шы рет өткелі отыр. Галексениң артында қалғав тұяғы Нұрғазы скеуі осы турнирдің үзілімейу жолында барын салып келеді.

Жарылған әүлетшін өмірден қыршын кеткен тағы бір карлығашы – Мәруа қарындасты. Ол кісі Сәтбаев қаласындағы балалар үйінде алаңшылардың бірі болып отбасылық үлгіге енгізген талантты тәрбисші еді. Өзі үзак жыл басқарған сол балалар үйінде Мәруа есімімен аталады.

– Мәруа қарындасымының өз балалары жетіліп, бір-бір ордалы үй болып кетті. Олар менин қамкорлығыма зәру емес. Дегенмен, қазір жетім көрсем, иығынап демеп, қолымнан келген жақсылығымды жасап тұрғым келеді. Бұл ғұмыр бойы жетімдердин жарым көншіне жүрек жылуын сеуіш өткен аяулы қарындасымының аманатындағы болып тұрады маған. Мен ғұмыр бойы аманат арқалап келемін. Ал, аманаттың жәнілі жок, – деп мұнайған жүзіне серпіліс кеңді сергек ағамының.

Шынымен де, аманаттың жәнілі бар ма?! Жок.

Аманат арқалап, адалдығынан айнымай келе жатқан азамат ағамын алқынғаның көрмесек скен...

«Орталық Қазақстан», 2012 жыл.

## «САРЫАРҚАНЫҢ САРАСЫ»

### Күс жолына із тастап акқан жұлдыз

Зымыраған уақыт-ай, десеңши! Белгілі галым, талантты экономист Сара Әбдіғалымқызы Сүлейменовың ортамыздан кеткеніне жыл айналып барады...

Гибратты ғұмыр кешкен жігерлі қыздың асқақ рухы күс жолымен жсті қат көкке көтерілгсін. Ол – биңкес. Иә, прилігінде еңссін биңк үстап, абырайын аласартпаған жанды пендес-ғұмырдан оқшауландырып тұратын касиеті – оның боямасыз болмысы болса керсек. Сара сынды сәулелі жандардың қазасының өзі – бар болмысы өз босагасының бо-



даны болған босблеулерге сабак. Сондыктан гой, сүрениң сүрлеумен магынасыз гұмыр кешкендердің жаңазасында сойылған малдың арық-семіздігін сез қылатынымыз. Ал, Сара Сүлейменқызы секілді саусақпен санаарлықтай санлақ қыздарымыздың жалғандагы қыска гұмыры оның рухына деген ел күрмелімен ұзара ғүспек. Сағыныш. Естелік. Тағым. Міне, осының бері – жалғандагы талқаны мезгілсіз түгесілген жайсандар өнегесінің өлшемі. «Тас – түскен жеріне ауыр». Десек те, жақсыларымыздан мәнгіге көз жазыл қалған сәттегі қасиетіміздің салматын женілдететін бір дүние бар. Ол – арамыздан ерте алыстаған асылымыз жайындағы екі ауыз есті сез.

Сара Сүлейменқызы да бұл жалғаннан тым ерте баз кешті. Жақындары қамықты. Бауырлары қайғыдан кан жүтті. Жары – Раушанбек теректей тенседі. Балалары шерленді. Құрбылары еғілді. Алматы аза ғұтып, Қарағанды кара жамылды. Құшагына Сара секілді арлы аруды алып, жас қабірмен кемелденген – Кенсай ғана.

Сонда да шүкірлік етеміз. Сараның алдында – жұмакқа тартқан сара жол, артында – өнегелі іс, өрнекті із. Аты аңызға айналды. Қанагат етіп, тәубе қыламыз. Есті естеліктерге арқау болған екінші гұмыры басталды. Ел жүргендегі мәшіллік гұмыры.

Сонымен, күс жолына із тәстап ақкан жұлдыз-гұмырдың соулелі сәттеріне сапарлап керелік.

### **Өнеге бастауы**

Сара Эбдігалымқызы 1946 жылы 26 қантарда Ақмола облысы, Аксу аулында дүниеге келген. Экесі Аташ Шәкуанов – Ұлы Отан соғысының ардагері, I-II дәрежелі «Данқ» орденінин иегері. Анасы Зейнеп Эбдігалымқызы – ақылна көркі сай, бар санағы ғұмырын бала тәрбиесіне ариаган аяулы жан. Қазакы дәстүр бойынша тұрғыштары Сараны нағашыларының бауырына береді. Сөйтіп, Сара Шәкуанова емес, Сүлейменова болып, нағашы атасы Эбдігалымның кенжесі, тұған анасы Зейнептің сіңілісі есебінде тәрбиеленеді. Нағашы тәрбиесінде болды легенмізбен, Эбдігалым атасы мен Зейнеп эжесі Аташ ақсақалдың колында тұрды. Сондыктан болар, Сара да өз бауырлары – Құлш, Төлеген, Болатты жатыркап-жатсынбай есті.



Нагашысы Әбдігалим ақсақал гектілігі тегеурін танытқан, кадірлі қария болатын. Заманыңда Алаш жүртynиң даңызы асқан Балуан Шолзактың сенимді серіктерінің бірі болған. Темірден түйіш түйетін зергерлігі мен сөзбен өрнек салатын ақындығы тағы бар. Ал, Саралын өз бабасы Доспай әйгілі Құнанбай қажы Меккеден салдырган конак үйнін құрылышына демеушілік жасаған такуа жан еді. Каждылых сапарда торт жарым жыл жағу жүріп, Алла алдындағы парызын адал етеген.

Міне, осылай ортада бой түзеген Сара қалай осал болсын?! Ұлагаттың ұғысы, өнегенің бастауындағы болған әүлетте тәрбиселніш, тектілердің тәлімін көрген Сара Әбдігалимқызының тағылымды тағдыры осылай тамырланады.

Өз жүрті мен нағашы жүрттың тел емген оның бойындағы адалдық, карапайымдыстық, имандылық, еңбеккорлық секілді дара қасиеттердің қайдан, қалай ларығалының тәптіштеп жатудын кажеті де шок шыгар...

### Ғылымның кия жолында

Табиғатынан жігерлі Сараның бойындағы мақсатшылдық оны өмір жолында да, ғылым жолында да шалдықтырган жок. Талмай енбектенді. Енбегінің жемісін көрді. Ізденистін ізсіз кетпейтінін дәлелдеді.

Орта мектептің сегізінши сыныбын тәммәдаган он үш жасар Сара ешкіммен ақылдаспай-ак, Щучинск қаласындағы тау-кен техникумына құжат тапсырады. Оны үздік бітіріп шығады да, Караганды қаласындағы машина жасау зауытында есепші болыш еңбек жолын бастайды. Орта-арнаулы білімге көңілің қоңылтаксын жүрген кайсар кызы 1965 жылы Одақтың астанасы – Мәскеуге сапар шеккен. Таныс «кекесін» емес, таудай талабын таяныш еткен Сараның жолы бола кетті. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің экономика факультетіне студент болыш қабылданды. Болашақ жары Раушанбекпен осында кездесіп, 1967 жылы екеуі шаңырақ көтерді. Тұнғыштары – Аскар осында дүниеге келді.

Кеңес Одагындағы ордалы оку орны – МГУ-ді де үздік бітіріп. бірлен ғылым жолына ден қояды. Жары Раушанбек аспирантураға қалады да, Сара ғылым саласындағы сара жолын Мәскеудегі «Жылу



жүйелерін жобалау» Бұкшодактың гылымы-зерттеу институтында инженер болып бастайы.

Іркілісіз іздеместі серік еткен ерлі-зайыпты ғалымдардың Мәскеуде біржола қалуы да мүмкін еді. Тағдыр талантты ғалымдарды тугав ешмен қауыштырды. Тағдыр дейміз-ау.. Эр изсеренің себебі бар екен гой. Екеуінің елге оралуына қазақтың қабыргалы кайраткер тұлғасы, академик Евней Арыстанұлы Бөкеговтің пікелей септігі тиді. 1972 жылы Караганды мемлекеттік университеті ашылып, оның тұнғыш ректоры болып Евней ага тағайындалған. Ғұлама ғалым Мәскеуге сапарлап, ондағы казақ жастарымен кездесті. Жаңадан ашылып жатқан университетке келуге үттіде. Евней Арыстанұлына екі тілде жорғадай косылетін Сара қатты ұнаган. Өзіндік пікірі бар, сөзі орныкты, ісі ілкімді көрінген. Қолқа салды. Онсыз да елді сағынып жүрген Сара отағасы Раушанбекпен ақылласып, ага колқасын көрінген. Осылайша Карагандыға келген Раушанбек Елемесов пен Сара Сүлейменова жиырма жылға жуық уақыт КарМУ-де қызмет атқарып, ғылымның кия шыңындағы өз орындарын танты. Абыройга көнелді. Ұжымның құрметіне боленди. Бұл жылдар ерлі-зайыпты ғалымдардың тек КарМУ-ге ғана емес, қазақ ғылымына орасан олжай салған жемісті кезеңі еді.

### **Мәскеу мандаты немен Сараның саясаттағы салмағы**

Қазақ ғылымында айшықты қолданба келдірған Сара Әбдіғалимкызы саясатта да сандықтық танытты. Сараның саясаттағы сара жолы сонау албырт шағында, Мәскеуде басталған. Иә, 200 миллионға жуық қалқы бар Одак астинасында жүріп, халық қалаулысы атанды. Астананың Бабушкин ауданы тұрғындарының зор сениміне ие болған қазақ қызы елден жырақ жүріп-ақ, мандат иеленгсін. Іскерлігі мен изденісі қабысқан қазақ қызы астана сайлаушыларының аманатына адалдық танытты. Басқаны қайдам, мен өзім Мәскеу мандатын нелсінген қазақ қызын кездестіруім – тұнғыш рет.

Саналы гұмырында сан қырынан таныла билген Сара Сүлейменованың саяси салмағы мен мемлекеттік қызметтегі кәсіби білігі еліміз



Тәуелсіздік алған 90-шы жылдарда кәдеге асып бакты. Ол кейір ер-азаматтардың өресі жетे бермейтін небір жауапты қызметтердің тізгінін үстады. Облыстық аткару комитетінде, қалалық әкімшілікте, республикалық құрылымдарда басшылық қызметтерде болды. Караганды қалалық әкімшілігінде табиғи монополияны реттеу және жаңа экономикалық құрылымдарды колдау бөлімінін бастығынан КР Монополияга карсы күрес агенттігінің басқарма бастығына дейінгі лауазымды қызметтерді абыраймен аткарды. Кез келген жана бастамалар мен тын реформалардың экономикалық тиімділігін сараптауда Сара Әбдігалымқызы алдына жан салған жок. Әсіресе, көпшілдігімен көш бастаган қазақ қызы тәуелсіздіктің алғашкы жылдарындағы экономикалық дагдарыс кезінде ел ішінде жүріп, халықка жаңа заман ерекшеліктері мен нарық талаптарын гүсендіру үсіндес берекелі белсенділік танытты. Сара Сүлейменованың іәл осы қырын терепинен аша түссек, біз оның қайраткерлік қалпын жазбай таныр едік...

### **Күләштің есегелігі**

Күләш Аташқызы – Сараның тұған бауыры. Ол үш жасынан әпесінін тәрбиесінде болған.

Дауысы дірілдеп, егіліп отырып бастады әңгімесін.

– Мәскеуде Сараның көліндә тұрдым. Қамкорлығы аманнан кем болған жок. Жездем екеуі Мәскеуден Қарагандыға көнис аударарда менің болаптағыма катты алаңдады. Былім алтын үшін Мәскеуде қалғанымды жен көрді. Алайда, қалдырылары келмеди. Мениң де қалтый жок. Әпкес мен жездеме әбден бауыр басып алғам. Сәйтіп, апай Евней ағамен сейлесіп, мені өздерімен бірге Қарагандыға алып келді. Мұнда да көліндә тұрып оқыдым. Тартышке өте қатаң болатын. Кейде құрбыларыммен болып, үйге кепігін келсем, менимен сойлеспей қоятын. Кешігіп келген кездерімде кабінес есікті жездем ашады. Апайға создірмеген бозамыз өзімізше. Сонда да, мениң кай уақытта келгендіңді біліп отыратын апай ертесінс менимен бірге жездемді де жазғырып, екеумізді бір табада қуырып алушы еді. Кейін, ез алышыма тұрмыс құрып кеткен сон алама: «Мениң ерте тұрмыс құруыма сенің каттылығың себеп болды. Сенің қатан режимдерін тәртібіне төзу



мүмкін емес еді» дег наздана срекелейтінмін. Сол күндер де алыштап кетті. Арманга айналды.

Сара университетте де өте талапшыл болды. Маган апайдың сабағынан көмектесуін ұрап, колқа салған құрбыларымның өтпішін Сараға айтқан емеспін. Өйткені, блемін, оның келіспейтінін. Мен тұглі, әріптестері, тілті, ректордың өзі Сарага мүндай етіппш жасауга баты алмайтын. Ол университетте «қызық қызы» атанады. Бірақ, оның бұл «қызықтығы» тек сабакта гана байкалады. Күнделікті өмірде одан мейірбап адам жоқ.

Сара табигатындағы сабырлы қалып, байыпты болмыс мениң өмірлік ұстанымыма зор ықпал етті.

Ол кеселі әбден мендеген шағында да сабырынан айнаған емес. Ажалды сабырмен күтіп алу да ерлікпен пара-пар текстілік екен гой, – дег, жанарына жас үйірді бауыры Күләш.

Іә, өзіне ерекше қамкорлық танытып, бәрлік бауырларының бірлігі мен тірлігіне үйіткі болып жүрген аяулы жанинан мәнлігі алыстаудан асқан касірет жоқ шыгар, сіра... Күләш апайдың жанарынан үзілген жастың әр тамшысынан батпандай салмақ ангардым.

### **«Орнында бар – онлар»**

«Жол ортасында атын, жер ортасында жарың өлмесін» деген атам қазак. Сара Сүлеймансовының мезгілсіз казасы жары – Раушанбекке оңай тигсін жоқ. Жетпіске иек артқан шағында жер юшты. 46 жыл отаскан асыл жарынан мәнгілге көз жазып қалды. Мәскеуде оқығандардың дағдысымен «Елемесов мырза» дег отыратын Сараның назды үні енді естілмейді. Бәрі елеске айналған.

Жалпы, Раушанбек – онтүстіктің тұмасы. Қектемді жанындағы сүйеттің. Қектемнің нұрлы шалагын асыға күтуші еді. Биыл олай емес. Былтырдан бері қектемнен жсріп кеткен. Жарты ғасыр алаканда аялаган Сарасын алып кеткен коктем гой – ол.

...Кырга коктем келді. Нұрлы коктем. Құстар кайтып жатыр. Тыраулаған тырнаның тізбегінде Раушанбектің Сарасы жоқ. Неге үшінші жетпейді? Әлде, канаты кайырылды ма? Жоқ. Сараның емес, езінің қанаты сыйнан скси гой...

... Құлазуга бастайтын ауыр ойдан шаршаган шағында Раушанбек Сарадан қалған ең кымбат ескерткіш – қос балапаны Аскар мен Құралайды және олардан өрбігеп немерелерді ойлағанда сергігендей болады. Әсіресе, немерелері – Аяз бен Абылайдың тәтгілігі үзілуге шақ қалған үміт жібін жалғал тұрады. «Орнында бар – оналар» деген осы да. Өзі бас болып, шаттығы кеміген шаңырактың енсесін көтермесе, болмас, сіра... «Сараның казасы – Азлауың сынағы Сара-да болған сабыр менде қалай жок? Жок, болмас! Сабырга жүгінейт. Сонда Сарамен кездесер жұмактың қакпасына жақындей түсермін» деген ой түйген Раушанбек енсесін тіктегендей болды. Әрівір Сараның орны олқы тұр...

«Орталық Қазақстан», 2012 жыл.

## ҰЛЫ МУРАТ ЖОЛЫНДА

Сыйлас аға, кадірлі дос, «Казпошта» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Жанбота Бекеновпен бір көргеннен «тонның ішкі бауындай» жарасып кеттім. Жақсы достарымен, жайсан бауырларымен таныстырды мені. Іш тартты. Мен де іркілген жоқтын. Ортамызда сырбаз қалпын сактаган сыйластық қалыптасты.

...Әлгіме арасында ұстаздары жайы жи сөз козғайды. Ұстазға деген құрметтінін елшемінсін-ақ ачаматтық қалпы аңғарылып тұрды. Әсірессе, Қайрат есімді мұғалімін аузынан гастамайды. Тіні, ағаулы мерекелерде «Ауылға барып, Қайрат мұғалімімді құттықтап кайттым» дегенинде талай күә болғанмын. Ұстаз бен шәкірт арасындағы үзілмеген байланыс, сызат түспеген сыйластыққа сүйсініп мен жүрдім.

Бірде сәті түсе кеткені. Жанботанын аузынан түспейтін Қайрат мұғаліммен таныстым.

...Тамылжыған тамыз айы. Жанбота телефон шалды:

– Ауылға барып, қымыз ішіп қайтсақ, кайтеді? Демалыс күні ғой, қолың бос болар, – демесі бар ма... Еліт етсі қалдым. Ауылды мен де сағынып жүргем.

Жолға шықтык. Ой жетегіндесмін. Жәкеннің ата-анасы «кеңместін



кемесине» мініп, мәңгілікке сапарлап кеткелі қашан. Ауылдагы ағасы Бектөрс де калага коныс аударған. Кімгс, кімнің үйіне барды скенбіз? Әрине, ауылдың пейілі, ағайынның ииетіне не жетсін! Кай үйге барсак та, кай үйдің көрмесине ат байласақ та, «төрге шық» деген казакы дархандыктан ажырамаган ауылға келе жатырымыз. Қарсы алады, шығарып салады. Дегенимен, журналистік дағды мой, Жанботаның қымызы шуді, салем беруді кімнен бастайтынына деген қызыгушылығын дегбір таптырар емес. Ішкі түйсігім кеңіл түкшішідегі тұпкі ойымды жайып салғысы бар Қайрат мұғалім Жиі айтатын ұстазы Жанботаның. Алдамаоты. Түйсігім. Тура Қайрат мұғалімнің ауласына келіп тоқтадык. Қартан тартқан, таяққа сүйенген ақжарқын аға алдымыздан елпендей шықты. Қазақтың қасиет дарыған кара шалы қоюмшы. Қарсы алдымыздан даркан даға құшак жайғандай әсерге болендей. Гажап! Кендиң! Өрлік! Парасаг! Сүйікті шәкіртіне деген кіршикің қоніл!

...Қаладағыңай тоңазытқышта емес, ауладағы ісдүкта сакталған бал қымыздан сімрлік. Бағланың былбыраған етіне бас жойдық. Әңгіме ағытылады. Әткеп-кеткесінін өрнекі сэттері – әңгіменің өзегі. Қайрат ағаның орелі әңгімессі сарқылар емес. Ештеп денсаулығы сыр берген екен. Әйтпесе, тұғырдан тайып отырған Қайрекен жок Тарихынды талдап, когамның комағай лиғылыны өткір сынға алып, еліміздің еңсөлі сртенін де биңк парасатпен болжап отыр. Ортақ әңгімеміз оргаляр емес. Сонда да, орайлы сұрақтарыммен карт ұстазды «онашалай» бастадым. Тағылымды тағдырына деген қызыгушылықпен. Аңғал аға ағытылың берді.

...Дүниенің дүрліліктіріген Ұлы Отан соғысының қызған шағында дүние есігін ашыпты. Нұраның Балықтықөліндегі. 1942 жылы. Негізі, Қайрекенің ата-бабасы – Жанаарканың тұмалары. Аштық жылда-рында «өзен жағалап, өзегі талмағандардың» легімен Нұра бойына коныс аударса керек.

...Мұн ұялаган жанарына жас іркілген карт ұстаз әңгімесін әсерлі жалғай берді. Мәктанып отырған жок, ұрпакқа ұлагат, өрелі жанға өнеге болар сирын актарып отыр.

...Біздің ұрпактың базарлы балалығы бұйырмаган Қайрекенде. Жалтых Қайрат Құттыбаев емес, соғыс жылшының төлдері бакытты балалықтың төбесін де көрмеген. Батысқа қарап үрейленген үлкендер, үлкеннің кабагын баккан балакандар. Майданнан хат таситын пошта-



байдың ауылға кірер сүрлеу жолынан жанары жалтармаган сүрениз ауыл. Міне, Кайрекендердің оссігін осындай берекесіз күндер тербеткен.

Қамыккан күндердің қасіретті ме, текті атаның қасиетті ме. Кайрекен кайратты болып ержетті. Ерте есейді. Шырмауық күннің шыргалағына бой бермей, ширығып есті. Бақыттың кітіп білімде скеніне ерте көзі жеткен зерек бала ізденистен бір сәтке де жалықкан жок. Аш құрсақ журсе дс, кітап жастаңып жатты. Бұл кезде Құттыбай карияның әулеті Балықтықелден елге – Атасу станисасына коныс аударған.

Мектеп табалдырығын осында аттады. «Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші, болашақ мұғалімнің тәлім алған ұстазы да мықты еді. Аудан көлеміне қадірі аскан ұлагатты ұстаз – Мәжит Ақмағанбетовген оқыды. Иманды болғыр Мәжаган – «жаксылардың соны – Тәлғозының Шоны» атанған әйгілі Шоңкенің тікелей үрлағы. Үрлағы болғанда да, туған немересе. Осындай тектінің тұғынан, зердел зиялтыдан тәлім алған Кайрат қалай карымды болмасын?! Ұстаз ұлагатына санаасын үя етпі. Елістеді. «Мәжит мұғалім секілді ұстаз болсам...» деген арман ояпды көкірегінде. Максатшыл болды. Максатшыл жаңға арман дегенің кол созым жерде гана скен Үмтұлысы ұлы мұрагтарға басгады.

Ауылдағы жегіжүлдің мектепті ойдағыдай бітіріп, онжылдыкты аудан орталытынан тәмамдаған Қайрат аға ұстаз болам деген арман жетегінде Қарағандыға келді. Қарағанды педагогикалық институтының физика-математика факультетіне құжат тапсырып, бағын сынады. Бак жанды. Студент атанды.

1966 жылы диплом алып, ауылға ораңды. Содан бері «алтын казығынан» бір сәтке де алысқа кеткен жок.

Кейбір кейіпкерлеріміздің өмірдерегі жайлы өндірge жазғанда: «ана жерде бален жыл жемісті енбек етті», «мына мекемені талай жыл баскарып, абырайға кенелді», «кіскерлітін бағалаган басшылық мына жерге қызметке шакырып, ол жерде де жеміссіз болмады» деп кесілестікіміз бар той. Кайрекен ондай кейіпкер емес. Енбек жолы – жемісті, эрине. Бірак, анау айтқандай күрдсіл емес. Өйткені, Қайрат мұғалімнің «Еңбек кітапшасында» екі гана жазба бар: «1966 жылы I қыркүйекте Атасу негізгі мектебіне физика пәннің мұғалімі болып кабылданды» және «1996 жылы зейнеткерлікке шығуна байланысты жұмыстан босатылды». Оку қыннан менгерушісі де, директор да болған



жоқ. Бар көтерілген лауазымы – сынып жетекшісі. Ауданның білім болімі колқа салып бақты. Оку ісінің мәнгерушісі болуды да ұсынды. Директорлық креслоны да көлденең тартты. Бұл бас тартты. Айтқан уәжи:

– Оку беліміңің есеп-кисабымен, бітпейтін жиналышымен жүргенде, ауыл баласына физиканы, математиканы кім оқытады? Мениң мақсатым – директорлық емес, ауыл баласының ғылымның баспалдагыңын мәнгеруіне негіз қалау.

Айтты. Айтқанынан кайтпады. Өйткені, оның бар арманы «ман-сан» ағты ұрымтал пигыл смес. ұрпак тәрбиелуе деген ұлы мұрат еді. Арманы орындалып, мақсатына жетті де.

Галай талантты шәкірттер тәрбиеледі. Мениң сапарласым Жанбота Бекеновтің былай қойғап да, ол Жанботаның үлкен ағасы – марқұм, профессор Жангелді Бекеновтің оқытқан. Ғұмыр бойы Жангелді шәкірттің мақтасын тұтып келеді. Өкініштің сол – Жангелді Кисықұлы мынау тірліктерге түйіндеп, беймезгіл кешті жағаннан. Жалындаған түрган, ұрпак игілігі жолындағы ұлы істерге үйіткі болар шағында аттанды актық сапарға...

Кайрекенің мақтаулы шәкірттерінің бірі – Жұмаш Қосанов. Тізбелей берсең, толып жатыр... Шәкірт тұргысынан «тұл» емес. Тұтыры – биң!

Кайрат аға – бүгіндес зейнеткер. Аның жылдары деңсаудағы сыр беріп, «аунал түрган». Қазір Аллада шүкір. Зайыбы Қастердің Жұмагұлова екеуі шағындықты шаңырақтың берекесі болып, елдің амандастырылған, заманың тыныштығын тілеп отырган жайлары бар. Темір жол бойындағы шағын ауылдың ымырасына үйіткі болып, ауылдағы жиынның бас ұстап, бата берестің аузы дуалы ақсақалы да – осы Қайрекен. Ауылдың қарадомалактарын қырық жылғының білімге баулыған ардагер ұстаз бүгінде жастарды имандылыққа үйіткілік жур. Ен бастысы – Кайрат мұғалімнің ұлы мұрат жолындағы сапары сарқылған жоқ. Дініміздің дінгегіне күрт түсіп, тіліміз шұбарланып түрган мынау қоғамдағы жастар тәрбиесіне катты аландарулы. Жанрандану жұтқыншағына жұтыльып кетуге шак түрган заманың зауалды болмауын тлейді Алладан. Албырт жастардың адаспауына ықпал етіп, өзінен кейінгіе ақыл-көнеспін беруден жалықкан жоқ. Бұл – ұзак жылғы ұстаздық еңбектің мұрагеріндегі болған ақсақалдық парыздың бір парасы.



...Қымызға да, сырға да қанып, жолға шыктық. Жолбасшымыз Жанбога ауыл сыртындағы ескі корымға аялдап, ата-баба рухына лұға бағыштауга ииет билдірді. Кайрекен бірге жүрді. Өз көлігімен іштесті. Көлік тізгіні – немерессінің қолында.

Тіршіліктің түйіні, откендердің мәнді ғұмырының нұктесі, ата-бабашың мәттілік мекені – корым басында қоштастық абзал ағамен. Тағына сүйенген ардагер ұстаз:

– Мынау – менің орным, – деді оқыстан. Селк сте калдық. Қалжыннады, білем.

– Койыныз. оныңыз не? Асықпаныз! Сіз бізге де, мынау қоғамға да керексіз, – деп жатырмыз, ынгайсыздынып. Терек күрсінді де, тез күлді жымын. Жанаарын лезде жайлау еткен күлкісі тұтас дуние жынығандай эсер етті бізге. Әлем әйел-ана әлдиімен әрлі болса, мынау дүние ұстаз ұлағатымен магыналы, карттарымен қазыналы гой, шіркін.

...Көлітіміз шандак жоңға түсті, көңіліміз – ауылға аландарулы. Қазына бар гой ауылда. Ол – Кайрекен сиякты қадірлі карттарымыз. Жанбота ағам маған сол қазынаны корыған қызғылпің құстай көріпді сол сәтте.

Артыма бұрылып карацым. Торт құлакты бейіттер безірсейген тәбс басында Қайрекен тұр қалқайып.

«Бұл төбеге асықпаныз, аға! Сіздің өз білгіңіз бар!» – деп айқайлагыым келді...

«Орталық Казакстан», 2012 жыл.

## ДАЛАНЫҢ ДАРХАН ПЕРЗЕНТІ

Әлкімсса...

Орақ науқаны қызған шақ Шиденің ми қайнатар ыстығынан шөп қуарып барацы. Мезгілін өткізіп айса, шөптес құнар кетпек. Арканын шұрайлы пұшпагы Ақсуга қоныс тепкен «Ақжол» шаруа кожалығының жетекшілері ағайында Құрмет пен Мылтықбай Куанышевтардың көңіліне алаң кірген.

Кек трактор кок жөтсеге шаңдыққалы – бір алта. Техника түли бі-

леді деп қаладан алғып келген тракторшы Коля да ақау сырны таппай алсқ. Малдан ораған Құрмет те араласты жөндеуге. Екесі де майға малишынған Амал таусылды. Жеңказғапнан Еркін бауры жіберген сайман ла сарт етіп келе қалмады.

...Село орталығы Ақтүбектен келетіп куре жолдан шан керінді. Әкесінін «УАЗ» -ы. Куанып кетті Құрмет. Қенжекара аксақалдың шалғайдығы жайлалауга ат ізін салмаганына біршама күп болған. Балалардың ғұлтігін бір бакылап кеттікке келе жатыр шамасы.

— Ассалау мағалейкүм!

— Ұагалейкүм ассағалам, батырлар! Шаруаларын қалай?

— Мына трактор шаршатты. Қеңеғ ғана экелген саймак дұрыс келмеді, — дейді Құрмет мандайынан сорғалған терді май қолымен сүргіп. Өбден дінкелеген. Трактор көлеңкесіне жүрелей оғыра кетті.

Қенжекең көлдененеңін екіңсі белінгсін көк тракторды бір айналып шығып:

— Не дейді сонда бұл? Не сүрайды? — деді.

— Білмеймін... Аптага айналды Коля екеуміз алышқалы. Таба алмадық

Қенжекең қарап тұрмады. Қірісіп кетті. Ақыры тапты ақауын. Ба-ласы мен тракторшы Коля бір апта таптаған құргыр құпияны.

— Біздін шалдың білмейтінін жоқ, — деді куанып кіткен Құрмет.

Істің қыбын тауып, шаруаның ыңғайын биліп-ақ жүрген балалары-на коптең бері бірінші рет көніл толмаған кейіп танытқан эке:

— Эй, башам-ай, шаруаны шаритету керек кой... Елбасымыз Нұрекен айтып жатыр емес пе: «Жатышшер жалқаулық пен маскара естер масылдықтан арылу керек», — дес. Дұрыс айтады. Ел үдерес көшіп кала барды. Аксасуққа калаға барсын, далага барсын берекелі шаруа бұйырмайды. шырағым. Әр шаруаны бастарда ойланып, штей жоспар күріп ату керек. Алдыңа мактат қоймасаң, тірлігің күр далбаса болып, береке таитырмайды. Біз оқып туды дейсіп бе?! Қып-қызыл бейнет арқалап, белуардан киындық көре жүріп жетілдік. Үйренуден жашықладық. Сонын рахатын көріп отырмыз, — дес, әнгімс гиегін ағытуға ыңғай танытты. Тындаған құлак, назар аударған көңіл үшін ұлағаты ұшан-төкіз әнгіме, билем.

Иә, Қенжекара аксақалдың көрмегенін жоқ. Соғыстан кейінгі ауыр күндерде ес жынып, етек жапкан Қенжекең енбек жолын қатардағы ме-ханизатор болып бастаған. Балалардың шамасы жетпеген іске «Бізден



қалған шаруа той», – деп бел шеше кирисп кететін де сондыктан.

Үйге еніп, келин балтаган салқын қымыздан сіміре отырып жағастырды әңгімсін...

### «Бесмаршалда» – бес берен

Ариасы толып, камыс-қурагы эн салып тұратын Құдайменде өзсінің жағалауындағы «Бесмаршал» консы – сибек ардагері, байыргы механизатор Кенжекара Куанышевтің туып-өскен жері. Кейіннірек Жанаарқаның ХХV шартсыздатындағы совхозының (казіргі Актубек) «Сарысу» баллымшесі коныс тепкен бул жердің «Бесмаршал» аталуының езіндік тарихы бар. Сонау 1957 жылы Арғын – Алсайдың бес кариясы Кокі Актаев. Смайил Кирабасев. Дүйсенбек Мырзакеев, Жекен Жакаулы және Сенжексаннің экесі Куаныш Бекқожин осы жерге қазық қағыпты. Заманында елінің кадірлісі болып, халық құметіне бөлөнген, ымырасы жұлдырықша түйілген бес берен. Құдайменде мен Сарысұдың арасында мал өргізіп, ырысы тасыған ағайындастар еді. Шалқадан түсіп жату үшін оқшауланбаған елден Еркіндік аңсаған болуы көрсек. Әрі бұл жер – осы әзлеттің атақонсы. Ағайын арасындағы әрғүрлі жағдайлардың түйіні осы жерде тарқап, нүктесі осы құтконыста койылады екен. Қандай жағдайда да халық Алсайдың осы бес шалына жүгінген. Әділдігімен, көрегендігімен көп ісіне үйіткі болған бесеуді ел «Бесмаршал» атап кетті. Ұйымына ел қызығып, ұйғарымына ағайын ұйыған бес карияның осы бір біріккен атауы кейін осы жерге берілді. Үкімет қаулысымен өмес, халық құрметімен, сл ықыласымен.

Әкелері осы «Бесмаршалға» көшіп келіп, бес үйдің шаңырағы көтерілгенде Кенжекең небары 14 жаста еді. Өгіз арбамен көң тасып, шымнан үй салуға катысқан.

– Адал еңбектің наны тәтті болатынын мени осы әкелерімнің тәрбиесі мен ұлагаты арқылы түйсіндім. Олар мениң өмір мектебіндегі ұстаздарым еді. Сол бесс шалдың біреуінің үйінде онаша қазан көтерілгенін көрмеппін. Ортак дастаркан жайылатын да, әңгіме ағытылатын. Ескілікті аныз да, шерлі шежіре де, тәлімі мол гибратты сөздер де... – дейді Кенжекең аксақал жампоздар тәрбиесін көрген жарқын күндерді жадында жаңғыртып.

Сол жылы құзде аудан орталығындағы Ленин атындағы орта мектептесі окуға да осы бес беренниң батысымен аттанып еді. Мск-

## *Aқ сөйзедім ақықат алаңында*



теп оқи жүріп, МТС жанындағы кешкі курсты бітіріш, механизатор мамандығын да алды шыкты.

### **Тізгіндең тәмір тұлпарды**

Еңбекке ерте араласты. 1959 жылы мектепті де, тракторшылар курсын да ойдагыдай аяқтаған слғс ораады. Колхоз басшылары Кенжекен тақымына «ДТ-54» маркалы шынжыр табанды тракторды тарағынды етті. Тұмысынан зерек, оның үстіне, арнайы курста оқығаны бар, жас механизатор жыланбауыр тракторды тез менгеріп кетті.

Колхозда – бітпейтіп, кезең-кезеңімен айналып соғатын науқандық жұмыстар. Кар тоқтату, жер жырту, дән себу, егія ору, оны бастыру, баулау... Қыстақтарға жем-шөп жеткізу... Толып жатыр. Сонын бәрі колхоздағы саусақлен санағындағы тракторлардың күнімен ат-карылады. Онын біреуінде – Кенжекара Куанышев.

Кейін Каражал қаласынан шоферлық курс бітіріп алды да, жүк көлігіне отырды. Трактордан жүйріктеу демесен, ғұннанан құрылымы да, бейнегі де бір.

Жалпы, Кенжекен – ауыл шаруашылығы тәсілдерлеріндең барлығына бас билдірген механизатор. Трактор, машина, комбайн...

– Өлтіндес өздерін әлек болған дүниенің біз ән сәгте орындаушы едік. Талап күшті – техника қантарылмау керек. Біз соны орыншадық. Әсіресе, пауқап көзінде трактор сынса, қалдың пәннеге. Ақау шықса, түнде жөндеп алып, танерген жолға салатынбыз жорғаларды. Ал, жәндсуге тұрған күндеріне акша төлемейтін кездер де болды. Сондықтан, техниканы қантарып коймауга тырысатынбыз, – деп бір кайырды әсер иттіңіз. Әрине, мактансып отырған жок. Балаларға үлгі болсын деген иместі гой – ак жарылтып отырғаны.

### **«Жалғыздың жары – ісудай»**

– Айтпақшы, мен сендерге куанышты хабар айтқалы келген екенин гой. Қек трактордың әлегімен ұмытып кетіппін-ау. Ұлы Отан соғысынап оралмаган ағам Құсайынның каза болған жері туралы бір дерек шықты. Алпыс жылғы тілегім еді. Ресейдін Воронеж облысындағы бауырластар зиратына жерленіпти. Жозказғанин Гүлсім (үлкен кызы) хабарласты. Интернет арқылы тауыпты. Ағам туралы деректі Жанаарқа комиссариатынан ізден әуре болыпшинын. Ол кісі Петропавл медицина институтында оқып жүргендеге алтынған екен

ескерге. 104-ші атқыштар бригадасы құрамында Воронеж түбінде 1942 жылы 13 тамызда каза тауыпты, иманды болғыр. Енді тұра кай зиратта жерленгенсін аныктасақ, басына барып қайтуымыз керсек. Кейін қайта жерленгенге ұксайды. Ол жақтағы биляқ өкілдері бауырластар зиратының басына жауынгерлер пізімі жазылған ескерткип қоямыз. содаш кепін хабарласыңыздар депті. Мен бүтін ағам қайта тірілгендей куаныштымын! – деді Кенжекең қымыз толы гостағанды басына көтере сіміріп салған күйі.

Иә, Кенжекара ақсақал – атадан қалған жалғыз. Тұғанда жалғыз емес еді. Екі ағасы бар болатын. Үлкен ағасы Құманбай 1949 жылы ауырып қайтыс болған. Екінші ағасы Құсайының тағдыры мынау. Майданнан оралмаған. Кара қағаз келген. Ауыр кайғының күйгімен экесі Куаныш марқұм отқа жағып жіберішті. Содан болар, ол қара қағаздың кай жерден, майданның кай түкілірінен кесілгенін де білмей қалған.

Құсайыннан кслер бір деректі экесі Куаныш, анасы Мәрия жанарларынан жалғаның жарық сәулесі өшкінше армандағ жетті. Тек, екі қыздың сонына ерген жалғызы Кенжекараның тілеудін тілеп, күбірлеп жатты жан гәсілім етерде. Жалғызға Алла жар болды. Бейнетпен бастаған тағдыр жолы Кенжекенде берекемен қауыштырды. Атка мінді. Ел басқарды. Абырайға кснелді.

### Ағилардың аялы алаканы

Кенжекең трактор тізгінінен тірнек тауып жүре берер ме еді. кім былсін?! Май сінген макентожын ақ көйлек, кара галстукке алмастыратын күнгे де жетті. Сол кездегі Караганды облыстық атқару комитетінің төрағасы Сұлтан Досмаганбетов пен Жанаарқа аудандық партия комитетінің бірінші хатынды Мұқан Медеубаев сынды камкор ағалардың ақ пейілі мен шапағаты арқасында. Абзал ағалармен енбек озаты, майталман механизатор ретінде реңми жиындарға қатысып жүргенде танысқан еді. Жігерлі жасқа әгалар ықыласы ауған. Сұлтан аға окуга кснес берді. Қомек жасады. Ақырында қонып, ел басқаруына ықпал етті. Эрине, жас жігіттін алғырылғын, іскерлігін бағалагандықтан Сейтіл, 1972 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының сырттай белгінне окуга түсті. Сол жылы «Рассвет» совхозының «Ыңталы» белгімшесіне агроном болып тағайындалған. Алайда, окуы ұзакқа созылды. Совхоз директоры уақытында сессияға жібермей, қысастық жасаған. Енбек десмалысы есебінен де жібермепті.



Болмаган сон, аудан басшыларынан ықпал етуін сұрап, өпніш жасалты. Шаруага гағы да Сұлтан Қашпарұлы мен Мұқан ағасы араласып, окуын сырттай бітіріп шығады.

Жоғары білім алған сон, іскерлігімен аудан көлемінде танымал болып қалған жас агрономды жұмысқа шакырып, колқа салушылар көбейді. С.Сейфуллин атындағы совхозда бас агроном, директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары болып абырайлы қызмет етті. Қолына билік тигсен сәттен бастал елге камшы үйіруді емес, халықка кайырым жасауды мақсат тұтты.

### **«Батаменең көгерді бакыр басым»**

— Қызмет істеген жылдарымда жок-жітікке қол ұшын беріп бактым. Солардың батасы шығар, бүгінгі осіп-өніп, шағтыкты шаныраққа айналып отырғаным.

Тағдырына риза кейіпте, бәзбірсүдің басын айналдырадар бакытына қанағат сезім танытқан Кенжекен қолтығындағы жастығын бір сикіп алдып, ләззаттана жантайды.

Ойна ұзак жыл көрші тұрғап Қәкен есімді кейуана түсті. Бейшараның жолдасы ерте кайтыс болып, жалғыз ұлышан да айрылып калып еді. Тағдырдың тауқыметін тартып бақты. Сол кісіге деген қамкорлық пейілі алі үзілгес жоқ. Кейін Қарғандыға коныс аудирған. Жыл сайын соғымын сойын беріп, құрт-майын жіберіп тұрды. Жазда катынаса қалса, Кенжекараның токты-торымы барады Қажен алайдың дастарканына. Қазір қарпттар уйінде екен. Қарғандыға жол түсे қалса, Кенжекен Қажен апайға соқпай кетпейді.

Сәкен аулында тұрғанда Шериязден Бекежанов деген кісімен көрші тұрды. Қатар еді. Керемет сыйласты. Шексін Солғұстік Қазакстан обылсының тумасы болғанын. Осы жақта қайтыс болып, сүйегін туган жерине Кенжекен апарған. Әлі күнге дейін марқұмының отбасымен арасын тұрады.

Кенжекара аксакалдан шапағаты тиғендер мұнымен шектелмейді. Ел шузындағы «Кенжекеннің кеңділ-ай!» деген әнгіме нептесіз айтылған сез смес. Жемін пашын жайтін сүнкар құстын текілігі бар бойында.



### Ұяда ұл-қыз өрбіп өнегелі...

Кенжекең зайыбы Рауза Рақышқызымен тағдыры табыстырып, 1960 жылы шанырак көтерген. Коссеглері көгеріп, көрпелері ұлғайған Кенжексң шанырағы – өнегемен оркендеп, ұлагатпен сусындалған 11 баланың алтын бессігі.

Пәрзенттерінін бәрі – жоғары билімді. Эр салада қызмет етіп, ұяда көрген ұлагатпен жан семіртіп жүрген жайлары бар. Рауза апай – Кежекара ақсақалдың сенімді «тыны» бола білген аяулы жан Негізі, ол да – бслуардан бейнет кешкен еңбек адамы. Колхозда да, совхозда да сауыншы болып еңбек стті. Несібін адал еңбектен айырган ардақты жандар бүгіндес үрпак қызығы мен сл күрмісте белсендіп отыр.

\*\*\*\*\*

Анда-санда келіп, осылай әңгіме айтып кеткені болмаса, Кенже-кеннің мына шаруашылықта шагағы жоқ. Алғашқы жылдары үлкен ұлы Ермек баскарған. Қазір қарашанырағы Мылтықбай жетекшілік етіп отыр. Эрине, байыргы механизатор, ауыл шаруашылығының білікті маманы, ардақты экениң ақыл-кенесі мен мол тәжірибесінің қажет жері бар. Бар шаруа еке ақылымен жүзеге асып жатыр. Иә, мемлекет гаралынан көрсетіліп жатқан камкорлықты да тиімді пайдаланып, мал басын өсіру, өсіріп кана коймай, мал тұқымын асылдандыру ісін де берсекелі жүргізу келеді.

...Кенжекен тыска шыққанда күн еңкейіл қалған екен. Әңгімс ұзак болған-ау шамасы. Әңгімешіл карт әлі де сарқылар емес. Онын айтвы да, берері де көп.

...Көк трактор Кенжеғам «ұшқіргенпен» кейін жетелів қойған. Кешкі салқының самалымен шаруаны өндіртіп тастамаққа шабындыққа бет алды. Коля да – конилді. Тіркменің «КДП-б» агрегатындағы шалғының жүзі қызарған күн шалғынымен шағылысып, жар-жүрк етеді. Балаларына әлдене айтып, көлігіне беттеген Кенжекендин де жүзінде нұр ойнап тұр. Ол ұзак жылғы адал енбектің етеуіндей болған камсыз қарттық, баңды бақыттық нұры еді.

«Орталық Қазақстан» газеті, 2012 жыл.



## ЫРЫС-ҚҰТЫ ЕСЕЛЕНГЕН ЕСКЕНЕ

Бұны – қарыштай дамыған Қазақстан үшін мерекелі жыл.

Тәу етер Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы мерекеленер жызда жас мемлекеттің даму, қалыптасу, көмегдене жолдарының тарих сақнасында таразылануы – ғандылық. Запдылық емес-ау, Тәуелсіздік жылнамасын ҳатқа түсіріп, тарих беттеріндегі белдерлеу – қалам үстеган қауымның қастерлі міндетті.

Іә, Одактан отғау шығып, еншімізге есі дүрыс түк бұйырмай, тығырық түмшілдірығын киген елдің аз уақытта енсе көтеріп, екпіндегі дамығаны кейінгі ұрпаққа сағат сайын бір жасқа өсken Алтапамыс батыр өміршідең ертегі корішіү мүмкін. Алайда, қазақстандық дамудын сондай каркышты болғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Елдің ғұмбыш Президентті Нұрсұлтаан Назарбаевтың сәлиқалы саясаты мен баянды бастамалары арқасында отпелі кезең откөзінен сүрінбей оттік. Әсіресе, алтын бесігіміз – ауылдарға үйірілген дағдарыстың каркыны көремет еді. Оны да енсердік. Игілікті іске ұйытқы болар қажырлы азаматтар мен ел ынтымагының арқасында.

Жазиралы Арқа төсіндең жайлау мекен – Жанаврқала Тәуелсіздіктін алғашкы жылдарындағы дағдарыста шаруасы шашырамай, іргесі світлімей қалған екі шаруашылық бар. Бірі – қабыргалы қайраткер, ауыл шаруашылығының білікті басшысы, марқұм Нұргали Кенжетаев басқарған «Жепс» акционерлік когамы, екіншісі – іске ұйындастырушу, білтір маман Әбұлпрхан Төлеуов жетекшілік стекен «Ескене» шаруа кожалығы.

Бүгінгі әнгіме Тәуелсіздік құрдасты, құрылғанына 20 жыл болып отырган «Ескене» шаруашылығы жайында болмак. Бүгінде республикага аты машіһүр «Ескененің» есіп-оркендеу жолы жайлы толғауы токсан әңгімені шаруашылық жетекшісі Әбұнірхан ТӨЛЕУОВТІҢ өз ғузынан жазып азған едік.

### 1. «Ортак өгізден – оцана бұзау»

1991 жыл. «Жоспарлы экономика» деп 70 жыл ұрандаған Одактың іргесі ыдырап, шаңырагы шайкалып тұрган кез. Аудан орталығының іргесінен қоныс тепкен «Дружба» кеңіншілер да өлместің күнін кешіп тұрган. Астық, сүт бағытындағы шалқыған шаруашылық еді. «Одақ»

этты «үлкен үйден» күт қашқан соң, «Дружба» сыйында отаулардың ісі она ма?! Шаруашылық шатқаяктап, мемлекетке карызы үлгайған үстің ұлғая түсти. Енді қайтып еңес тиқтеудің көмілескі кеткешін түсінген Эбүйрхан Төлеуов ол кездес осы кеңшар құрамындағы «Ленин» бөлімшесін басқаратын. «Күн көсем» есімін иеленген ауылдың аты бөлімше демесеңіз, заты сол кездегі кемелденген кеңшарларга бергісіз еді. Бір сөзben айтқанда, «Дружбаның» сорын айдаи, багын бекем стіл отырған бөлімшесі – осы «Ленин».

Кеңшардың құрамында қала берсе, құрдымға кету ықтимал скенінг ерте сезген Эбексінін бар ойы замана дауылнан ауылын аман сактауга ойысты. Ол үшін бір тоқтамға келіп, шеппім кабылдау керек. Ол кезде сапасыз өніммен елді алдаған кооперативтер болмаса, жаппай жекешелендіру белен алмаган. Эбүйрхан он ойланып, мың толғанды. Ақыры, тәусіклі стіл, тас жұтты. Кеңшардан бөліну керек. Ал, кеңшар сыйынқ құрсін тегін берсін бс?! Бәрін салып алу керек. Не керек, мемлекеттен несие алды да, бөлімшениң жерін, ғылыминын, әлеуметтік нысандарын түгел иелікке алып, «Ескеңе» шаруалар одағын құрды. Одақтың төрағасы болып езі сайланды. Ауылдың «Ленин» атауы алынып, жаңа құрылған шаруашылыққа ауыл қоныс тепкен жердің тарихи атауы берілді.

Бірден дүркіреп кетті доссектік, асылық болар. Қиналды, кедергіге кеп ұшырады. Қаралайым шаруанын санасына әбден бекініп аған «социалистік меншік» деген ұғымды ысырып шығып, «халық игілігі», «жеке меншік» дегенді сициру онайға түспеді.

— Алғашқы жылдары қиналғанымыз рас. Обляс аумагындаған смес, тіпті, республика бойынша ауыл шаруашылығы саласында жекешелген алғашқы шаруашылықтың бірі болғандықтан, көтерген жүгіміз ауыр болды. Дегенмен, «тәуекел тұбі – жел кайық» дейтін елдің үрпағымыз фой. Елге күлкі болмайык деп, нағысқа тырысып жүріп шаруамызды дәңгелетіп экеттік. «Шешінген – судан тайынбас» демей ме халық даналығы. Біз соның кебін кидік. Ақыры жаман болған жокпаз. Бір-екі жылдың ішінде қарызымызды толық жауып, таза пайдамен жұмыс істей бастадык. Техника жаңартып, жер ондеуге, тіпти, жергілік бюджеттің шамасы келмеген ауылдың клуб уйин балансы-мызды ұстап, мектепке демеушіллік жасауға да қоя жеткіздік, – дейді Эбекен алғапкы кезеңдегі құрделі шакты есіне алып.

Ұзақ жыл шаруашылық басқарған тәжірибесі бар. Тәуелсіздіктің

арқасында тын мүмкіндіктеге жол ашылды. 1993 жылы республика фермерлерінің I-съезінде делегат болып катысты. Еліміздің тұқпір-тұқириңен келген әріпгерлермен пікір, тәжірибе алмасты. Осынын бәрі жиналды. іскерлігін шыңдауды. Ісі ізгерілең, шаруашылығы іргелене түсті. Бастапқыда шаруашылық есke үрдіспен егін шаруашылығын көспі етті. Жаман болған жок. Облыс бойынша I, II, III-ші сұрышты репродукциялық тұқым шаруашылығы мәртебесін иеленіп, облыс аумағына сапалы тұқым таратты.

Негізі бұл ауыл – аудандагы алғашқы ділмен ұстаган ауыл. Ленин атындағы колхоз болыны 1931 жылы құрылғанда осы өнірдің халқын аштықтан аршалап қалған осы Талдыбулақ өзсін жайлаған дикан ба-балар еді. Әбекенде шаруашылықта астық өндіру бағытын ұстауға ниет етуі де сондықтан болатын.

Дегенмен. Жер-Ана жарықтың тоси үнемі ишті тұрсын ба?! Ұзак жыл өндімдегені бар, тұқымның сапасыздығы бар... Асып-тегілген астық өндіру де оңай болтар емес. Кей жылдарды егін бітік шығып, «Ескенениң» айдарынан жел ескенімен, орылған астықты откізу қын кезеңдер болғаны есгеріңізде шыгар. Бұл 90-шы жылдардың бел ортасы еді. Дикандардың мәндай тері ақталмай, қамбадагы алтын яғын алып-сагарлар ұсынған арзан пүлге беріліп жатты. Тіпті. Бидайды артып алып, ақысын төлсімей көткен алаяктар да кездесп. Ол үшін жашпай ауыл Әбекенді Карагаш, сот төрөштіне жүгінген кездері де бар. Айтып-айттай не керек, ауылдың көсегесін көрергіп, еңнесін көтеру жолында Әбекен көрешекті көріп бақты.

Осынша құрделі кезендерге кей жылдардың қуанышылығын қосыныз... Науқан уақытында бағасы шарықтап сала беретін жана пар-жағар майдын да көрі ықпалы болмай коймады.

Істің орайын келтирің, онтайын табуга жасынан дағышланған жігерлі жігіт жасыған жок. Керісінше шаруашылыкты басқа бағытта дамытуға бел буды.

## 2. «Мал баққанға бітеді»

Егер алқабылып құнтарлы бөлігіне есеп жүргізгел Әбүйірхан Толсов қөп ойланып жағпай-ак, егін көлемін қысқартуға шешім қабылдады. Иеліктең жердің қалған бөлігін жайылымға пайдала-шып, ерісті малға толтыруды көзdedі. «Мал баққанға бітеді». Көнекөз

кариялардан жи еститін бұл сезді. Осы бір канатты қагиданың астарында жауапкершіліктиң батпандай салмағы жатқанын сезінді. Бірақ, сескеніп, секем алған жок. Түлік гаңдауда да көп ойланып жатпады. Асыл тұқымды ірі кара өсіруді бәрішen онтайлы көрді. Бұл мақсатқа ой жұмылдыруына Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлымен болған кездесудегі әнгіме түрткі болды. 2000 жылы Әбекен агрономеркәспіл кызметкерлерінің республикалық кенесінде сез сөйлемді. Минбеде тұрган Әбекен мен төралқада оғырган мемлекет басшысының арасында қысқа ғана тарихи диалог орбіген.

Елбасы:

– Шаруашылығыңыз кай бағытта жұмыс істейді?

Әбүйірхан:

– Астық өндіру.

Елбасы:

– Мен билетін Арқа оқірінің жері шөлейтті еді ғой. Арқа алқабында бәрібір гектарына 8-9 цнтндерден артық өнім алу мүмкін емес. Сіздерге егін шаруашылығынан горі мал шаруашылығы қолайлы болар. Елге барған соң ойланып көрініз. Қажетінше мемлекет таралынаң көмек береміз.

Журналистің де арқалағаны – халықтың аманаты. Алайда, жағанымыздан корытынды шығып жатса, кане?! БАҚ-та жарнишланған сынға, қоғамдық пікірге пысырып та қарамайтын ғонмойындық қалыптасқан біздің қоғамда. Осыны санаусында салмақтаған Батарбай Әлеуханұлы халыққа қызмет ету, қарапайым тұрғындардың мұн-мұқтажын шешудің онтайлы жолы депутаттық мінбер екенин ежелде түсінген. Бірақ, мандаттың озін мансап деп қабылдайтын қоғамда оған да ұмтыла коймапты. Ұсыныс түсті ақыры. Биліктен смес, сайлаушылардың өзінен. Еліңнің арты, бұл серпін танытты. Қазір облыстық мәслихаттың депутаты.

Сонғы шақырылымның халыққа қызмет стксеніне бір жылдан енді



тана асты. Осынша кысқа мер үмде біздін Базкен ез округіне ғана емес, облыс жұрттылығына белсенділігімен танылды. Көптеген түйткілді мәселелердің гүйнін тарқатуға ықпал етті. Маселен, Жезқазғандагы орталық аурухана лифт мекнатын көп жылдан бері тартып келген-ді. Осы маселениң ішін шешім табуында тікелей депутат Базарбайдын қолтанбасы бар. Сондай-ақ, ол кәржы гапшылығынан тоқтап кала жаздаған Караганды-Жезқазған, Жезқазған-Караганды әуе рейсін қалпына келтірге мұрындық болды.

Базарбай Әлсұханұлы облысқын мәслихаттың депутаты болып сайланбас бұрын «Нұр Отан» ХДП Жезқазған қалалық филиалы жаңындағы сыйбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі комиссияга жетекшілік етті. Халық игілігі мен мемлекет казынасын «қорқаулардың жемсауынан» қызығыштай корыған оның кайраткерлігін замандастары жыр кылышпайтады.

Міне, зерттес ағаның шығармашылық көлбетін толықтыра түскен осындағы көгамдық қайраткерлігі барын біздер – шәкірттері мақтан етsemіз.

### **Tілі – мірім шығындар**

Іә, Базарбай Әлсұханұлы тілшілік тікенегі алмастай откір. Қазақы калжын мән астарлы әзілге өтсі бай. Көздеген нысанасын түшп түседі, тілгі, тотияйын құйғаңдай ойып түсетін де бар.

Бірде, Жезқазғандың Серке Кожамқұлов атындағы драма театрының гимаратында белгілі қаламгердин шығармашылық кесін етті. Мен – кешті жазуға жауаптымын. Базкен – кадірниң қонақ. Қең соңында қайтуға ынғайланғанымызда Базкене үнемі еркесеп жүрстін бір інісі жолығын қалды. Епте «қызыңқырап» алса керсек, шаужайлап жіберер емес. Біршама уақыт өткеннен кейін көлікке мінгсін Базкен:

- Салонның шамын жақшы, – деді жүргізушиңс. Біз – аң-таңбыз.
- Маған жақсылап қарандаршы. Мен 500 тенгеңілк күпорадағы Эл-Фараби бабама ұксаймын ба? – демесі бар ма. Ол кездегі ұлттық тәнгеміздің нақышында Эл-Фараби бабамыздың бейнессі болатын.
- Жок, – дейміз, алі де аң-ған ксійіpte.

– Ендеше, ишеге осы інім мен көргөн сайын 500 теңге сұрайды? – деп, ішек-сілемізді қатырысын.

Осындаған айтқыштығымен ортасын құлкіге карық қылып жүретін жайдары мінез жайсаң ага Оспанханнан кейін ойсырап, Тоқмагалбетовтен кейін тоқырап тұрган қазак сатирасын өрге сүйреуде сұбелі енбек жасап жүр. Мениң бағам: бүгінгі қазак сатирасы Толымбекпен толысып. Көпеммен көші іштерілеп, Базарбаймен базарланып тұр. Базкеценін осы сатира керуенін өз үнімен ілескенін «Қазақ адебиеті» газетінің Оспанхан Әубекіров атындағы жүлдесін алғанынан-ак бағамдауга болады. Біз оқырман ретінде Базкеценін сол жолы жүлде алған шығармалары шінен «Отлешиңк» пен «Адам емес» туындыларынын кейіпкерлерін ортамыздан жазбай танығанбыз.

...Өзін де, езгені де қалам құдіретімен танытып, отандық БАҚтың дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген өрелі әршітес, абзал ағаны мерекесімен құттықтаپ, шығармашылық табыстар тілейміз.

«Орталық Қазақстан» газеті, 2013 жыл.

## ҚАЙРАТЫН ҚАЗЫҚ ЕТКЕН ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ

*«...Ши-ақ нарсе аданиң қасиеті –  
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абай.*

**«Мен қазақ қыздарына қайран қалам...»**

...Жалпы, қазақ қыздары қайратсыз емес. Сонау сонарлы күндер шежіресіндегі назік жандар тізімі ерлерге тән ерлігімен ел қорғаған Тұмар ханым, ел басына екіталақ күн тұганда парасит патшалығының абырайын асырган Қархабат, Домалақ, Айша бибі болып басталып, Жиреншедсій шешенге серік болған Қараашаш, кешсегі Ұлы Отан соғысында жаудын құттын қашырган «шығыстың қос шынары» Әлия, Мәншүк болып жалғаспай ма?! Ұлы дағаның ұшан тензіз тарихында да, бүгінгі үрпак ұғымында да бұл тізімнің алдына да, артына да көп нүктө қойылатын шекіздік екенин мойындауға тииспіз.



Тарих айтады: әйелдерден батыр да, акын да, күйші де, саясаткер дс, қайраткер дс... шыккан. Тек қана пайғамбар шыккан жок. Ал, пайғамбарларды дүниеге әкелген әйел-ананы қалай құдіреткес бала-майсың?!

Кой, пәлсапа соқпай, өз заманыма ойысайын. Біздін қогам бизнес бәсекесінің аланына айналған. Бизнесте жүрген қазак қыздары аз ба? Бар, эрине. Шенеунік қыздар ше? Жетіп жатыр. Арулар Арындағы мәлдірлікті гендерлік саясатқа пайдаланып-ақ жагырымыз. Ал, құрылышта ше? Аз. Иә, саусакпен санарлыктай ғана... Сылакшы-сыршылар бар шығар... Мениң бүгінгі кейішкери, «Нұр-Қад и К» құрылыш фирмасының директоры Қыздархан Нұrbайқызы Дүйсенбаева сынды бірегей құрылышылар – бірен-сарап. Нәзіктік пен құрыштай беріктік. Бір-біріне қарама-қайшы ұғым. Десек те, арасы жер мен көктей бұл қасиеттер Қыздархан апайдын боямасыз болмысында домбыраға таққан үкідеи үйлесім талқан. Сондай-ақ, тани білсен, аша білсен, апайдың тұла бойы – ізі қасиеттерге оте бай. Адамзаттың абызы Абай айтқан үш асыл қасиетті әлкисса етіп алтуым да сондықтан.

Ыстық кайрат. Нұрлы акыл. Жылды жүрек. Парасаты мен келбеп келісті кемедденғен кейіпкерімнің бойынан осы қасиеттерді айын анғардым.

Сонымен...

### Ыстық кайрат

Қыздархан Нұrbайқызы – тағдыры жан. Тасыр тағдыр кімді маццайынан сипап жатыр дейсіз?! Сонда да, эр шенденін тағдыры таразыланар тарау-тарау жол бар. Пешенеге перште жазған шимайлар тағдырдың шырлагал жолына салып ала жәнеледі. Қендейспеске амалың жок. Көтересің. Бұлтарысы мен бұрапаңы көп бұл сапардың түйіндслер тұсы – ақырст. Оған дейін «шарашидымға» қаратпайды ау...

Қызкеңін де ғұмыр соқпагы дәл осылай соқтықпалы сүрлеумен келе жатыр.

Он бір жасында әкедеп жетім қалды. Майданда белуардан қал кешкен ардакты аке соғыс салған жарадан айыкпады, мәңгілікке сапарлап кетсе барды. Қыздархан қамықты. Қайғырды. Морт кетпеді. Қанагат сіті. Бір шаңырактың тауқыметін арқалап қалған анасы Сейдес дес-

меу болуды ойлады. Он жастан енді аскан ойын баласы осылайша бір күнде есейіп шыға келді.

«Жетімдікten жеңлессі үзілген ешкім жоқ!» деді де, кайратына мінді. Сабагын ақсатпады. Мектепті жаксы бітіріп. Тараз технологиялық институтына окуға түсті. Инженер-технолот маманлығын игеріп, жолдамамен Карагандыга келді. Қарағанды емес, Балқашқа. Қалқаш тігін фабрикасында технолог болып біршама жыл абырайлы қызмет етті.

Ол құрылышқа көздійсөк келген жоқ. Жасынан жобалау, кисындастырудегенежаны құмареді. Сол әуестіккә дегенекеме жағдайда. Алғашында жсніл өнеркәсіпте, ксін ауыр құрылышта табиғи талғампазды ымсн тымырланды. Айтпакшы. Қазақстан сауда-өнеркәсіп палатасының Карагандыдагы сараптау бюросында саралышы болғаны бар.

Сарапшы болып жүре берер меге еді, кім білсін?! Заман өзгерді. Жи ері жілгіке бергісіз Қыздархан нарық талабын танып үлгерді. Он өшеш, бір кесетін, тоқымнан тон пшегін шебер машық тігін онеркәсібінен, ал, жағдайдың жай-жапсарын салмактау сарапшылыктан калған кәсіби дағдысы еді. Жолдасы Элиаскар марқұммен кеңесе отырып, шұғыл шешім қабылдады. Сейтіп, ерлі-зайыпты көспікер Элиаскар мен Қыздархан отандық бизнестік алғашқы қарлығаштары болып шыға келді. «Әуслі бұл құрғырды бастау киын, бастаған соң тастау киын» демекші, алғашында киналды. Басгады. Тастаған жоқ. Табандылық танытты. Бұлар құрылыс салуға лицензия алған 90-шы жылдары елде құрылыс салу емес. салынған құрылышты қирату науқаны қызу жүргіп жатқан. Бұл еріне қарады, ері мұны жерге каратпағы. Азамат екен, жарықтық Элиаскар! Шаруаны жолға койды. Әлекен – құрылыс басында. Жобалау, сеп-кисал жүргізу – Қыздарханның қолында. Жұмыстары жүріп берді. Эринс, «ыстық қайрат» сеп болды.

Алайда, Қыздархан апайдың қайраты шарыркка түссер күн алда екен.

2003 жылы Әлекен кенеттен дүние салды. «Азаматым!» деп аныраған Қызықең жер ортасына келгенде жесір калып, жер тоқпақтады. Кездің жасы да сарқылмайды екен. Тағдыры сынағы. Бұл жылады. Онымен кайтыш келген Әлекен жоқ. Жаратқанның жарлығын кайта қарап, озгертекен пенде бар ма?! Қайтадан қайратына мінді. Абай айтқан «ыстық қайрат».

– Кез жасымен құдайды қоркытпайды екенсін. Сілкіндім. Элиаскарым бастап кеткен істі жалғастырайын, ақырына жеткізейін деп жігерлендім. Жастық құшақтап жата берсем, экелері аманаттап



кеткен кос балапанымды кім жеткізеді? – дейді өзі де жанарына жас іркіліп.

Жұмысқа кірісті. Фирма өзіне калған. Тапсырыс алу керсік. Алды. «Тәуекел етіп, тас жүттү». Әлекең кайтқалы бірінші рег құрделі нысан қабылдады. Жана Узинка тұргын аймагына су құбырын тартуга кірісті. Қатты киналды. Әбден Әлекеңе сеніп алған. Шаруаның қызының көліту оңайга ғүскен жок. Ұлы Айдар қемектеседі. Бәрілір Әлиаскардай бола ма?! Әйттеур, жағлайын түсініп. қол ұшын созар азаматтар табылды. Облыстығы құрылыш басқармасының сол көздегі бастығы Казбек Айгжанов пен белгім бастығы Хамиден Жетшісов жұмысындағы кеңір кемешілктерге түсіністікпен қарап, қемектесті. Сол азаматтардың жақсылығын зерттеп пайды. Су құбырын зупіріммен тапсырғалы жүргендे ұлы Айдар жол әпташына ұшырады. Қайтадан қара бұлт үйірле қалды басына. Шырылдады. Шырмауыктай шырман алған шыргалиңды ыстық кайраттың арқасында тағы женип шықе. Арқа сүйер жалғыз ұл Алла жар болып, аман қалды. Бұдан аскан бақыт бар ма ана үши?! Су құбырын да мезгілінде тапсырды. Даныштан Абай айтқан «ыстық кайраттың» арқасында...

Негізі, ер-азаматка гән қайсарлық Қыздархан апайдын бойына апанын ак сүтімсі дарыған-ау Анасы Сейде марқұм сұрапалы согыс жылдарында трактор, комбаниның тізгінін ұстағы. Бәс...

### **Нұрлы ақыл**

Мен Қыздархан апайды танығалы ол кісінің күйгілектеніп күйин-генин, әйс болып артық сез айтқанын көрмеппін. Бәрін ақылға жеңілдіріп, сабырмен салмақтайты. Жән дүниесінде парасаты патшалық күрган.

Әйтпесе, құрылсты еріккениң ермегі деп кім айтты сізге?! Қасілтің жениш жок. Әсіресе, құрылыш саласының. Қазіргі кезде тіптен күрдесеніп кеткен. Бұрын гой. сылак жұмысын арнаулы білімі бар сылақшы, кірпішті талабы зор тас қалаушы атқаратын. Қазір гой, құрылыш алғанына ойдан қашқан, қырдан қашқан, қағылған-соғылғаңдардың каптап кеткені. Бірак, біздің Қызықең олай етпеді. Қызықеңнің парасатын пайымдай билең жақсылар оның мәнайына үйрілді. Жастар үйренеді. Жалпы, әйел заты кез келген дүниеге жеткісалық талғаммын қарайды гой. «Қыздың жиган жүгіндій» деп казак тегін айта ма?!



Тағдыр жолындағы киңіндік пен кедергіні жеңуге сен болған ыстық қайратына жылдар жемісімен кемелденген нұрлы ақылы әрнапаскан Қыздархан апай бүл кәсіппі таудай жауапкершілігін істі бастанған қүн-ак түмсінген болатын. Ең әусім АР алдындағы жауапкершілікпі ойлады. Кейбір құрылымдың фирмалары сиякты сапасыз жұмыспен оңай олжага кенелуді көздемеді. Аладығына арқа сүйеп, қайратын казық етті.

Із, оңай олжа көздел, сапасыз гимарат салуға онын Ары жибермәді. Талай құрылымдың фирмаларын көріп журміз – ескі тақтайда екі шегсмен бекітіп, тапсырган нысанының кесілдік мерзімі аякталғанпіа, фирмадың бонкрот деп жариялап, атын өзгертип, басқа жерде былдырып жүретіп. Ал, Қызықеңін фирмасы құрылған күннен бастан бір атау, бір бағытпен келеді.

– Алаяқтықты пайда көзіне айналдыргандарға ғаңым бар. Біз тапсырган әрбір нысанның артында халықтың игілілігін түр. Ел иғлігінсөлай немікүрайды қарауга болмайды ғой, – дейілі сез арасында Қыздархан Нұрбайқызы.

Ата-бабамыздан қалғап қанатты қагиданың бірінде: «Түсін игілім» тұнцілме» демейтін бс еди?! Қыздархан апайдын иман тогишен жүзі тал бойынан жағымсыз әдетке орын бермеген нағыз гибратты жанның болмысын айқастайды. Сүйсінессин.

Келте ойласак, құрылым деген боктампаз бригадир, дөрекі прорабтар кәсібі деп пайымдар едік. Ай, жүздеген адамды жұмыспен қамтып, небір саулепті гимараттар салып жүргел үлкен кәсіпорынның басшысы Қыздархан апайды ашуланбак гүгіл, қабак шығады дегенге сенгін келмейді. Байсалды қалпынан айнығанын көрмейсін. Ақылға жүгінбей іс бастанған кезі жок. Жайсан жанына ғұмырлық серік болған нұрлы ақылы Қыздархан Нұрбайқызын кәсіби бақытка да, аналық куанышқа да кенелтіп келеді.

Әдемі жымигап зерні көлбестінен жылы жүреқтің шуағын ангарасын...

### Жыныс жүрек

Ең әуелі ол – Ана. Мейірімге бай апа жүрегі айналасына ізгілік нұрын төгіп түр. Қаралайым казақ әйелінің қанағатшыл болмысының көшрмесі іспетті Қыздархан апай. Алла берігін Анары мен Айдары ана үмітін актап, жүректегі мұнын перзент куанышымен атмастырған.



Олардан өрбіген Аружан, Эляна, Әлімхан есімлі немерелерді үлдүш баласы, қыздын баласы деп бөлгөн смес. Жұмыстар шаршал келгенде осылардын балдай тәтті қылыштың жадырап сала береді.

...Поззияны сүйіп оқитын адамнан қатығездік күтүге болмайды, есте. Қыздархан апай да қолы қалтестсе, Қасым жырымен қайраттанып, Мұқагали жырымен мұнын тарқатады. Екеудің де жастанып жатып оқиши.

Өнер мен гүлгө сондай ғашық Өнерге өмір деп, өмірге гүл деп қарайлыш. Ексуда де аялап, жапын салып мәпелеуге уақыт табады. Болмен гүлдерінің күтімі құрылымы салудан күрделі көрінді Қыздархан ашына. Іссапарда жүргешінде немерелерін сағынып, үй мен кеңселегін гүлдерин уайымдайтыны бар. Алайдаң өнерге деген иңәрлігі мен құрметтін еткен жазда Қарқаралы сапарында аңғарған едік Қарамағындағы прораб жігіт Мейрамбек Кент тауының бектерін дүбірге белсө, екі күн бойы ай салған. Таңданып, таңдай қакканбыз.

Өзі де тағдыр сынағын көріп бақсан жан ғой, киналған адам көрсө, жаңын қоярга жер тәппайды. Жан жылуын төгіп, алғы жаның мұқтажысының өз ықпалын жасағанша асыгады. Қашан көрсөн де, каржылай қолдау көрсетеп, адами шалагатын тиғізіп жүргені. Қәспіксерікпен шұғылданғалы облыс аумағында етіп жатқан іріл-ұсақты қайрымдылық шараларынан тыс қалып корген емес. Жемш шашып жетіп дәл мұндай сұнқар-болмысты кейбір ер азаматтардан көре алмай жүргенде, Қыздархан Нұрбайқызының бүя мәрттігіне қалай сүйсінбессін?!

Қәспіорын басшысы бола тұра, Қыздархан алайдаң қарамағындағы әртестеріне деген шипаты – ерекше. Тікелей өз болмысына барлау жасап отырган әнгімеміздің ауанын сенимді серіктеп тұралы пікірge ойыстыра берді. Сенимді серіктеп Жұмабикс Қанбаева, Төлеукеш Ниязованың есімдерін шынайы құрметпен атады.

Міне, мен таныған Қыздархан апай – осындай жан.

«Орталық Қазақстан» газеті, 2012 жыл.

## САРЫАРҚАНЫҢ СЕГІЗ ҚЫРЛЫ СЕРІСІ

Сөз жок, ол – сегіз қырлы сері.

Осы бағаны, осы мақтауды күнде айтып жүргенімізben, жазуға асықпаган екенбіз. Из, Койлыбай Асанов докторлық диссертациясын қорғагалы екі жылға жуыктап калыпты. Сүйиншілгенбіз. Алайда, Койлыбай жайлы комакты дүниес жазудың рег келмеген екен. Өзінен де бар шығар. Мүмкін, қарапайымдылығы болар, кейбір докторлар секілді «менің жаз» деп «Орталықтың» табатадырығын тоздырығап жок. Өзімізден, «Орталықтан» шыққан сон болар, біз де елей коймашыз. Менсінбегеннен емес, «Жүрген сон бауырында күндс көріп, таулардың биіктігі байқалмайды» екен.

Менің де Койлекен туралы жазуға редактордан, Мағаш ағамнан тікелей тапсырма алғаныма біраз болған. Журіп алышын, Жаксы сезімді кимағандықтап емес, өзі сөз ұстагап адам жайлы жазуға киналағандықтап. Койлекеннің өзі де еліп ете коймады. Кең отырып сұрбат құрудың регін көлтіре алмадық. Ақыры, «мен блестін Койлыбайды» жазып шығуга тұра келді. Раc, Койлекеннің болмысын мен де билем, езгелер де жақсы біледі.

Ол – ұлылар мекепті Жақиарқаның тумасы. Ақтауда, Кенесары әскерінің бекінісі болған әйгілі Дарат тауының бауырында туған. Арқаның алтын алқасында болған Ақтау. Ортау. Дарат тауларының тамыры тарихтан шертер сыры көп. Түсінген, ұқсаң жанға, эрине. Койлекен соны үғып, түсініп екен, білем. Табигаты тамылжыған Сымтастан сырбаздықты, Таскоралыдан табандылықты дарытқан бойына. Отаутастай ордалы, Қосағалыдай комакты іс тындырыды бүтінде. Ғылымда да, өнерде де, өмірде де...

Сөз басында сегіз қырлы деп қаядақ қой. Асыра сүлемегеiemіз анық. Санамалап көрейтік сегіз қырын.

### Бірінші қыры – текстілік

Койлекең бойындағы тегеурінді текстілік тұган топырагынан тамыр тартқап. Шет-жагасын әлгінде айтып өттік қой.

Койлекеннің текстілігі сол – ол рулық деңгейдес биңк тұр. Ешқашан руга, жерге болашап, елең іріткі салғаның көрмешін. «Жаманцығым да, жақсылығым да – Алапқа ортақ» дегенді жиі естіміз аузынан. Жампозды корсе, «Алаштың ардағы болатып азамат екен!» деп сүйінгендін

өз басым талай көрдім. Дәл осында жағдайда «Қай жерде, қай рудың баласы скен?» деп көнірсігендер де жүр гой ортамызда.

Жақсыға жолыкты ма, бауыр тұтады. Жақсының үлкеніне – іші, кішісіне – аға.

Сөз күдіретін тану, аталы сөзге тоқтау, ол да – текстілік. Алалдық, аңғалдық, карашайымдылық, кішпейілділік, откірлік, білімділік... Осынын бәрі тектілік ағты құмбезі қок түрсген зәулім сарайды тұргызуға жұмсалған құрылымдары іспетті. Мінс, осы ізгі қасиеттердің бәрін табасын Қойлекениң бойынан.

Асыра мақтап отырған жоқызы...

### Койлыбай – ақын

Өткен ғасырдагы 80-ші жылдардың соны мен 90-шы жылдардың басында, тіпті, жана ғасырдың алғашкы онжылдығында Қойлыбай Асановтың даңқы аспандаған тұрды. Қастерлі айтыс енерінің Шынболат Ділдебаев, Конысбай Эбілов, Балғатын Әлімжанов, Әсельхан Қалыбекова, Эсия Берксинова, Дүйсенбай Жұмасейтов, Ермек Омаров, Мұкаш Сейітказинов сынды майталмандарынан кейінгі орта бұнында орда бұзып, керме үзіш журді. Республикалық, халықаралық айтystарда олжы салды Карагандының ордасына.

Қойлекениң туған жері Ақтау аулында ерен шабысымен ланды шықкан Нәқыпжан есімлі атбекінің «Аққүйрық» атты сәйгүлігі болды. Жылды мінезді халықтың гой, жігіттің жампозын аттың жүйрігіне үқсататын. Қойлекениң қарсылас шақ келтірмеген жүлдышызы сәттеріндегі шабысына сүйсінген жаңаарқалық жаңқүйерлері оны «Ақтаудың Аққүйрығы» атап кеткен.

Әлі есімде, 1990 жылты ақлан айында әйгілі күйші Сайдалы Сары Тоқаның 160 жылдық тойы Жезқазғанда дүбірлеп етті. Облыстық деңгейде ұйымдастырылған айтysқа «Сен Караганды облысының ақынысың» деген жеслеумен Қойлыбай Асановты қатыстырмай та-стады ұйымдастыруышылар. Тура сол жылы күзде күйшін тұган жері Жаңаарқада республикалық айтystың ұйымдастырылып, Қойлекен қатысты-ау, әйтсеуір.

...Жезқазғанда бабамның тойы еткенде,

Кіре алмай, жабығынан сығалағам, – деп, дауылдана топка кірген Қойлыбай ақын сол жолы республикалық айтystың Бас жүлдесін иемденіп кеткен еди.



Казак айтысында өзіндік үні калды Қойлекенниң. Популист болған жок. Әуен құбылтың, мақамына кайырма косып, әлек болғаным көрген жокпзы. Коныр домбыра, коныр үн, коныр шапанмен келген Қойлыбай құбышмай-ақ, айтыс өнерін құпиярта білді.

Жазба поззиядағы ойлы туындылары да оқырман ықыласына бөлсептіп жүр.

### Қойлыбай – шешен

Іа, Қойлекен – қазақ сөз өнерінің жілігін шагып, майын ішкен шешен жігіт. Бұл бағапы мен емес, қазақ гылымының кара нары Тұрсынбек Кәкішов ақсакал берғас.

Төп алдыңда көсіппөз бастағанда көз алдын тұманданып отырады. Жанаға жас іркілетіндей етшін толғайды. Мұдірмейді. Сіз мұлғыл кетушіз мүмкін.

Асабалық та – өнер. Бұл өнердің тізгінін бозбала шағынан ұстаған Қойлыбай арзан әзілге ат шалдырган емес. Рас, күлдірем деп, бүздірші жүрген асабалар көп. «Той – Тәңірлің қазынасы». Осы бір қанатты қағиданы қанына әбден сиңрген Қойлекен әр тойдың тәрбиелік мәніне зор маңыз береді. Балан шағында да сөзді регімен колдана болған Қойлекен әлі күнге сыр берген жок. Теренен толғап, ұлттық өнердің қоусарынан қауға тартқан сары жігіттің шешендігіне ғалайлар бас шайқаган. Жасы елтуді еңсеріп калса да, болдырган жок.

### Қойлыбай – публицист

Оның қауырсын қаламы қазақ баспасозинін аймақтагы кара шанырағы «Орталық Қазақстанда» қанатты қаламға айналған.

Алғашында «Қарағанды жастары» («Замандасты») газегінде еңбек жолын бастаған Қойлыбай Асанов «Орталықта» ой толыстырып, қанатын қатайты. Шындалды. Ойы шымыр, қаламы жүйрік журналистке айналды осы «Орталықта».

Көркемдігі коніл жадыратып, жорғалығы бас шайқататын сөз шайыры «Шипагер» газетінде Бас редактор да болды. Мансап куып емес, мақсат буып барған. Толысқан үстіне толыса түсті. Жорғаның жорғасына, тарпанының тарпанына айналды. Казакстан Журналисттер одағының мүшесі.

Казак сөз өнерінің сөресі Қойлыбай Асановтың «Жылымық жылдар жаңғырығы» атты публицистикалық жинағымен (2004 ж.)



төлжыкты. Ойлы публицистін казак журналистикасына салған олжасы мұнымен шектелген жоқ. Жакындаға «Сөз өнері және журналистика» атты жауһар дүниесі келді өмірге.

Көсемсөз кошіндегі кошсі дүниеслері керуен басын ұлттық журналистиканың ұнжырғасын көтеруге мықтап бұрды. Көслетін шағы...

### **Қойлыбай – ғалым**

1998 жылы ғылымға біржола дең қойып, бет бұрлы Академик Е.Бекетов атындағы Караганды мемлекеттік университетінің журналистика кафедрасына белгілі қаламгер, збылайтапушы, өрслі ұстаз Зарқын Тайшыбайдың шакыртуымен барған.

Іздесінің жолындағы сňбесі ісіз көтпеді.

Жалпы, Қойлыбай бұғынғы білікті белуардан бейнет кешіп жүріп шықкан. Айтыска – асабалықтан, ғылымға – журналистикадан келді. Айтыс пен асабалық – өз алдына, ғылым мен журналистиканың бейнетін айт. Табигатынан «халтуранның» қаламайтын Қойлекен жа жазса да, иемен шұғылданса да, шынайайлыққа шырмалды. Жасырытыны жоқ, Қойлыбайдың үш арнайтесі, мүйізі қарагайдағы үш доктор бірлесіп, полицияның кызметкері туралы макала жазғанына да күэ болғанбыз. Күэ болып қана қоймай, элгілердің сол «шедеврін» әлдебір пәрменді ғұлғалярдың ықпалымен «Орталыққа» жариялағанбыз. Ғылымға журналистикадан келгендейктен болар, Қойлекен ғылымның талабын талғаммен кабылдады. Жанына жақын тақырып тәндады. Каңидаттық, докторлық диссертацияларының мазмұны ғана смес, ете сауатты жазылғаны ғылыми көңестін тәндайтын қактырып, басын шайқағты. Жазу стили калыптасқан журналиске ғылыми стилі менгеру киынга түскен жоқ.

Ғылым жолындағы тынымсыз іздениңі арқасында Қойлыбай Асановтың зердесінен зерленген ғылыми дүниеслер шетел ғалымдарының да қызығушылығын тудырды. Зерттеу макалалары Чехия, Польша, Болгария мемлекеттерінде ғылыми журналдарында ағылшын, орыс тілдерінде басылды. 2011 жылы «Жогары оку орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері атанды. Ғылымдағы, өнердегі еңбекі мемлекет тарағынан жоғары бағаланыш, «ҚР Мәдениет кайрагкері» белгісімен, «ҚР Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалімен марапатталды.



Филология гылымдарының докторы, профессор Қойлыбай Асановтың «Е.Бекстов – публицист» (2005 ж.), «Айтыс өнеринің публистикалық сипаты» (монография) (2010 ж.) атты зерттеу еңбектері мен 100-ге жуық гылыми макалалары отандық гылымның итептегіс айналған. Бұл аз дүние емес. Ең бастысы – Қойлекен «халтурщик» атанған жоқ.

### Қойлыбай – жоқшы

Ол – ұлттық құндылыктардың жоқшысы. Рухани ағасы, белгілі ғалым, «Гасыр адамы» Темірғали Қекетайтегімен біраесіп, Сайдалы Нияз батырдың ерлік істерін дарштеуге және Ақтайлақ шешенниң мұрасын жаңғырту жолында тер ғөгіп жүр. Өткен жылы Осакаров көнтінде Нияз батыр өмірінс қатысты ақтандастарды таразылауга ариалған республикалық гылыми конференция үйінде оған да – осы екеуі.

Ұлттық мәдениетіміздің мәйегіне қалкан, рухани құндылықтарға жоқшы болу әрекегі Қойлексінің айтыстағы бағыты болатын. Әріптестері қағытпа қалжын, арзан әзіл жетегінде сөз саптап отырғанда, бұл сақнаны сайқымазактар алдына айналдырган смес. Тіл, дін, діл мәселелерін теренінен козғап, көрермен қауымға ой салтардай шымыр шумак өрүтө ұмтылатын. Сол бағытынан да де айналған жоқ

Ақтайлақ шешен туралы зерттеулері де – зерделі жанды сергітетін дүниелер.

Ол – Ақтайлақ шешенниң Сары тайлагы.

### Қойлыбай – ұстаз

Шынымен де, ол – табиғи ұстаз.

Өнердес де, гылымда да лайыкты шәкірт баулып жур. Әсірссе, аймагымыздагы қазақ журналистикасы маман талшылығынң бастан кешіріп тұрған шакта Қойлексінің ұстаздығы қадеге жараш-ак тұр.

КарМУ-дің журналистика кафедрасында ұстаздық етпіл жүрген екі кәсіби журналист болса, соның біреуі, ал. жалғыз журналист болса, соның нақ өзі – Қойлыбай.

«Орталықтан» тәжірибеден втуге келген студенттер де растайды бұл сөзімді. Талай жас журналистең естідік:

– Жазуға машықтануымызға көбіне Қойлыбай аға ықпал етеді. Ха-



бар, суреттеме, сұхбаг жазуға тапсырма береді де, катан талап кояды. Бұл – біз үшін өтсі көрек талап, – дігенді.

Ал, Койлекенің айтыс өнеріндегі шәкірттері «Жүрсіліп жүйріктірі» катарында өрелі түрде онер көрсетіп, көмбен шаша көміп жүр.

### **Койлыбай – жомар!**

Койлекене қоныр тірлік тәп. Сонының қарамай, ол – жомарт. Шашып жейтін сұңқар-болмысқа ие. Айтпақшы, жарының есімі де – Коңыр. Койлекен – менің нағашым. Алтайдан тараган Сайдалы бұтағынан. Еркелеймін, калжыңдаймын. Қолыныздығы әлсананы бастағапда Қойлекене телефон шалыш:

– Сіз жайында бір дүние бастап кеттім. Такырыбын «Қоңырлын Койлыбайы» деп койдым, – дедім әзілдеп. Қарқылдан күлді де, жарқылдан үйіне шақырды. Барғым келді. Үнемі барғым келіп жүреді. Қоныр жеңгемнің көл-көсір ластанғаны мен Койлыбайдың кен колтығын аңсаймын да. Шынымен де, Койлекенің үйіне барғанда ауылға барғандай боламыз. Осы Караганды төңірегінде колына қалам ұстаганның Койлекен үйінен дәм татпаганы жок. Жалпы, Койлекене дархандық даладан дарыған. Нагыз әкынға тән қоңыр тірлігін коламтасын үрлеп отырган Қоныры да – Алла тауып қосқан жар.

Кеңдікпен кемелденген танырқатың базары тарқамаса екен!

**«Орталық Қазақстан», 2012 жыл.**

## **БЕКЗАДА БОЛМЫС ИЕСІ**

### **Тоқырауын толқынында**

Дархан даланың көкжергіндегі көрмедей көз тартатын сұлу мекен Ақтогай – бекзадалар бесігі, алыштар мекені. Аксоран бигіне, Қызыларай киясына, Шатырша шатқалына, Тоқырауын жағасына ұлылық үа салған. Иә, Арқадағы ең биік тау Аксоран «Алаш!» деп атқа конған Элихан Бөкісханов, Әлімхан Ермісов. Жақып Ақбаев сынды алыштардың айбарындағы асқақтап. Шатыршадан есken жел Нарманбеттің шабытындағы, Эседтің әннідей эсер қалдырады. Тоқырауын толқынымен үндесіп, сыйбызығыдай сырлы ауен шертіп

тұратын қамыс-құрагының өзі Манаубек шен Күләштің сикырлы үнін құлагыңа жеткізеді. Не керек бәрі бар. Ұлыялықтың нәрі. дүлдүлдердің әні бар... Салқар Сарыарқаның салтанат-сәні де, Арқаның ажары да – осында! Асқақ руҳтың кайнары да, Алаштың айбары да – Ақтөгайда.

...Осындай қасиетті топыракта туган үлдар қалай текті болмасын? Сөз басыпда тілімізге тиек болған ұлылар тізімін жалғандагы дәурені ерте үзілгенімен, дүбірі мәңгіліктің дәуіріне дабыл коскан Дәүтәлі, бүгінгі қазақ жырының актанкері Аксұнқардың Серігі жалғаш тұр. Абзат Бекен... Серік Сагынтай... Тізбектей беруге болады. Бұл тізім – шексіздік.

Осылай тектілер тізімінің жуан ортасында болмаса да, ірілердің ізінде ілескел менің Бекзат досым жур. Сүрлеу сүрлеңбесін деп... Санлақтар сокпағын жарқыратса жаңартып...

...Осыдан тұра қырық жыл бұрын шыр етіп дүниеге келген ұзды абыз алған Тоқырауын сұнына шомылдырган. Қылғы тәтті қызыл шақаны қырқынан шығарарда қырық касық шілде сүнін да ғұнығында касиет бар осы Тоқырауыннан кесіп алған-ды. Тоқырауын толқынындағы екінші, тұнығындағы мөлдір болсын деп ырымдаган. Иә, топшысын Тоқырауын ғұнығына малып, томағасын Шатыршаның киясында сыптырган бала қыран бүгінде қызылбалак қыранға айназды. Бәтуалы елдін батасы, ымыралы елдің ырымы қабыл болды.

...Он алты жасымыздан жұп жазбай келеміз. Қалпына касиет дарып, болмысына бекзадалық бек конғапына козім жетті Бекзаттың.

Бекзат замандастымының Тоқырауындағы толқынды тағдыры Ақсорап мен Шатыршаның киясынан бастау алып, Ұлытаудай ұлттың ұлсына конғалы ширек фасырга жуықтап қалышты. Жезқазғанды жерсінш, еңсөлі сяле ер сініп көткен.

...Жақында Бекзат досым туган жері Актөгайға сапарлап бара жатып, жолшыбай Қарағандыға соқты. Жолығын, әнгімелестік.

– Ауылға бара жатырмын. Тоқырауынға су келді ме екен? – дейді алаң көнімін. Шіркін-ай! Неткен бекзаттық! Неткен гектілік! Туган топырагындағы Тоқырауының арнасын толтырып, кемелденген жеріндегі Қенгірді кемеріне келтіретін пейіл гой – мынау!

### Тағдыр талкысында

Жаратқан ием Бекзатты жорғасында жарылқай салды деуге эстсе болмас. Тарпан тағдырының катқыл кабаган кайсарлығымен жібілкені



болмаса, бұл да жазмыштын талкысына түсіп баккан.

Небары он жасында экесі Комар дүние салды. Шиеттей он үш баланын бар ауыргашылығы анасы Қайынжамалдың тауқыметіне айналды.

...Экесі Комар марқұм ел алдында еңсөл болған, азаматтың абзалағы еді. Қарапайым еңбек адамы бола тұра, топ алдында сез бастайтын пішіндегі, көпке бағыт сілтеген көсемдігі бар болатын. Көзінде – от, сезінде – бәтуа болды. Аңсар қөңілінің арманы аскаралы, түйінде сезінің салмағы батпандай ардақты азамат еді, жарықтық. Қыныр тағдыр қырық жылғанаған ғұмыр берілті.

Қайынжамал шешеміз бір қуанып, бір жылап, бір сүрініп, бір құлап жүріп жеткізді оп үш балаланын. Алланың ерекшесі ықыласы ауган шыгар, бірін-бірі жетелеп жүріп ср жеткен Комардың көздері жетелі шықты. Аналарына камкор болып, ерте ессеиді.

...Бекзаттың да Жезқазғанға келгсін сәті – көз алдында. Терт құбыламыз түгел біздер домбыра асының, серілік юрыш жүргендеге, Бекен облыстық радионың репортерін асының, жұмысқа асырып бара жататын. Біздер сауық қуып, салтанат юрып, сабакқа үлгермей жүрреміз. Ад, Бекзат жұмыс істеп жүрші, сессияны уақытынан бұрын тапсыратын. Қызығамыз. Қызғанған да шығармыз.

Біз ауылдан дорбалап тасып, тыны-тебсенді үystап шашып, артынан ашиқтарақ жүргендеге, Бекен ауыядагы анасына, артыңдагы бауырларына салем-сауқат жөнелтіп жататын. Жасыратыны жоқ, арасында біздің басымызды жазып кояды. Тұнгы сауыктан түнеріп кеткен жүзімізге талай рет кан жүгірткен жарылқаушымыз болды. «Қаясып» отырығанымызда Бекенін төбесі көрінсе, вз төбсіз көкке жеткендей қуанушы сдік.

...Тарпаңдығы шыгар, тағдыры қаша сынға амып, таразыға гартып бақса да, рухы сынып, енсесі еңкіш тартып көрген емес. Қағытта қалжынымен шек-слемізді катырып, қашап көрсөн де, жарқындан жүрген..

Корадағы малын, басындағы бағын емес, лақ түспеген Арын байлық санаган аяулы азаматпен дос болғанымды бақытка балаймын. Қатар жүріп, қаптаңдас есек те, ұстаз санадық каршалайынан тағдыр талкысына түсіп, өрімдей кезінек өмір мектебін көрген қайырымды жілтті.

Аяулы ананың ак сүтінен касиетті не бар мынау дубірлі дүниеде?!



Әлде, сол аданың ақ сүтшін абзал ниетпен актаудың парызы мен карызыны түйсінбей жүрген түйсіксіздер аз ба арамызыда?! Біздің Бекзат экесіз өскен он үштін органшысы бола тұра, арманда кеткен экесин аманатын арқалап, бір әулеттің панағасы бола былды. Қам көңіл анасының арқа сүйер Алматудай арлалына айналды. Бір әулеттің не, Бекзаттың кең пейілі мен жомарт жүргегі бір қауым елдің мұқтажын шешіп отыр.

### Биң мақсағ жолында

Оның табигаты – мансапшыл емес, мақсатшыл.

Студент шағынан итқа мініп, көш бастап жүрді. Бірак, мансап қуғал жок. Алдына «елге қызмет етсем» деген биң мақсағ қана қойған.

... Мамандығы – тарихшы. Алайда, сибек жолын журналистикадан бастаған. Ақтогайдың «Арқа енбеккерінде» катарларғы плаші болып. Жоғарыда айттық, студент шағында облыстық радионың тілшісі болғанын. Облыстық телеарнада, газетте де қызмет етті. Бірнеше респубикалық басылымдардың Жезқазған оніріндегі иеншип гілшісі болды. Қалам сүлтесі қалын оқырманның талғамын таң қыялыш жүрді. Желдей жүйрік. Шабыты шамырканған сэттерінде төгілшіріл олең де жазып жіберетіні бар.

... Иә, Бекен біраз жыл қалам тістелеп, қағазға төлміріп бақты. Аймақ журналистикасында айшықты колтаңбасы қалды.

Қайда жүрсе де, өлемермендік емес, өре танылты. Барынша қанагатшыл бола тұра, мақсатшылдығын де шектеген жок. Ұмтылды. Алға. Ұрымтал сатті пайдаланып емес, жаңалықты төз қабылдап, жаңа істі жедел менгеретін үгымталдығымен.

Ғылымға барды. Тамыры терен, болжамы алуан тарихтын сан қырлы катпарларына үнілі Ғылым кандидаты атанды. Дәл бүтін ғылым докторы, профессор да болып отыратын еді. Артына аланадады. Тек езімен кіндіктес бауырлары ғана емес, Бекзатты елдегі жетімдер тағдыры мен әлеуметтік тұрғыдан әзжуз топтардың түрмисы аланадатты. Оларға кол үшін ғарыға беруге көддей пейіл жетіп тұрғанымс. жас ғалымның болмашы табысы ешкімді де жарылқай алмайтын еді. Осыны түсінген ол бизнеске бет бүрді. Ала дорба арқалап, алып-сатарлықпен емес, білім саласындағы кәсілкерлік замытуға ниет етті. Алғашында Таллықорған зан колледжівін Жезқазғандығы финальында директор болып тәжірибес жинақтаган Бекен кейді өлкесін өркен жаюына аудай жақет мамандар даярлау ісін колға алды. Сойтти

## *Ақ колледім ақиқат атаңында*



де, Жезқазған бизнес жөне көлік колледжінің шаңырағын көгерді. Жеке менишік оку орнына деген сенімде серпін жок кезең еді. Дегенмен, Бекзаттың табандылығы максатына жеткізді. Жана ашылған, заманауи мамандар дауirlайтын жаңашыл бағыттағы оку орнына деген қызығушылық арта бастады. Негізі, мениң Бекзат досымды көреген деуге әбден болатып шығар... Өйткені, ол ашқан колледж тұлекторишиң басым белгі - теміржол мамандары. Осы орайлы бастаманы сынға алғы қөлгресіндер: «Тұйыктагы Жезқазған үшін осынша теміржол мамандары қажет пе?» деп аудыздарын қийышылат жүрген. Колледж алғашкы тұлектерине өмірлік жоңдама бере бастаған жылы ғасыр күрылышы атанған «Жезқазған-Бейне», «Шұбарқел-Арқалық» теміржолдарының қадасы қағылды. Mine, Бекеншің көрегенді!

«Тоқмайлсу – тогышарлық белгісі» деген ұстанымнан айнымалан кәсіпкер жітті қолға алған ісінін аукымын көпейтуі. аймак жастары үшін тын мүмкіндіктерге жол ашуды қолға алды көп үзамай. Колледжден арнаулы орта білім алғып шықкан жас мамандар үшін жогары білім алатын оку орны жоқ. Ол үшін шалғайдығы аймак жастары Карагандыға немесе Алматыға барып окуға тұра келетіп. Бұл істін де орайық келтиріп, Қазақ катынас жолдары университетінің қашыктықтан оқыту орталығын ашты Жезқазғаннан. Бүгінгі гаңда ези – осы орталықтың директоры. Колледжді сенімді серікстесі, филология ғылымдарының кандидаты, КР Педагогика ғылымдары академиясының мүшіе-корреспонденті Светлана Жумкинага тапсырған.

Айтпақшы, кәсіпкер иedigindегі колледжде теміржол мамандарынан басқа, тамак, тігін өнсіркесібі, каржы, құқық саласы және автоколік шаруашылығы саласына қажетті нарықтың нар талабын орындауга қабиетті мамандар даирланады. Аталған мамандықтарда оқытын жастар үшін зертханалық база ретінде «Керуен» мейрамханасы мен қонақ үй кешенің жұмыс істеп тұр. Мұнып бәрі – Бекзат Қомарұлының максатшылдығы мен жаңашылдығы арқасында дүниеге келген бастама. Олар бір жағынан – табыс козі, екінші жағынан – колледж окушылар үшін тәжірибелік орталық. Mine, іскерлік! Mine, максатшылдык!

### Саясат өміріндегі сокпагында

Бекзат Алтынбеков қай салада, кандай қызметтө журсе де, каланың когамдық өмірінен қол узген жок. Қарашы аттай халқының ортасында жүрді. Билгін мінберінде халық сезін сойледі, мұлдың жырлады. Саясат сахнасындағы салмакты пікір, сабырлы ісіне халық – күа. Оның бұл мақсаттағы бағанды бастамалары қалалық мөслихаттың депутаттығына салынған гұста кен тыныс алды. Әкілетті органының мінберінен Бекенін үлттық құндылықтарды дәріштеу тұрғысындағы батыл пікірлері еткір көтеріліп, тәусілсіз когамда өгейлік көріп жүрген тұл, дін мәселесі өтімді жоктаушының откөрлігімен орісін көңейте бағтады.

Негізі, мен білетін Бекзат Комарұлы – мінезге бай азымаг. Үстеллі жұдрырығымен қойып қалып, катулы қебақден катаң талап коя билетін басшының енді біразга дейін жадырап жүргенін көрмейміз деп ойлауының мүмкін Алайда, мұлде олай смес. Ынгайын тауып, өткізе алсаңыз, жақсы бір анекдот айттып берсеңіз болып-ақ жатыр. Карымтага өзі екі анекдот айтады да, отырган ортасын думанга бөлеп жібереді. Аnekdotтыңдағанды да, айтқанды да керемет жақсы көрелі. Ал, біреудің басындағы жайсыздықты немесе қайғаны қабылдауы мүлдем бөлек. Өзгениң басындағы ауырлықты өзінікіндей қабылдарап, соған бола камығып, жанары суланып отырган сөттерине талай мәрте күә болдык. Ұғының көрмесін, мұлде танымайтын адамның кишиншілігін болісіп, қолынан келген көмегін жасап жіберетін мәрттігі – өз алдына.

Мәрттігі демекші, дәл бүгінгі таңда біздің Бекенімен жомарттық жаистырып, берегендігін бәске گігер Атымтай табу қыши-ау... Ел Бекзатты «Арқаның Атымтай» атап кеткесі қашан. Ел аузындағы лайыкты бағаны откен жылдың соңында ел Үкіметі ресми түрдес растап, жолынан жығылып көрмеген жомарт жігіт КР Білім және ғылым министрлігі жариялаған «Білім меценаты – 2012» байқауының күміс медалімен марапатталды. Үкіметтің біздің тегін марапат таратқанын қашан көрдіңзі?!

Бұл жолы да меценат болуға лайықтымын дегендердің элеуметтік салага, білім саласына дамеушілік тұрғысында ғударған қаржысын санауды. Алдына «КазАтомПром» Ұлттық атом компаниясының Басқарма төрағасы Владимир Школьник ссылді бір-екі бизнес алпауытынғана салған Арқаның Атымтай өзге басекелестерін шаң қалтырды. Үкіметтің есебінше, Бекзат Алтынбеков Жезқазған аймагындағы білім



беру саласы мен жетімдер үйнене сонғы бес жылда 116 милюон теңге көлеміндес дәмдеушілік жасапты. Бұл – құжат жүзінде расталғанға. Ал, көшсөс кездесеп, қалтасынаң сұрып бергесі, кітабын шыгарға алмай жүрген біз секілділерте улес піргені қоншама...

Дархандығы далаңдан дарыған үлғайна осылай істей алады.

## **Касиет бар Шолпазың шолпысында**

Ұлттық рухымыздың ұнжырғасы түсіп, жастарымыз үлттық мәдениеттеп ада бола бастаған бүгінгі таңда Бекзат шен оның жары Шолпанның отбасындағы тәрбие мен тал бойындағы имандылықты кімге болса да үлгі етуге болады. Басынан казаки беркі түспейтін Бекзаттың жаһынан шолпысы сыйғырлаған Шолпанды көресіз. Қашеден шолпы таққан екі келиншекті көрсөніз, бірсу – Шолпан, ал, жалғыз ару корсөніз. ол да – Бекзаттың Шолпаны! Иа, біз шолпы таққан кызы-келиншекті көрмегелі қашан.. Шолты мен шашбау мұражай жәдігеріне айналған. Жок, шолпыны көрп жур екенбіз-ау. Сахнада билеген бишилеरяң жасанды бұрымынан. Тагы көргінің келсе, Бекзатпен, Бекзаттың жары Шолпанмен жолытуға асығының. Әйтпесе, бүгінгі жастар шолпы тақлак түглі, сырғаланғай қындығын жағанаштаң, жанарымызды жерден көтертпей жур емес пе?!

Иа. Бекзат Қомарұлы мен Шоялан Ерудайқызының шаңырагы – иманшылық ұлсы. Жүректерінен иман, жүздерінен пүр арылмаган эта-ананың ұлагатты тәрбисімен бой түзеп келе жаткан Қоркем, Ерияз, Гүлсезім есімді балпандары да ұлттық тәрбис нәрімен сусындауда. Ол қасиетті нәр ардақты экениң атамесін – Токырауынан бастау алғып, Кеніңге құйын жатыр.

...Сез түйні – Бекзаттың болмысында бейзадалық, Шолпаниның шолпысында касиет бар.

«Орталық Қазақстан» газеті, 2013 жыл.



## МАЗМУНЫ

I болім. Парасат шашалығында.....	3
Сұнғыла сұхбат.....	4
Еңсслі Елорда – елдіктің тірсі.....	8
Ата Заным – азат елдің айбары.....	11
Ұлы рух женсі.....	15
Біздікі дархандық па, дарақылық па?.....	18
Жастар неге жатырқап жүр?.....	21
Біз тәуелсіз көфамдағы тәуелді баспасөздін жауыны сріміз.....	25
Ел болам десен, эфиринді тұзс.....	31
Секталар ссрғелденең – слдігімізге сын.....	35
Ақсслеу биігіндс Алаштың күйігі бар.....	39
Көзі ксткендердің көнілден өшкені ме?.....	41
II болім. Сыр болісіп ғұғырлы тұлғалармен.....	50
«Қазақ операсымен Италия санаасады».....	51
«Қасым мұрасын ғылыми айналымға түсіру керек.....	60
Гарыш псы намыс.....	64
«Сарыарқада ұлы жыр сарқыты бар».....	73
«Тарихи зан ттесурінді карсылықтан кейін кабылданды.....	77
«Дәүрсн-ай» – Ақаның ез тағдырымын өзектес эн».....	84
«Біз – жарымжан шоу-бизнесін өкіліміз».....	89
«Сот билігінің тәуелсіздігі – көғам сергектігінің қспилі.....	97
«Қалауды тапса – қар жаңады».....	104
«Кенс – әділ биліктің сенимді кепіл».....	111
«Қазпоштаның» тірсі – шалғайдың ауылдар.....	117
Түркі әлемі қасымтануға турен салды.....	121
«Мен дс – ел сиякты Асанәлі ағаны жек көрген көрсменимнің» ....	124
«Арқа әні – казак әншін классикасы» .....	133

III бөлім. Іздерінек ізгілік нұрын танып.....	139
«Караганды ісі» – ғасырдың қанды шенгелі.....	140
Сейдәзім – Алап серкесі.....	148
Қаскендердің касқа жолы.....	157
Шамшырак .....	165
Тұғырлы тұлға.....	174
Ұстаз, ақын өмір азамат.....	179
Даладай – дархан, баладай – аңғал.....	184
Аманат арқалаған азамат.....	189
Сарыарқаның Сарасы .....	194
Ұлы мұрат жолында.....	200
Даланың дархан перзенті.....	204
Ырыс-құғы еселеңген Ескене.....	211
Әке көрген оқ жонар .....	218
Құрыш қолдың құдіреті.....	223
Кайран Жәкем .....	230
Бекзаттық тұнған бойына .....	233
Қайратын қазық еткен қазак қызы.....	238
Сарыарқаның сегіз қырлы серісі.....	244
Бекзата болмыс иесі.....	249

## **Ерсін МҰСАБЕКОВ**

**АҚ СӨЙЛЕДІМ АҚИҚАТ АЛАҢЫНДА  
(публицистикалық ой-голғамдар, сұхбаттар, портреттер)**

**Редакторы Аман ЖАНГОЖИН  
Беттеуші, көркемдеуші Марал ЭЙНЕКОВА  
Корректоры Таншолпан КӘРІБАЕВА**

**Басылған датасы: 13.02.2014 ж. кол қойылды. Пишиң: 60x84 1/16  
Офсеттік қағаз. Шартты б.т. 31.22  
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 4142**

**Дайын электрондық тасымалдаушыдан  
«Tengri Ltd» баспаханасында бөсып шыгарылды.  
Караганды қаласы, Б.Жырау даңғылы, 84 үй.  
тел. 8 (7212) 43-19-54, 99-00-88  
Моб.: 8 (702) 222 30 22, 8 (700) 222 30 22  
e-mail: [tootengri@mail.ru](mailto:tootengri@mail.ru)**



**Ерсін Кәрібайұлы МҰСАБЕКОВ** 1974 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында туған. Журналистика саласында 1999 жылдан бері қызмет етеді. Еңбек жолын Жезқазған қалалық «Дидар» телевизиясында қатардағы редактор болып бастаған. Қазір Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетіндегі Бас редактордың бірінші орынбасары.

Бұған дейін «Топжарған» (2009 ж.) портреттер жинағы, «Бұлт астында сөүле бар» (2011 ж.) жыр жинағы, «Жалын-ғұмыр» (2010 ж.), «Қарсақбайлық қайсар үл» (2012 ж.) деректі хикаяттары жарық көрген. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының лауреаты.